

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті

Тасполатов Бақыт Тоқполатұлы

ҚАЗЫҒҰРТ ТОПОНИМДЕРІ

Монография

Шымкент, 2016 жыл

ӘОЖ 81'373.21

КБЖ 81

T22

М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Ғылыми кеңесінде қаралды және баспаға ұсынылды (Хаттама №8, 02.03.2016 ж.)

Пікір білдірушілер:

- Рысберген Қ.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БЖҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
- Тілеубердиев Б.Т.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, М. Әуезов атындағы ОҚМУ.
- Боранбаев С.Р.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, АӘИУ.

T-22 Тасполатов Б.Т.

«Қазығұрт топонимдері» Монография. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2016 ж., **-168 бет.**

ISBN 978-9965-876-21-9

Монография белгілі бір шектеулі аймақ (регион) топонимиясын зерттеуге арналған. Аймақтық топонимиялық жүйені қалыптастыратын факторлар физикалық, географиялық, этномәдени, тарихи – хронологиялық, экстралингвистикалық факторлар қазақ топонимиясының жаңа, тың бағыттағы зерттеуге жол ашады.

Монография жоғары оқу орындарында арнайы оқытылатын лексикология, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, этнология, ономастика, топонимика пәндері бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда, теориялық курстар мен арнайы семинарларда пайдалануға, сондай-ақ лексикографиялық тәжірибеде қолдануға болады.

ӘОЖ 81'373.21

КБЖ 81

ISBN 978-9965-876-21-9

© Тасполатов Б.Т., 2016
© «Әлем» баспаханасы, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі кезеңдегі тіл білімі ғылымының дамуы антропоцентристік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулермен сипатталады. Антропоцентристік парадигма аясында қарастыру арқылы қазақ халқының антологиялық табиғатын, көп қырлы ерекшеліктерін тануға, дүниетанымын, ғасырлар бойы тайпа жасаған бір аймақта, бір өлкеде қалыптасқан оның әдет-ғұрпының нәтижесін тек қана тілдік, табиғи-географиялық тұрғыдан ғана емес, мифологиялық, идеология, этномәдени тұрғысынан да, флора-фауна тұрғысынан да зерттелгені осы монографияның баста ерекшеліктері болып саналады.

Топонимдердің мәтіні (объектісі), әдетте, әр тұрғыдан қаралуы мүмкін: тұтас бір ұлттың, халықтың топоним жүйесі, сол халықтың бір бөлшегінің топоним жүйесі, белгілі бір диалектісінің (ру, тайпасының т.б.) жүйесі, шектелген жыл мерзіміндегі топоним жүйесі т.т.

Кең-байтақ қазақ даласында мұндай жер-су атаулары көптеп кездеседі. Соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысының топонимдері аймақтың физика-географиялық жағдайы мен ежелгі дәуірлерден бері қарай көне тарихтың құпиясын бойына жинаған күрделі, жүйелі кешен екендігі осы мәселеге байланысты қалам тартқан ғалымдар еңбектерінен белгілі.

Қазығұрт – феномендік атау, адамзаттың алтын бесігі, ұлтымыздың бой тұмары. Бұл атауға бағышталған энциклопедия да осыны дәлелдей түседі. **«Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса, неге қалған!»** деген қазақ арасында кеңінен тараған. Оның себебін – Нұх пайғамбар (ғ.с.) заманында жердің бетін қатпаған топан суға, одан жер жүзіне қайта тараған адам баласы, төрт түлік мал деп қарайды. Бұл – мифологиялық сарын. Монографияның мәтіні – кең-байтақ қазақ жерінің бір ғана ауданы, этникалық жағынан негізінен бір ғана тайпасы (тарихи тұрғыдан – **Қаңлы // Кангуй** тайпасы); бірақ бұл өлке жалпы қазақ халқына белгілі – сол өңірдің тарихи, мәдени, этникалық, әдет-ғұрып, рухани жағынан ең көне деректер шоғырланған аймақ екендігі белгілі.

Автордың бұл еңбегі тіл дамуына өте қажетті, топонимия саласында өз орны бар зерттеулердің біріне жатады. Сондықтан да бұл монографияның жарық көріп, таралуын қызу қолдап құптаймын.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Т.Қайдар

КІРІСПЕ

Қазіргі қазақ тіл білімінде ұлт, тіл, мәдениет арақатынастарының, өзара байланысының жаңаша антропоцентристік парадигмада зерттелуі, ономастикалық материалдарды кешенді түрде, яғни қазақ халқының санасымен, дүниетанымымен, өмір сүрген табиғи ортасымен, ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылығымен т.б. тұрғыда қарастыруға үлкен мүмкіндіктер беріп отыр. Қазақ тіліндегі өте бай ономастикалық қорда, соның ішіндегі географиялық жалқы есімдер жүйесінде қазақ этносына қатысты орасан мол этнотанымдық ақпараттар жинақталған. Осындай мол ақпараттық байлықты антропоцентристік парадигма аясында қарастыру зерттеушілерге қазақ жалқы есімінің онтологиялық табиғатын, көп қырлы ерекшеліктерін тану мен сипаттауға жаңа жол ашады.

Антропоэзектік ұстанымда (бағытта) жүргізілетін лингвистикалық зерттеулердің бір нысаны ретінде қазақ топонимиясының аймақтық (регионалдық) жүйесін қарастыру, белгілі бір шектеулі аймақ жер-су аттарының сол өңірдің этномәдени, рухани тарихымен байланысын зерттеу болып табылады. Аймақтық топонимиялық материалдар сол аймаққа ғана тән лингвотарихи, этномәдени, этнотанымдық тарихына қатысты және сонымен бірге жалпы қазақ топонимиясына тән заңдылықтарды айшықтап, аражігін көрсетіп бере алады.

Қазығұрт тауы, *Қазығұрт* атауы қазақ тілі ономастикалық кеңістігіндегі түркі халқы мәдениетінде айрықша мәнге ие феномендік атау. *Қазығұрт* – адамзаттың алтын бесігі, ұлтымыздың бойтұмары десе болады.

Қазығұрт өңірінің топонимдік жүйесін зерттеудің өзектілігі, біріншіден, оның таулы, қыратты аймақта орналасуымен, осыған байланысты жергілікті топонимиканың қапыптасуында табиғи-географиялық фактор алға тартылады. Жер бедері мен флора, фауна ерекшелігімен айқындалады. Екіншіден, зерттеу өзектілігін арттыра түсетін басты себеп – *Қазығұрт* атауының мифологиялық таным жүйесіне сәйкес ерте заманнан қазақ халқының, жалпы түркі әлемінің рухани құндылықтар (аксиологиялық) жүйесінен мықтап орын алғандығы. Ал әріден алатын болсақ, жер бетін топан су басатын әлемдік аңызбен ұштасып, қазақ жеріндегі адамзат тарихымен ерте кезден сабақтастырып тұрған бірден-бір мәдени дерек.

Аңыздан туындаған тау төңірегінде көптеген ірілі-ұсақты топоним, микротопонимдер, тау, төбе, жота, бұлақ, елді мекен атаулары аңызға, ғажайып әңгімелерге толы. Сондықтан да *Қазығұрт* аймағы ерекше мәдени, феномендік шектеулі территория ретінде микротопонимдік аймақ құрайды. Қазақ ономастикасында микротопонимия мәселесі әлі күнге

арнайы зерттеу нысаны болмағандығын ескерсек, монографияда қазақ микротопонимиясының ғылыми-теориялық мәселесі алғаш рет қарастырылатындығы монография өзектілігін айқындайды.

Монографияда аймақтық топонимдер жиынтығы мен жүйесінде көрініс беретін қазақ елінің әлеуметтік-рухани тарихы, өмір сүру жағдайы, шаруашылығы, дүниетанымы, т.б. мәдени мұра құндылықтары санатына жататындығы жұмыстың өзектілігін айқындай және арттыра түседі.

Монографияның негізгі **мақсаты** – Қазығұрт өңірі топонимиясына этнолингвистикалық сипаттама беру. Осы мақсатты орындау үшін төмендегідей **міндеттер** белгіленеді:

- Қазығұрт өңірі физика-географиялық жағдайының аймақтық топонимиялық жүйеде бейнеленуін анықтау;

- Қазығұрт аймақтық топонимиясының қалыптасуындағы этномәдени факторларға сипаттама беру;

- аймақ топонимиясы қалыптасуының тарихи негіздерін айқындау;

- этникалық дүниетанымның Қазығұрт өңірі топонимдеріндегі көрінісін сипаттау;

- Қазығұрт өлкесі топонимдеріне қатысты аңыз-әпсаналардың этнотанымдық ерекшеліктерін анықтау;

- *Қазығұрт* феномені мен *Қазығұрт* прецеденттік топониміне этнолингвистикалық сипаттама беру.

- Белгілі бір өңір топонимдерінің жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйе ретінде арнайы зерттелініп, этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырылды;

- Қазығұрт өңірінің физика-географиялық жағдайларының аймақтық топонимиялық жүйедегі бейнеленуінің ерекшеліктері анықталды;

- Қазығұрт аймақтық топонимиясының қалыптасуындағы этномәдени экстралингвистикалық факторлардың рөлі айқындалды және оларға сипаттама берілді;

- аймақ топонимиясы қалыптасуының тарихи-хронологиялық негіздері айқындалды;

- этникалық дүниетаным түрлері мен формаларының Қазығұрт өңірі топонимиясындағы көріністері сипатталды;

- Қазығұрт өлкесі топонимдеріне қатысты аңыз-әпсаналардың этнотанымдық ерекшеліктері анықталды;

- *Қазығұрт* феномені мен *Қазығұрт* прецеденттік топониміне этнолингвистикалық талдау жасалынып, сипаттама берілді.

- Аймақтық топонимияны тілдік (топонимиялық) жүйе ретінде қалыптастыратын және алғышарттары болып табылатындар: физика-географиялық, тарихи-хронологиялық және этномәдени факторлар;

- жергілікті табиғат ерекшеліктерінен көрініс беретін аймақ

топонимдері мен микротопонимдері және өңірде орын алған этногенездік, тарихи, әлеуметтік, шаруашылық үрдістер мен құбылыстардың нәтижесінде қалыптасқан географиялық атаулар бірнеше этнотанымдық стратиграфиялық қабаттарды құрайды;

– Қазығұрт өңірі топонимиясының лингвоменталды (этнотанымдық) кеңістігі мифтік (мифологиялық), тарихи-топонимиялық қабаттар негізінде қалыптасқан;

– Қазығұрт өңірі топонимиясының этнотанымдық жүйесін арғықазақ (пратүркілік) мифологиясына тән «тас», «үңгір», «ағаш», «тау» ежелгі наным-сенімдері, ислам дінімен байланысты сопылар мен әулиелер культі және өңір батырлары мен тарихи тұлғаларға қатысты ұғымдар мен түсініктер құрайды.

– аймақтық топонимияның этноменталды ерекшеліктері мен сипатына арқау мен негіз болған тарихи-топонимиялық, жалпы топонимиялық, діни-мифологиялық аңыздар мен әпсаналар;

– *Қазығұрт* феномені қазақ мәдени кеңістігінде рухани эталон, әулиеліктің (киеліктің) бір метафорасы мен символы ретінде танылады; бұл феноменнің және оған қатысты *Қазығұрт* прецеденттік топонимнің мәдени-философиялық, тарихи-танымдық, діни, идеологиялық және аксиологиялық мәні өте жоғары.

Монографияның нәтижелері мен қорытындылары өз деңгейінде қазақ топонимикасы, қазақ ономастика теориясы бойынша жаңа пайымдаулар мен шешімдер жасауға мүмкіншілік береді. Кешенді және пәнаралық тұрғыдан зерттелетін аймақтық топонимиялық материалдармен деректелетін болашақ зерттеу жұмыстарына осы еңбектің кейбір теориялық ұстанымдары мен қисындары белгілі дәрежеде негіз бола алады. Қазақ этнолингвистикасы, ономастикасы, топонимиясы, лингво-географиясына қатысты кейбір теориялық мәселелерді шешуде өз деңгейінде үлес қосады.

1 ҚАЗЫҒҰРТ ӨҢІРІНДЕГІ ТОПОНИМИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ФИЗИКА-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ, ТАРИХИ, ЭТНОМӘДЕНИ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Кез келген аймақтың (аумақтың, регионның, өңірдің, өлкенің) топонимиялық жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан: аймақтың табиғат жағдайларын, сол өлкені мекендеген халықтың көне және жаңа тарихын өн бойында сақтаған, ұлттың материалдық және рухани мәдениеттерінен көрініс бере алатын көптеген жалқы географиялық есімдер жиынтығы, кешені болып келеді. Аймақтық топонимдер кешені немесе жиынтығы белгілі бір топонимиялық жүйе құрайды, себебі топонимдер өзара және тілдегі, тілден тыс (экстралингвистикалық) факторлармен күрделі, диалектикалық қатынастарда болады және сол қатынастар негізінде жүйе ретінде қалыптасады. Басқаша айтқанда, аймақтық топонимиялық жүйенің қалыптасуында қоршаған ортаның физика-географиялық жағдайы, сол өлкені көне замандардан бері мекен еткен халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы т.б. алғышарттары болып табылады.

Аймақтық топонимияның жүйесін және құрылымын қалыптастырған және топонимдердің сипаттары мен ерекшеліктеріне ықпал еткен физика-географиялық, тарихи, этномәдени жағдайларды қарастырудан бұрын *аймақ* (аумақ, регион, өңір, өлке) туралы түсініктерді айқындап алуымыз керек сияқты.

Қазақстан Республикасының тіл саясаты жөніндегі құжаттар жинағында *аймақ* термині жөнінде мынадай түсініктеме берілген: «Аймақ – Республиканың бірнеше елді мекендері енгізілетін, оның мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын Республика аумағының бір бөлігі» [1, 14 б.]. Бұл түсініктен көріп тұрғанымыздай, *аймақ* әкімшілік-аумақтық тұрғыдан түсіндіріледі.

Әлеуметтік лингвистика маманы, ғалым Б.Хасанұлы *аймақ, тілдік аймақ* ұғымдарына мынадай түсінік береді: «*Аймақ* сөзінің мағынасы – *өлке, өңір*. Ғылыми тұрғыдан алғанда, аймақ – елдің табиғи және тарихи қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік, мәдени ерекшелік жиынтығымен дараланатын бөлігі немесе бөліктері. Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан алғанда, *тілдік аймақ (аймақ тілдері)* деген *тілдік жағдаяты* (ситуация), жалпы алғанда, ұқсас болып келген, елдің жақын орналасқан әкімшілік-аумақтық құрылыстағы буындарда (облыс, аудан, ауылдық (селолық-округ) қоғамдық қызмет атақаратын тілдер тобы орналасқан аумақ. Аймақ деген қазақ ұғымында ауданнан көлемді белгілі бір аумақтық-таксономиялық бірлік (единица). (Таксономия гректің *taxis* – орналасу, тәртіп және *nomos* – заң деген сөздері негізінде қалыптасқан). Тілдік аймақ тілдер қолданысымен туындайтын іштей тілдік ахуал ортақтығына

негізделген, мөлшері жағынан ауықымды кеңістік» [2, 35-36 бб.].

Б.Хасанұлы *аймаққа* берген дефинициясында (түсінік-анықтамасында) әлеуметтік лингвистика мүдделеріне қатысты сипаттамалар айтылады. Ал енді шетелдік және Ресей ғылыми әдебиеттерінде аймақ (*регион*) түсінігінің жүзге жуық түрі бар көрінеді. Дегенмен, аймақтың негізгі түрлері, яғни типтері келесі ретте ажыратылады: әкімшілік-аумақтық (территориялық), экономикалық, саяси тілдік, ұлттық т.б. аймақтар (региондар). Аумағы (территория) жағынан аймақтың (регионның) аталған түрлері бір-бірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Мәселен, белгілі бір ұлттық (этникалық) аймақта екі-үш экономикалық аумақтар орналасуы мүмкін немесе қайсыбір географиялық аймақ түрлі ұлттық немесе мемлекеттік аумақты қамтуы ықтимал.

Біз жұмыстың мақсаты мен тақырыбына сәйкес *топонимиялық аймақ* түсінігін зерттеу нысандарының бірі ретінде анықтап алуымыз қажет.

Қазақ топонимикасы ғылымында *топонимиялық аймақ* мәселесіне алғашқылардың бірі болып тоқтаған зерттеуші А.Жартыбаевтың пайымдауынша: «...*этникалық топонимиялық аймақ* дегеніміз – өз физика-географиялық территориясы (шеңбері) бар, өз экономикалық, саяси, этнологиялық, этногенездік, тілдік т.б. белгілерімен ерекшеленетін топонимиялық жүйе. Аймақтық топонимиялық жүйе ұлттық топонимиялық жүйенің құрамдас бөлігі, сонымен қатар өзіндік аймақтық өзгешіліктері бар жүйелік топонимикалық құрылым болып табылады. Топонимиялық аймақтың межелері әкімшілік-экономикалық аумақтық межелерімен сәйкес келмеуі мүмкін, бірақ әкімшілік-экономикалық құрылыстың тарихи, саяси, шаруашылық, этномәдени факторлары аймақтық топонимиялық жүйені сипаттауда назарға алынады. Сонымен қатар жергілікті тіл ерекшеліктерінің де аймаққа қатысы ескерілмек» [3, 10 б.].

А.Жартыбаев белгілі бір *этникалық топонимиялық аймақты* зерттеу нысаны ретінде Орталық Қазақстан өңірі топонимиялық жүйесін алып отыр. Зерттеушінің пікірінше, аймақтық топонимияның қайталанбас өзіндік тілдік келбетін, жүйесін жасауда сол өңірдің тарихи тағдыры, физика-географиялық (ландшафттық) өзгешелігі, көптеген саяси-әлеуметтік, этносаяси және этнографиялық жағдайлары, этногенездік, этногенетикалық байланыстары мен тоғысуларының, шаруашылық және экономикалық факторларының үлкен рөлі мен маңызы бар [3, 5 б.].

Ғалымның осы тұжырымдамасынан көріп отырғанымыздай, аймақтық топонимияның тілдік жүйесін, өзіндік ерекшеліктерін сипаттау және талдау үшін аталған экстралингвистикалық (географиялық, тарихи, саяси, экономикалық, этномәдени т.б.) факторлар аймақ топонимиясын қалыптастырушы алғышарттар ретінде қарастырылуы қажет.

А.Жартыбаев Орталық Қазақстан аймағына Қарағанды облысы, Павлодар облысының Баянауыл ауданы, Семей облысының Абралы ауданы (Қарағанды облысымен шекаралас бөлігі), Ақмола облысының Қорғалжын, Вишневка, Ерейментау аудандарын жатқызады. Зерттеушінің пікірінше: «Аталған өңірлердің рулық, тайпалық, тілдік, экономикалық бірліктерінен басқа да жер рельефіне (жартылай шөлейтті, аласа тау, төбе, қыратты) қатысты жайлары топонимдерден өзіндік орын алып отырған. Себебі, көшпелілердің бүкіл этникалық тарихы, қоғамдық өмірдегі әрекеттілігі ең алдымен табиғи орта мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың біте қайнасқан байланыстары арқылы көрініс береді. Мұндай біртұтастық сезім әрбір қауым мүшесінің бойында мекен-тұрақтың, өмір салттың, тілдің, мінез-құлықтың, дүние-тіршілікті парықтаудың, қандас-тектестіктің біртұтас болуы арқылы жүзеге асады. Бұл жайларда, әрине, сол өңірдегі жердің тілі топонимдерде айқын көрініс береді» [3, 10 б.].

Аймақтық топонимиялық жүйенің тілдік өзіндік келбетін қалыптастыратын қоршаған орта (географиялық фактор), әлеуметтік-экономикалық, этнографиялық, тарихи жағдайларының біртұтастығы облыс көлемінен кіші аймақтар топонимиясынан да өз көрінісін табады және сол кіші (облыстан) шектеулі топожүйесінің экстралингвистикалық алғышарттары болып келеді. Біздің пікірімізше, белгілі бір аудан аумағындағы топонимдер жиынтығы аймақтық топонимиялық жүйесін құра алады, себебі кейбір аудан (барлығы емес) топонимиясы сол алғышарттар мен олардың топонимиялық көріністерінің байланысын аймақтық деңгейде паш етеді. Яғни, аймақтық сипат сол аудан көлеміндегі топонимиялық жүйеге тән, демек, аудан топонимиясы басқа аудандар, басқа өңірлер, өлкелер топонимиясынан өзгеше, өзіндік ерекшеліктерге ие. Әр ауданның – сол бір шектеулі аймақтың дара, өзге өңірлерге ұқсамайтын тарихи тағдыры, физика-географиялық жағдайлары (геологиялық құрылымы, жер бедері, ландшафтық зоналары, гидрографиясы т.б.), өзіндік тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік-экономикалық өмірі болған және де бар. Әрине, республика, облыстар көлеміндегі (территориясындағы) топонимиялық, жүйелерге ортақ физика-географиялық негіздерінің, жалпы ұлттық топонимияның келбетін сомдаған тарихи, этнографиялық факторлардың бар екендігін ешкім жоққа шығара алмайды.

Кіші аймақтық топонимияның тағы бір ерекшелігі – аудан тіпті белгілі бір ауыл әкімшілік (ұжымшар) территориясы көлемінде *микротопонимдік жүйе* құра алатындығы.

Микротопонимдер топонимдердің ерекше бір түрі: жалқы географиялық есімдер ретінде олардың өзіндік өзгешеліктері бар.

Микротопонимдердің басты ерекшелігі ретінде орыс топонимист-ғалымы В.А. Никонов аталған микротопонимдік нысанның ұсақтығын атайды: «...микротопонимы – названия мелких географических объектов» [4, 4 б.].

Микротопонимдердің және де топонимдердің (макро-, мезотопонимдердің) ортақ белгілері мен сипаттары бар. Мәселен, микротопонимдердің топонимдердегі сияқты басты қызметі – локалды түрде географиялық нысанды атайды, кеңістіктегі орнын көрсетеді, ал сөйлесімде (речь) болған (болып жатқан) оқиғаның, эпизодтың «адресі» орнын нұсқайды (меңзейді). Микротопонимдер мен топонимдердің ортақ басты белгілеріне және де: 1) экстралингвистикалық факторлармен байланыстылығы; 2) аталған бір нысанның екі не одан көп географиялық есімі болуы; 3) географиялық жалқы есімдер жүйесінің бірлігі (компоненті) болуы; 4) атауыштық мағынасынан басқа коннотативтік компоненттері болуы.

Алайда микротопонимдерге ғана тән өзіндік ерекшеліктері бар. Орыс микротопонимикасына тән ерекшеліктері мен өзгешеліктері, орыс ғалымдарының пікірінше, төмендегідей: а) микротопонимдердің басым көпшілігі семантикалық уәжділікке ие; ә) микротопонимдер ұзақ уақыт «сақталмайды»; б) морфологиялық және фонетикалық варианттарға, дублеттерге ие; в) сөз тіркестері құрамында жиі қолданатындығы; г) диалект (говормен) байланыстылығы; д) аса көп емес адамдарға (қауымға) мәлімділігі т.б. [5, 18 б.].

Микротопонимдерге тән тағы бір басты өзгешелігі – белгілі бір аса көлемді емес (шектеулі) аймақтың (аудан, ауыл, ауыл іші немесе маңайы) микротопонимдік жүйесінде болуы. Осыған байланысты микротопоним шартты түрде азғана адамдарға мәлім, уәжділігі жергілікті тұрғындарға ғана белгілі және ұсақ нысан (объект) атауы ретінде карталарда белгіленбеген. Микротопонимдердің осындай сипаттары кіші аймақ (аудан) топонимдерге, яғни аудан аймақтық топонимиялық жүйе бірліктеріне тән деп айта аламыз.

Сонымен, аймақтық топонимиялық жүйе ретіндегі географиялық атаулардың қалыптасу үдерісінде (процесінде) және олардың қазіргі тұрақтылығында заңдылық түрінде кездесетін және қайталанып тұратын ерекшеліктер, белгілер, өзгешеліктер кешенді түрде қатысады.

Қазығұрт өңірі физика-географиялық жағдайының аймақтық топонимиялық жүйеде бейнеленуі

Қазығұрт өңірі топонимиясының өзіндік, яғни аймақтық кейпін қалыптастырудағы географиялық фактордың мәні мен маңызы ерекше. «Кез келген аймақтық топонимиялық жүйеде белгілі бір өңірдің географиялық ортасы, физика-географиялық жағдайы заңды түрде аймақ топонимдер жиынтығында (кешенінде) бейнеленеді, өз көрінісін табады.

Жалпы алғанда, географиялық фактордың, ортаның (ал оған табиғи ресурстар, халықтың экономикалық-географиялық жағдайы, табиғи және өндірістік территориялық кешендер мен оның жеке түрлері жатады) қоғамға әсер етуі, қатынасы жан-жақты, көп қызметті және көп қырлы.

Табиғи-географиялық ортаның қоғамға әсер етуі ... жан-жақты, әр саламен қоғамның барлық бөлігін қамтиды – өндіргіш күштер, өндірістік, экономикалық қатынастар, базис саласы, базисті басқарудағы саяси қатынастар, қоғамдық сана бірлігі және жалпы саяси құрылым, қоғамдық сана деңгейіндегі қатынастар және оның формалары, яғни негізгі компоненттер түріндегі құрылымдық салалар» [6, 79 б.].

Қазақтың ата кәсібі көшпелі малшаруашылығы географиялық ортамен тығыз, біртұтас байланыста ғана «өмір сүре» алады, себебі шаруашылықтың бұл түрі өзіндік физика-географиялық, табиғи ерекшелігі бар белгілі бір геоэкологиялық зоналарда ғана болады. Көшпелі малшаруашылығымен айналысқан халық өзі мекен еткен, тіршілік құрған географиялық ортаға бейімделген және сол ортаның табиғи ресурстарын пайдалана білген. Сол себептен белгілі бір өңірдің физика-географиялық жағдайлары заңды және нақты түрде халықтық географиялық терминдерінде, аймақтық топонимдерде бейнеленген, тілдік өз көрінісін берген.

Қазақ халқының географиялық терминологиясын зерттеген, Қазақстанда топонимиканың географиялық ғылым ретінде негізін салған географ-ғалым Ғ.Қонқашбаев былай деп жазған: «Қазақстан жерінің кеңдігінен оның табиғаты да әртүрлі, оңтүстігі құмды ыстық шөлдер болса, солтүстігінде орманды далалар, ал оңтүстік-шығысында бір белдеуде созылып жатқан таулар. Осындай табиғи ерекшеліктер шаруашылықты жүргізу, жерді күтіп баптауға өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Ертеректе қазақтар көшпелі малшаруашылығымен айналысқан, малға жайылым іздеп, жыл бойы бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Шаруашылықтың осы түрімен айналысқан қазақтар территорияның ландшафттық ерекшеліктерін, әсіресе, ең негізгі қажеттілігі – мал жайылымына байланысты табиғи ерекшеліктерді жан-жақты меңгерген» [7, 19 б.].

Сондықтан халықтық географиялық терминдер мен топонимдік атаулар кез келген аумақтың физика-географиялық ерекшеліктерін дәл, айнытпай бере алады. Жалпы географиялық атаулардың жергілікті жер ерекшеліктерін дәл бейнелеген жағдайда өміршең келетінін ғалымдар көрсеткен болатын [8, 20 б.].

Топонимдерде табиғат, қоршаған орта компоненттерінің бейнеленуі аймақтық, яғни жергілікті ерекшеліктерге, географиялық нысандардың шаруашылық маңызына байланысты болады.

Қазығұрт өңірі Оңтүстік Қазақстан облысының таулы аймақтарына жатады, сол себепті тауалды, таулы ландшафтарының физика-географиялық жағдайлары аймақтық топонимдер мен микротопонимдердің бірқатарында өз көрінісін тапқан.

Оңтүстік Қазақстан облысы орталық бөлігінде солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 217 км-ге созылған Қаратаудың аласа және орта биіктіктегі жоталар орналасқан (биік нүктесі Бессаз тауы, 2176 м.). Облыстың оңтүстік-шығыс бөлігін Өгем және Қаржантау таулары алып жатыр.

Қаржантау Келес және Өгем өзендерінің аралығында 85-90 км созылған, ал Қаржантаудың солтүстік-батысқа қарай Қазығұрт тауы (биік нүктесі 1600 м) орналасқан. Қазығұрт солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай шамамен 55 км созылған. Жер бедерінің сипаты және ерекшеліктері Қазығұрт өңірі оронимиясында өзіндік көрінісін тапқан. Қазақ тіліндегі көптеген оронимдер орографиялық терминдер арқылы жасалады. Мәселен, биік орографиялық нысанды атайтын «тау» термині арқылы Қазығұрт аймақтық топонимиясында Әлімтау мен Қаржантау оронимдері құралған.

Қазығұрт аймақтық оронимиясында «төбе» термині арқылы жасалған табиғи нысандардың атаулары кездеседі. Төбе сөзінің мағынасы былай түсіндіріледі: «биіктеу дөң жер» [9, 223 б.], «беткейлері жайпақ, жұмыр» [10, 161 б.], «басы дөңгелек немесе сопақша» [11, 329 б.].

Оңтүстік Қазақстан облысы топонимиясының физика-географиялық астарларын зерттеген географ-ғалым З.Қ. Мырзалиева төбе терминіне қатысты географиялық ақпараттарды береді: «Жер бедерінің оң пішіндеріне қатысы бар 300-ден астам атауды құрамындағы индикатор-терминдер бойынша топтастырғанда, ең үлкен топты «төбе» терминінің қатысуымен жасалған топонимдер (60 атау) құрады. Олардың көпшілігі жазық бөліктегі биіктігі 400 м-ден аспайтын төбелердің немесе тауалды аудандардағы кішігірім таулардың атаулары болып табылады.

«Төбе» термині жазық өңірде қатар орналасқан төбелердің атауларында жиі кездесетіні анықталды. Бұл атауларда төбенің нақты

сипатын айқындай түсу үшін «төбе» терминіне міндетті түрде анықтауыш сөз қосылады» [12, 35 б.].

Қазығұрт өңірі топонимиясында *төбе* термині арқылы жасалған орографиялық нысандар: *Алтынтөбе, Әбдірәсілтөбе, Бекзаттөбе, Жаументөбе, Көктөбе, Қытайтөбе, Төрткүлтөбе* т.б.

Төбе термині арқылы жасалған орографиялық нысандардың физика-географиялық сипаттары аталмыш терминнің алдында тұрған анықтауыш сөздермен көрсетіледі. Мәселен, *Төрткүлтөбе* орониміндегі *төрткүл* термині төбенің (жер бедерінің) нақты көрінісін сипаттайды. Көне түркі тіліндегі *tortkil* («төрт бұрышты») атақты географ-топонимист Э.М.Мурзаевтың сөздігінде былай түсіндірілген: «Шөгінді жыныстардан тұратын, маңындағы негізгі үстірттен немесе қыраттан жекелеген төбе түрінде оқшауланып тұратын тегіс үстел тәрізді қалдық тау жұрнағы» [13, 567 б.]. Жалпы алғанда, төрткүл жер бедері Тұран ойпаты аумағына тән реликт пішін екендігін атап өтуге болады [12, 110 б.].

Қазақ оронимиясында қолданылатын *бел* халықтық географиялық термині Қазығұрт аймақтық топонимиясында «тау жоталарындағы кең асу» мағынасына ие. Алайда кейбір оронимиялық атауларда аталмыш термин аса биік емес орографиялық нысандарды атау үшін де қолданылады. Қазығұрт топонимиясында (оронимиясында) *Беласар, Бел, Көкібел* атаулары кездеседі.

Кейбір халықтық географиялық терминдер жергілікті жер ерекшелігіне қарай семантикалық «ығысуға» ұшырайтындығы дәлелденді [14, 11 б.].

З.Қ. Мырзалиеваның деректеріне сүйенсек: «Қазақ оронимиясындағы *бел* халықтық географиялық термин ретінде оңтүстік өңірде көбінесе «тау жоталарындағы кең асу» мағынасында пайдаланылады. Оған Жамбыл, Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы көптеген асу атаулары (Мұзбел, Көкбел және т.б.) дәлел бола алады. Облыс аумағында біз тіркеген кейбір атаулардың мағынасын нақты географиялық нысанның сипатымен салыстырып көргенде, жоғарыда аталған мағыналық жүктемеге сәйкес келмейтінін байқадық. Қазақстанның солтүстік және шығыс аудандарындағы онша биік емес, созылық келген дөңестердің атауларында *бел* термині жиі кездесетіні белгілі. Біз бұл терминнің кей жағдайда оңтүстік өңірде де осы мағынада қолданылатынын анықтадық. Сырдарияның оң жақ жағалауындағы жазықтық өңірдегі кішігірім төбелер Мұзбел (200 м), Сарыбел (372 м) деп аталады. Айналасындағы кішігірім жазықтардан оқшауланып тұратын, бірақ пішіні айқын ажыратылмайтын бұл нысандардың атаулары оңтүстік өңірге тән, «бел» терминіне мағыналық жүктемесі жағынан тіпті қарама-қайшы келіп тұр» [12, 111 б.].

Аймақтық топонимдердің (әсіресе микротопонимдердің) мағыналық жүктемесі жалпы ұлттық топонимдер семантикасымен кей жағдайда сәйкес келе бермейді. Ондай семантикалық «ығысудың» басты себебі шектеулі аймақ (өңір) жер ерекшеліктеріне байланысты деп айтуымызға болады.

Қазығұрт аймақтық топонимиясында ұшырасатын, жер бедерінің ерекшеліктерін айқындайтын оронимдер құрамында *тас* орографиялық термині де қолданылады. Сондай оронимдер қатарында *Күйеутас, Келіншектас, Түсіктас, Тесіктас, Айнатас, Үйтас, Адам тас, Ата тас, Ана тас, Бесіктас, Емдік тас, Керегетас, Қаратас, Монтайтас, Түйетас, Тұғыртас, Шілде тас* сынды атаулар. Құрамында *тас* термині бар оронимиялық атаулар айрықша көрініп тұратын жеке тастарға немесе қатты жыныстардан тұратын қалдық тауларға, төбелерге қатысты қойылған. *Тас* термині алдындағы анықтауыш сөздер орографиялық нысанның пішінін, түсін айғақтайды немесе ұқсату негізінде қойылады. Осындай оронимдердің кейбір анықтауыш сөздері елеулі этнолингвистикалық ақпараттарға ие. Құрамында *тас* термині бар аймақтық оронимдердің этнолингвистикалық сипаты келесі тараушасында қарастырылады.

Қазығұрт өңірі оронимиясында кездесетін *Ақтас, Қаратас* атаулары орографиялық нысанның табиғи ерекшеліктерін көрсетеді. Белгілі ғалым-түрколог А.Н. Кононовтың мәлімдеуінше, «қара» сөзі түркі тілдеріндегі тұрақты сөз тіркестерінде алты мағынаға ие [15, 159 б.]. Бұл терминнің топонимиялық мағынасы Ғ.Қонқашбаевтың еңбектерінде қарастырылып, ірі, қошқыл түсті қатты жыныстардан тұратын, алыстан қарауытып көрінетін төбе немесе шоқы атауларының құрамында кездесетіні көрсетілген.

Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипатын зерттеген Б.М. Тілеубердиев былай деп жазады: «Бірінші бөлігінде *қара* термині бар Оңтүстік Қазақстан жер-су атауларының семантикасын қарастырудың этнолингвистикалық мәні айрықша. Біздің материалдарымыз тау, тас, су, бұлақ, құм, төбе, дөң т.б. географиялық терминдер жер-су атауларының екінші бөлігі, ол *қара* бірінші бөлігінде келгенде топонимдердің лингвистикалық және географиялық мазмұны өзгеретінін байқатады. Мәселен, топонимдер құрамындағы *қара* екінші бөлігі *төбе, дөң* терминдерімен келгенде шөптесін төбелерді, дөңдерді, үстірттерді білдіреді. Е.Қойшыбаев Қаратөбе дегендегі *қара* «төбенің» (түрік-моңғолша) орнына жүреді, сондықтан Қаратөбе «Төбе-төбе» болады деп санайды. Біздің байқауымызша, *қара* сөзінің түсті білдірмейтін көне мағынасын жер-су атауларының екінші бөлігінде кездескенде ғана сақтайды: Найзақара, Үшқара, Қылышқара және т.б.

немесе күрделенген *-ты* аффиксімен келгенде *қара* сөзі түр-түсті білдірмейді, мысалы, *Қараты*. Бірінші *қара*, екінші *тау*, *тас*, *шоқы* терминдерінен жасалған орографиялық объектілердің атауындағы *қара* олардың «қара» (қаралау) түсті болып келетінін көрсетеді. Қаратау осыдан қара түсті, жартасты, аласарақ тау, сондықтан да жазда қар жамылмайды. Э.М. Мурзаевтың дәлелдеуінше, Оңтүстік Сібірдегі Қаратау қылқанды тайга жамылған қара орман.

Біздіңше, кез келген жағдайда мұндай объектілерге ат қоюдың айқындаушы факторлары осы таулардың баурайларын жауып тұратын тастар немесе ормандардың (қара, қаралау) түстерімен байланысты болады. *Қаратас* сөзбе-сөз алғанда «қара-тас», бұл объектілер тасты жыныстардың құрамында осы объектілерді қаралау (қара) түске «бояйтын» темір бар (әсіресе геолог мамандар) дегенге меңзейді [16, 56-57 бб.].

Сонымен, топонимдердегі *қара* компоненті тек түр-түсті білдіріп қана қоймай, сонымен бірге табиғи нысанның басқа да сипатын көрсетуі мүмкін. Ал енді *Ақтас* орониміне келетін болсақ, геологтардың пікірінше, *Ақтас*, *Ақтасты*, *Ақтау* сияқты оронимдердегі *ақ* осы аталған орографиялық объектілердің құрамында «гипс», «эк», «мәрмәр» т.б. бар екенін көрсетеді [16, 53 б.].

Геолог М.М. Бакенов өзінің «Топонимику на службу геологии» атты мақаласында *эктас*, *гипс*, *ақ мәрмәр*, *монокварцит*, *барит* және *кварц* желілері бар жерлерде *Ақтау*, *Ақшоқы*, *Ақтас*, *Ақбастау*, *Ақкемер* атаулары кездесетінін атап көрсетті [17, 25 б.]. Қатты жынысты (тасты) орографиялық нысандардың пішіні де жанама түрде геологиялық сипаттағы ақпараттық жүктеме бере алатынын М.М. Бакенов атап кеткен. Тау жыныстарының үгілу әрекетінен қалыптасып, ерекшеленетін *Тесіктас* (гранит және құмтастарда), *Қақпатас*, *Қотыртас* (мүжілген жартастас), *Сандықтас* (қарама-қарсы жатқан гранит бөліктері), *Керегетас* – керегеге ұқсас тор тәрізді гранит және *эктастан* тұратын, тік біткейлі кетік жартастас жергілікті жердің геологиялық құрылысы, тау жыныстарының құрамын, пайдалы қазбаларды бейнелейді [17, 29 б.].

Топонимдерде, яғни жалқы географиялық есімдерде қазба байлықтар, тау-кен жыныстарының текстуралық ерекшеліктері жөнінде ақпараттар болатынын геолог-академик Қ.Сәтбаевтың мына пайымдаулары дәлелдейді: «Көктас. Бұл аталған жерде мыс бар деп топшылауға болады»; «Алтынтапқан атауы – алтынның бар екенін аңғартады. Әрине, тегін емес». Ғалымның қойын дәптерінде жазылған осы пікірлерді жариялай отырып, А.Сейдімбеков көреген ғалымның топонимиядан халықтың өмір тәжірибесімен сабақтас сыр іздеп, оны ғылыми шындықпен ұштастыра білгенін баяндайды [18, 179 б.].

Қазығұрт өңірі топонимиясының физика-географиялық астарларын, жағдайларын көрсететін жер-су атаулары баршылық. Солардың бірі – *Аққұм*. *Аққұм* – үлкен, терең сай, аңғар атауы. «Қазығұрт» энциклопедиясында Аққұм жөнінде былай делінген: «Аққұм каньоны. Қазығұрт аймағындағы бірден-бір каньон (Жалпы Оңтүстік Қазақстанда осындай кішігірім каньондар Машатта және Алғабас аудандарында ғана бар). Ол Тұрбат ауылынан 5-6 шақырым солтүстіктен басталып, тауға қарай өрлеп, Таң ауылының етегіне дейін жетеді. Осы аралықта он екі жота бар. Каньон негізінен тасқа айналған ақ құмдардан құралған. Олар адам тістері секілденіп, білеуленіп тұрады. Кей тұстарында сол ақ тастар екі қабатты үйдің көлеміндей болып тұрады. Жергілікті тұрғындар осы ақ құмдарды әк орнына да пайдаланады. Каньонның аты «Аққұм» аталуы осыдан болса керек» [19, 22 б.].

Әдетте *аққұм* халықтық географиялық термин ретінде «өсімдік жамылғысы жоқ, сусыма барқанды құмдарға» қатысты қолданылады [13, 43 б.]. Қазығұрт топонимиясындағы *Аққұм* жоғарыда көрсетілген термин мағынасына сәйкес келмейді, себебі «сусыма барқанды құмды» емес, «тасқа айналған ақ құмдардан құралған» каньонды меңзейді.

Қазығұрт аймақтық топонимиясы негізінен таулы, тауалды ландшафттардың ерекшеліктерін бейнелейді, сол себепті шөлейт және шөл зоналарына тән құмдар және құмды массивтер Қазығұрт топонимиясында жоқтың қасы. Салыстырмалы түрде Қызылқұм (шөл) топонимиясын алып қарасақ: «Қызылқұм топонимдерінің құрамында *құм*, *ұрме*, *қобы* терминдері жиі кездеседі. Тұтас құм басып жатқан шөлдің басым бөлігінде құм атаулары оқшауланып берілмеген. Құм атаулары көбінесе Сырдария аңғарына жақын маңдағы жекелеген құмды массивтерге қатысты алғанда неғұрлым жіктелген сипатқа ие болған. Мұнда *Айымқұм*, *Астарқұм*, *Аққұм*, *Базарқұм*, *Бәйбішеқұм*, *Қарақұм*, *Қоянқұм*, *Төбеқұм* сияқты қоныс атауларын тіркедік. Құмды ландшафттар облыстың Отырар, Шардара аудандарына, Арыс қалалық әкімдігінің аумағына тән. Атаулардағы термин құмдардың сипатын айқындай түсетін анықтауыштармен толыққан. Мұндай атаулар қатарына *Аққұм*, *Маяқұм* (Отырар ауданы), *Жаушықұм*, *Қызылқұм* (Шардара ауданы), *Байырқұм* (Арыс қ.ә.) ауылдарының атауы жатады» [12, 73 б.].

Қазығұрт топонимиясында кен, қазба байлықтарға қатысты атаулар кездеседі: *Көмірлісай*, *Алтынтөбе*, *Алтынтыққан*, *Алтынарық*, *Күмісбұлақ* т.б.

Ежелгі замандардан бері (б.з.д. II мыңжылдықтардан бастап) Орталық Қазақстан (Жезқазған) мен Оңтүстік Қазақстан (таулы аймақтар) өңірлерінде кен, металлургия орындары болған, зергерлік өнер дамыған. Академик Ә.Марғұланның пікірінше, кейбір көне атаулар геологиялық

барлау жұмыстарында қосымша дереккөзі бола алады. Мәселен, *Алтынтөбе, Алтынқазған, Мыңшұқыр, Шұрық, Кентөбе, Кеншоқы, Көктас* сияқты топонимдер бұл өңірде ежелгі кен өндіру ісінің өркендегенінен хабар береді [20, 5 б.].

Қазығұрт өңірі топонимиясында *алтын* сөзімен байланысты *Алтынарық, Алтынтөбе, Алтынтыққан* атаулары бар. Жергілікті тұрғындар осы атаулардың мағынасын, шығу себептерін көне кен орындарымен байланыстырмайды. Кейбір топонимдердің этимологиясы халықтық, яғни жалған болып келеді. Осындай халық танымынан хабардар ететін ақпараттарды «Қазығұрт» энциклопедиясындағы аталмыш топонимдерге арналған мақалалардан да байқауымызға болады. Төменде «Қазығұрт» энциклопедиясынан алынған мақалалар беріледі. «Алтынарық – жерді суландыру жүйесінің аты. Келес пен Ұя су өзендерінің қоспасынан бастау алған. Үшбұлақ, Жұмысшы елді мекендерінен өтіп, Жіңішке елді мекеніне дейін 31 шақырымға созылған арық 400 га жерді суландырған. Егіннен мол өнім алғандықтан, «бұл арық керемет қой» «алтын арық» екен ғой» дегеннен «Алтынарық» деп аталыпты» [19, 12 б.].

«Алтынтөбе – Алтынтөбе ауыл әкімшілігі елді мекен атауы. Әкімшілік орталығынан батысқа қарай бес шақырымдай қашықта Қаржан өзенінің сол жағында орналасқан ел.

«Алтынтөбе» орта мектебі, Байсүгір мешіті және «Бөріш» бұлақ бар» [19, 12 б.].

«Алтынтөбе ауыл әкімшілігі – Қосмола тауының етегінде орналасқан. Батысында Қарабау, түстігінде Тұрбат, теріскейінде Жаңабазар, Көкібел әкімшіліктерімен шектеседі. Теңіз деңгейінен 800-900 м биіктікте жатқандықтан, таулы аймағында қысқы суық 25-27 градусқа дейін жетеді. Аязсыз мерзімі 200 күнге жуық. Жауын-шашын жылына 250-300 мм дейін түседі. Қосмола тауы 2700 метр теңіз деңгейінен биік жатса, айналасы мыңдаған шақырымды алып, Өгем, Тянь-Шань тауларының сілемдері ретінде жалғасып жатыр. Қаржан өзені 49 шақырымға, Шынар өзені 12 шақырымға, Аққұм өзені 35 шақырымға созылып барып Келес өзеніне құяды. Таудың «Көл аталатын сағасында алтын кенінің» жас қоры барын геологтар зерттеу үстінде. Бұрын да алтын тауып алушылар болған деген анық негізінде ауыл «Алтынтөбе» аталады» [19, 13 б.].

«Алтын тыққан – Қақпақ ауылындағы Заңғар тауының қарсы бетіндегі тау үсті үңгір. Үңгірдің іші жалпақ, үлкен тас бар. Аңызға сенсек, осы тастың астына алтын тыққан деседі. Сол үңгір ішімен жүре берсе, Тұрбаттан шығады деп те айтады. Енді бірі Қаңлы мемлекетінің қасиетті кітабын сақтайтын қоймасы болған екен деп те әңгімелейді. Бұл Қытай саяхатшысының жазбасында бар. Түркі әдебиетінің негізін

калаушылардың бірі Атоии еліне қайта оралғанда, қуғыншылардан қашып, осы үңгірге кіріп кетіп, Тұрбаттан бір-ақ шыққан деген жобаны өзбек жазушысы Тураб Төле «Жеті зағара» повесінде айтады» [19, 13 б.].

Қазығұрт өңірі топонимиясының бір топ атаулары (көбінесе оронимдер) аймақтың геологиялық құрылысын бейнелесе, басқа бір топ топонимдер кен, қазба байлықтарға қатысты туындаған деп айтуымызға болады. Кен, қазба байлықтарды меңзеген географиялық атаулар кейде жанама, кейде тура кен немесе қазба байлықтар түрін өз семантикасында көрсетеді. *Алтын* лексикалық компоненті бар топонимдер кен, қазба байлықтар туралы ақпараттар жанама түрінде берілсе, мәселен, *Көмірлі сай* оронимінде мұндай ақпарат тікелей берілген: «Өгемдегі Көкбел өрі басталар жердің сол жағындағы сай. Сайдан биіктеу күнгеі төрінде (600 м) жер бетіне көмір кесектері шығып жатады» [19, 138 б.].

Таулы аймақтар жер бедерінің ерекше көріністерінің бірі – тау шатқалдарының болуы. Әдетте, тау шатқалдары тар болып келеді, яғни олар өткел, есік сипатында кездеседі. Қазақстан топонимиясында тау шатқалдары *Қапшағай* (моңғол тілінен енген), *дар* (*дара*) (иран (тәжік) тілінен енген), *дарбаза* (иран тілінен енген), *қақпа* терминдерімен беріледі.

Қазығұрт аймақтық топонимиясында *Қақпақ* – өзен аты, *Қақпақ* – ауыл аты, *Қақпақ* тас-тау қойнауындағы жер (тас) аты бар. Біздің ойымызша, таудың тар шатқалын меңзейтін *қақпа* термині өзен, ауыл аттарына негіз болған, яғни шатқал аты транстопонимизацияға ұшыраған.

«Қазығұрт» энциклопедиясында көрсетілген деректерге жүгінсек: «Қақпақ – ауыл аты. Сонау ерте заманнан бері адамдар мекендеп, тіршілік етіп келген жер. Қарауылтөбе, Төрткөлтөбе т.б. жерлерде жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған заттар куә. Заңғар тауының етегінде Қақпақ дейтін ел орналасқан. Нақ осы жер тау қойнауына енетін жолдармен даланы таудан бөліп тұратын қақпақ секілді. Сонау бір кездердегі түркі әлеміне байланысты қытай мен араб-парсы авторларының жазбаларында көрсетілген «Темір қақпаның» бірі осы.

Қақпақ атауы туралы дүниеден озған және көзі тірі қариялардың арасында айтылатын екі түрлі нұсқа бар.

1. Қақпақтағы «Базарбай бұлақ» деген жердің тұсында «Қақпақ тас» деген тас бар. Ол жерде қамауда 10 мыңға дейін қара мал ұстауға болады. Осы қақпақ тасқа байланысты еліміз қақпақ аталған дейді көнекөз қариялардың бірқатары.

2. 1723 жылдары жоңғарларға қарсы қазақ елі ес жиып, күш біріктіріп, жауға тойтарыс беру үшін Заңғар тауының бойына топтап тас үйгізеді. Жақсы қаруланған 60-70 қарулы азамат Заңғар тауының ішіне

кіреді. Ол жердің өзі қақпаға ұқсас тарлау қуыс болады. Жаудың негізгі әскері кіріп болды-ау дегенде, таудың төбесінен тастарды домалатып, жаудың көбін қырғынға ұшыратады. Сол себепті бұл ара қақпақ аталып кеткен [19, 201 б.].

Таулы аймақтардың (ландшафттардың) тағы бір көрінісі – үңгірлер. Үңгірлер әдетте тау баурайларында, биіктерінде, шатқалдарында орналасады. Қазығұрт аймақтық топонимиясында төмендегідей үңгір атаулары (спелеонимдер) бар.

Үңгірлер туралы деректер «Қазығұрт» энциклопедиясынан алынған.

Бір ауызды, үш ауызды үңгір – табиғи ескерткіш.

Қазығұрт тауының оңтүстік жағында Келес пен Жүзімдік және Қызылата өзендерінің қосылар саласында, әсіресе Көкібел ауыл әкімшілігіне қарасты Майбұлақ елді мекенінен өтетін Жүзімдік өзенінің бойында, ауылдан 2-3 шақырым жерде бір ауызды, үш ауызды үңгірлер бар. Бір ауызды үңгір бір бөлмеден тұрады, биіктігі үш метр, ені екі жарым метр. Үш ауызды үңгірдің іші үлкен бір бөлмеден тұрады. Үңгірдің биіктігі екі метр, ені бір жарым метр. Үңгірдің ішкі жағында әр метрден кейін үш тесік бар.

Көне көз қариялардың айтуынша, үңгір бұрынғы ата-бабаларымыздың жерасты жолы болған деседі. Олардың айтуына қарағанда, Тұрбат жерасты жолы деп айтылады. Бірақ бұл үңгірлерді кім, қашан ойғанын, қай замандарда болғанын дәл қазіргі күнге дейін ешкім айта алмайды.

Жалтыр үңгір – Шетсу өзенінің бас жағында, Тұрбаттан 15 км қашықтықта. Естемес хан жасағын жасырын сақтау үшін әдейі жасатқан үңгір деседі.

Қазір ол үңгірді жазғы ыстықта малды қамап қою үшін пайдаланады.

Жеті үңгір – ауылдан 42-47 шақырым қашықтықтағы жер атауы. Қабырға сияқты тік жартас. Қатар тұрған жеті тас үңгір. Әрқайсысына ат сияды. Ілгеріде малға жай болған. Шыңы Өзбекстан Республикасымен шектеседі. Үңгіртау – тау атауы. Өгем тауының құзынан асып, ұшар шыңдармен өрмелеп, 10-12 сағат жүретін, Сайрам ауданы мен Қазығұрт ауданының екі арасындағы тау. Ел арасында Битөбе деп те аталады, Өгем қақпасы деп те аталған. Осы төбенің бел ортасында өте үлкен үңгір бар. Батыр бабаларымыз 300 қолмен осы үңгірге тығылып жатып, бейғам келе жатқан қалмақтарды қырып салған деседі. Тыныштық заман орнаған соң, билер төбе басына шығып, алдағы күнге шешім айтады екен. Содан тау Битөбе деп те аталған.

Үңгір термині арқылы құралған спелеонимдер дара бір лексика-семантикалық топ құрайды, демек, Қазығұрт өңірі таулы ландшафттарының ерекшелігін бейнелейді.

Қазығұрт аймақтық топонимиясында аз болса да, «саз» термині арқылы жасалған топонимдер кездеседі: *Тортасаз*, *Сопбексазы* ауыл аттары.

Географтардың зерттеулеріне қарағанда, саздардың екі түрі болады: бірінші тобы көлдер мен өзендер маңында, жалпы ойыс жерлерде артық ылғалдану әсерінен қалыптасса, екінші тобын едәуір биіктікте орналасатын тау саздары құрайды [21, 64 б.]. ХХ ғасырда Шымкент уезінің аумағын зерттеген орыс ғалымдары Қаратаудан бастау алатын көптеген кішігірім өзендердің таудан шығар жерде саздарды құрайтынын атап көрсеткен [22, 46 б.].

Оңтүстік Қазақстан облысы физика-географиялық жағдайының топонимдерде бейнеленуін қарастырған З.Қ. Мырзалиева былай деп жазды: «Облыс аумағында «саз» термині негізінде жасалған 10-нан астам атау тіркелді. Олардың басым көпшілігі Қаратау аумағында шығарылған. Бұл атаулар арасында ойконимдер (Бессаз, Бөрібенсаз, Топшаксаз, Семізсаз, Тышқансаз), оронимдер (Бессаз, Кішібайпақсаз,) және гидронимдер (Дөңгелексаз, Ерменсаз, Бәйменсаз) бар. Қаратаудың биік нүктесінің атауы да саз терминімен байланысты Бессаз деп аталады.

Біз анықтаған саздардың кейбіреулері, шындығында да, салыстырмалы түрде биікте жатыр. Мысалы, Қаратаудағы Бессаз тауының теңіз деңгейінен биіктігі 2176 м, ал Топшаксаз қонысы 2890 м биіктікте орналасқан» [12, 46 б.].

Қазығұрт өңірінде жоғарыда сипатталған саздар түрі кездеседі. Мәселен, «Шарапхана ауылындағы өзеншенің суы аз, ащы, әр жердегі бұлақтардан бастау алады. Бір қызығы, өзен теріс ағады. Тәтті бұлақтың төменгі жағындағы жырадан басталып, ауылдан өтіп, ілгерідегі «Бірлік» колхозының етегінен оңтүстікке бұрылып, топханаға қосылады. Қамысты өзенмен ағып келіп, Шарапхананың етегінен Келес өзеніне құяды. «Талдыбұлақ» өзеншесінің төменгі жағын Майлаш ауылы дейді.

Төменгі ауылдағы әулие маңындағы жотаның етегінен төбесіне дейін ені мен ұзындығы квадрат, сопақша болып терең жарылып жатқан қызыл топырақты жер бар.

Адам басса, құм-құм болып езіліп, аяқ жерге 4-5 см кіріп отырады. Астын қазса, сабын сияқты жабысқақ саз. Жазда жарылып, көктем, күз, қыста езіліп жататын жер. Ел «Борбас» атап кеткен [19, 79 б.].

«Қазығұрт» энциклопедиясынан келтірілген осы сөздік мақаласында *Борбас* атты саздың сипаттамасы берілген. Бір қызығы, облыс аумағындағы сазды жерлерді атағанда саз термині қолданылса, Қазығұрт өңіріндегі бұл және тағы бір сазды *Борбас*, *Үшборбас* деп атаған. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде *борбас//борнас* Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында кездесетін «сор» мағынасындағы

диалект сөзі ретінде көрсетілген: *Біздің жерде борнас* аз кездеседі (Алм., Еңб.каз.) *Борнас жерде су болмайды, қарт адамда әл болмайды* (Халық мақалы). Ал енді Қытай Халық Республикасында сазды, балшықты жерді *борбастаң* деп атайды екен [23, 175 б.].

Аймақтық топонимиялық жүйесінде географиялық ортаның жергілікті ерекшеліктерінен мағлұмат беретін және белгілі бір өңір топонимиясының тілдік сырларын ашатын *борбас (Борбас)* сынды халықтық географиялық терминдер мен топонимдер (микротопонимдер) болып табылады. Осы жайт, әсіресе, аймақтық микротопонимдерге тән. Өйткені көп жағдайда тек микротопонимдер ғана тарихи географияның бізге белгісіз деректерін, баяғыда ұмыт болған жергілікті географиялық терминдерді, сөз жасалудың көне үлгілерін бойында сақтап, осы кезге дейін жеткізеді [24, 5 б.].

Қазығұрт өңірі Оңтүстік Қазақстан облысының таулы аймақтарына жатады, сол себепті таулы ландшафттың физика-географиялық жағдайлары микротопонимдердің бірқатарында өз көрінісін табады. Ландшафт ерекшеліктерінен көрініс беретін топонимдер немесе микротопонимдер құрамындағы географиялық апеллятивтер, әдетте, диалектік семантикасы (мағынасы) аңғарылмайтын немесе жартылай ұмыт болған сөздер болып келеді.

Мәселен, Қазығұрт өңірі микротопонимиясында *аңқи* деген жергілікті географиялық термин кездеседі. Оның семантикалық уәжділігі ұмыт болған, табиғи географиялық негіздері аңғарылмайды, сол себепті бұл термин (осы термин арқылы жасалған топоним) халықтық, яғни жалған этимологияға ұшыраған.

Ала қысырақ аңқи – Рабат ауыл әкімшілігі Аманкелді бөлімшесінде он шақырымдай батысындағы жер атауы. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, бұл микротопонимнің этимологиясы былай түсіндіріледі: «Қатты қыста болған жұтта барлық жылқысынан айырылған бай аңқиып тұрған ала қысыр байталын көрген екен. Сол жер осы уақытқа дейін Ала қысырақ аңқи деп аталады».

«*Аңқи* – Қазығұрт тауынан қырық-қырық бес шақырым қашықта, оңтүстік батыста созылып жатқан кең жайлау. «Аңқиды көрсең, аузың аңқайып тұрып қаласың», деген ел ішінде әңгіме бар. Әсіресе көктем айларында көрікті. Қызғалдағы құлпырып, шырыш, сасыр, құлқайыры жайқалып, көз тартып тұрады» [19, 33 б.]. *Аңқи* атауына берілген бұл этимология, әрине, халықтық, яғни жалған этимология екені айтпаса да түсінікті.

Қазығұрт микротопонимиясында осы терминмен байланысты тағы бір атау кездесті – *Аңқи-Ыза бұлақ*.

Эндемикалық түрде, яғни басқа жерде кездеспейтін жергілікті географиялық терминдер заңды түрде диалект сөздері болып келеді. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде *аңқи* сөзі ұшыраспады. Бірақ, осы сөзбен түбірлес келетін географиялық мағынасы бар *аң* сөзі Сайрам, Қызылқұм аудандарында: 1. «Шұңқыр, жыра жер»; 2. Түлкібас ауданында, «аңыз жер, егіндік жердің орны» мағыналарында қолданылады екен [23, 62 б.].

Аңқи жергілікті халықтық географиялық терминімен тағы бір түбірлес географиялық апеллатив-термин – *аңғар*. *Аңғар* – «жоғарыдан төмен қарай бірыңғай егісті болып келетін жер бедерінің төмен жатқан түрі» [11, 92 б.]; «*Аңғар* – өзен әрекетінен пайда болады және бір жағына қарай еңіс келеді. Оның түбі, беткейі, жайылмасы, ескі жағасы болады» [10, 49 б.]; мектеп оқулығында *аңғар* жайлы мынадай түсініктеме берілген: «параллель орналасқан бірнеше тау жоталарын бөліп тұратын бойлық ойыстар» [25, 62 б.]. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *аңғар* «тау аралығы, сай сала» [26, I, 272 б.].

Сонымен, *аңқи* терминімен түбірлес болып келетін *аң*, *аңғар* сөздерінің ортақ мағынасы мен құраушы семантикалық компоненттері тау аралығындағы аңғарды, сайды, кең шатқалды, тау жайлауын меңзейді (тау жайлаулары, әдетте, тау бөктеріне ұласатын тау етегіндегі немесе тау биігіндегі қыраттармен қоршалған алқаптардағы жайлаулар). *Аңқи* термині және оронимдік атау, міне, осы мағыналарда қолданылған болуы керек деп топшылауға болады. Уақыт өте *аңқи* термині семантикалық редукцияға, десемантизацияға ұшыраған, бұрынғы (бастапқы) мағынасы ұмытылған және де басқа сөзге (*аңқиға*) ұқсатылып, халықтық (жалған) этимологияға ие болған.

Ал енді *Ала қысырақ аңқи* атауының басқа лексикалық компоненттеріне келсек, қысырақ сөзінің мағынасын диалектік *қысыраңыз*, *қысырпая* сөздерінің мағыналарына жақындастыруға болады. Мәселен, *қысыраңыз* деп Шу өңірінде айдалмаған, егін егілмеген жерді атайды, ал *қысырпая* Түлкібас ауданында «бұрын егін салып, тыңдалып тұрған жер» [23, 490 б.]. Ал енді *қысыр* сөзі төлдемеген, бойдақ малды сипаттағанда қолданылатын сөз болса, *қысырақ* деп үйірге жаңа қосылған, әлі құлындамаған жас биені атайды.

Сонымен, *аңқи* таулы жайлауды атайтын термин (топонимі), болатын болса, анықтауыш сөз *қысырақ* сол жайлаудың сипатын, ерекшелігін көрсетуі керек. Демек, *аңқи* жайлау аты *қысырақ* сөзімен тіркескенде «тың», «соны», «малдың тісі тимеген» мағынадағы жайлау аты болғаны (*қысырақ жайлау*). Қазақ тілінде жайлау терминологиясы өте дамыған. Тілші-ғалым Н.Уәлиев жайлаудың мерзімдік түрлері мен орналасу жағдайына қарай түрлерінің бірқатар атауларын көрсетеді: Қанжайлау,

Саржайлау, етек жайлау, бөктер жайлау, тер жайлау, кер жайлау [27, 120 б.]. Ала *қысырақ аңқи* атауындағы бірінші лексикалық компонент *ала* ала-құла түсін немесе «үлкен (кең)» мағынасында қолдануы мүмкін (салыстырыңыз – *Алатау* (үлкен, биік тау)).

Қазығұрт микротопонимиясында *аңқи* терминімен байланысты тағы бір географиялық атау – *Аңқи-Ыза бұлақ*. Аталмыш гидронимдік атаудың екінші сыңары қазақ әдеби тілінде қолданылмайтын, сол себепті баршаға мағынасы мәлім емес, бірақ диалекттерде белгілі халықтық географиялық термин ретінде де қолданылатын сөз.

Диалектолог-ғалым Ш.Бектұровтың Сырдария өңірінен жинақтаған мәліметтері бойынша, *ыза//ызалау* жерді ылғалдау мағынасын көрсетеді. Ыза жердің соры бетіне шығып жатады. Оңтүстік өңірде жергілікті халықтың сөйлеу тілінде «сыз» мағынасында да айтылады [28, 83 б.]. Ал диалектологиялық сөздікте берілген деректерге сүйенсек: «Ызалы (Орал, Чап.; Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) сызды, дымқылды. *Ызалы жер* (Орал, Чап.). *Бұдан басқа да ызалы, сулы жерлерді пайдаланып жатырмыз* («Соц.ауыл», №40, 1941).

Ызалы жер (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.; Шымк.; Арыс) – сулы, шабынды жер. *Жаздыгүні қой малына ызалы жер керек қой* (Қост., Жанг...) *Ызалы жерге ыза соғады* (Шымк., Арыс).

Ыза көтерілу (Шымк., Арыс) – су көтерілу. *Құдықтың суы молайды шамасы ыза көтерілді-ау деймін* (Шымк., Арыс) [23, 762-763 б.].

Рабат ауыл әкімшілігіндегі Аманкелді бөлімшесі аумағында бей-берекет әр жерден шыққан сулардың барлығының жаппай атауы – *Қотырыза*.

Қотырыза бұлақтарының пайда болуы және топтасып (сырт карағанда денеге шыққан қотырлар сияқты), әр жерден су қайнары болып шығуы жерасты сулары жер бетіне өте жақын орналасуына байланысты деп айтуымызға болады. Оңтүстік Қазақстан облысы топонимиясының физика-географиялық астарын зерттеген З.Қ. Мырзалиеваның айтуынша, Сырдарияның оң жақ жағалауындағы Ызакөл орналасқан жерде жерасты сулары өте жақын жатыр: «Ызакөлдің жағалауы батпақты, сыз болып келеді. Көл маңында мал қоралары орналасқан. Олай болса, ылғалды сызды жерге қатысты қолданылатын *ыза* термині лимноним құрамында өзінің жергілікті диалектік мағыналық жүктемесіне сәйкес келіп тұр. Бұл терминнің қатысуымен жасалған атаулар облыс бойынша санаулы ғана. Мысалы, біз осы терминнің негізінде қалыптасқан Ызакөл (Отырар ауд.) Ызақұдық (Сарыағаш ауд.), Ызабұлақ (Қазығұрт ауд.) сияқты атауларды анықтадық. Сонымен, бұл терминнің ареалдық сипаты ландшафт ерекшелігімен түсіндіріледі» [12, 87 б.].

Қазығұрт аймақтық топонимиясында кең тараған географиялық атаулардың түрі – бұлақ аттары. Оның себебі тау бөктерлері мен тауалды жазықтарында табиғи су көздері бұлақтар молынан шоғырланады. Бұлақтардың таралу ареалы ландшафт ерекшелігіне, жердің физика-географиялық жағдайына байланысты болып келеді.

Бұлақ атауларының басым көпшілігі «бұлақ» термині арқылы жасалады, бұл гидрографиялық терминнің алдында тұрған анықтауыш сөз бұлақтың сан түрлі сипаттарын атайды.

Мәселен, Атбұлақ. «Қазығұрт» энциклопедиясында көрсетілгендей: «Қазығұрт тауының оңтүстік шығыс етегінен бастап бұлақ көздерінен қосылып аққан су атты адамды ағызатындай ағысы қатты болған. Сондықтан «Атбұлақ» деп аталған. Атбұлақ ауылында мынадай бұлақ, бастау, жер атаулары кездеседі.

«Ащы-бұлақ» – суының ащылығынан аталған.

«Ақпан» – Ақпан батырдың туған ауылы болғандықтан, батыр атымен аталған.

«Ортабұлақ» – жоғарғы жағынан да, төменгі жағынан да бұлақтарға бай болуына лайық ортадағы бұлақ есебінен «Ортабұлақ» атанған.

«Жербастау» – елді мекенге кіреберістегі жер басынан шығып жатқан үлкен бұлақ көзінің атауы.

«Қауынбайсай» – ертеректегі қауын егілген сай, сол кезде жағалай ел қоныстанған.

«Суықбастау» – тау бауырынан шыққан суы өте суық бұлақтың атауы.

Базарбай бұлақ – Қақпақ ауылынан 3 шақырымдай жерде Базарбайбұлақ ауылы орналасқан. Осыдан 4-5 ғасыр бұрын Базарбай деген шаруа кісі осы жердегі суы таза әрі тұщы бұлақтың басына қоныстанып, егін егіп, бұлақтың етегінен су қоймасын (әуіз) жасаған екен.

Бөріш бұлақ – Алтынтөбе ауылының орта тұсында Қасымқұлов Бөріш деген азаматтың үйінің маңынан қысы-жазы тынбай бірқалыпты су ағып шығатын бұлақ. Суы таза, тұщы.

Сырлы – жер астынан шығатын су. Қазылған құдықтан шыққан құмның әртүрлі сырға (краска) ұқсастығынан «Сырлы», жабайы шыққан, егілген жиделердің көптігінен «Жиделі», ауыл орталығындағы үш бұлақ көзінің болуынан «*Үшбастау*», үлкен-үлкен тастардың бұлақ суынан «*Жамбас*», үлкен-үлкен тастардың шоғырланғандығынан «*Түйетас*», жерасты суларының ащылығынан «*Ащы*», өзен бойындағы тақыр жер «*Ақсай*», үш төбе басындағы топырақтардың үгілмелі түріне қарай «*Үш борбас*» сияқты атаулар кездеседі.

Көзді ата бұлағы – Ақбастау елді мекенінің жанында. Қазір тас копару карьерінің салдарынан суы тартылса да, аз судың өзі көз ауруларына өте ем.

Көктөбе бұлағы. Судың емдік қасиетін біліп, жұрттың оны пайдаланып жүргеніне он шақты жылдың шамасы болды. Көктөбе бұлағының суын лабораторияда химиялық жолмен тексергенде, құрамында натрий, кальций, магний, бор, цинк, фтор, кремний қышқылы бары анықталған. Бұл арадан Ана бұлақ, Ата бұлақ, Бала бұлақ, Қыз бұлақ, Қотыр бұлақ сияқты көптеген емдік су көздері табылған.

Молбұлақ – Молбұлақ суы өте мол болғандықтан, осы күнге дейін аудан орталығының жарты бөлігін, Қазығұрт ауылын ауызсумен камтамасыз етеді.

Сасықбастау – Тұрбаттан 12-13 км-дей қашық, тау баурайында ата-бабалардың жазғы жайлауы. Жазғы шілдеде суы тартылып, сасық иісі шығып тұрғандықтан, сасық бастау аталған».

Қазығұрт өңіріндегі бұлақ, бастау атаулары жергілікті табиғат ерекшелігіне, осы гидрографиялық нысандардың түрлі сипатына қарай әртүрлі мағыналық жүктемеге ие болады.

Бұлақ термині арқылы құралған микрогидронимиялық аймақтық атаулардың біразына қатысты жоғарыда ақпар берілді. Бұлақтар мен бастаулардың түрлі сипаттарын төменде берілген атаулардан да байқауымызға болады: *Алты бұлақ, Ащы бұлақ, Бүлдіргенді бұлақ, Бөрішбұлақ, Басқыбұлақ, Дайрабайбұлақ, Жарбастау, Жылы бұлақ, Жылысу, Жалғызбастау, Жамау бұлағы, Жыландыбұлақ, Ембұлақ, Есбұлақ, Көмешбұлақ, Көздіката бұлағы, Күмісбұлақ, Кезенбұлақ, Көкбұлақ, Кемербастау, Көлбастау, Кекілікбастау, Қарабастау, Қызылбұлақ, Қотырбұлақ, Құндыбұлақ, Маржанбұлақ, Молбұлақ, Майбұлақ, Ортабұлақ, Суықбастау, Сасықбастау, Талдыбұлақ, Тасбастау, Тәттібастау, Тасбұлақ, Терісбұлақ, Ұябұлақ, Үшбастау, Шарбұлақ, Шошқабұлақ, Ызабұлақ* т.б.

Бұлақтар мен бастау атауларының тізімінен көріп отырғанымыздай, Қазығұрт аумағы жөнінде мол географиялық мәліметті сол аймақта орналасқан аталмыш гидрографиялық (микрогидронимиялық) нысан атауларын талдау барысында алуымызға болады. З.Қ. Мырзалиева атап өткендей: «Белгілі бір атаудың өзі жергілікті табиғат ерекшелігіне қарай әртүрлі мағыналық жүктемеге ие болады. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан аумағында Тасбұлақ атауы алты рет тіркеледі. Олардың жазықтарда таралғандарының атауларын негізінен суының жаз кезінде де суық болуымен (қазақ тілінде «тастай суық» тіркесі бар) байланыстыруға болады, ал тау беткейіндегі Тасбұлақтар тасты жыныстарға қатысты қойылған деп пайымдаймыз» [12, 51 б.].

Қазығұрт өңірі топонимиясында сол аймақтағы өсімдік және жануар дүниесі де бейнеленген.

Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында 8 мыңға жуық өсімдік түрлері таралған, олардың 250 түрі эндемиктер болып табылады [29, 16 б.].

«Таулы аудандарда жазықтардан күрт айырмашылық жасайтын өзіндік өсімдік дүниесі қалыптасады. Таулардағы күрделі жер бедеріне, ондағы климат сипаты алуан түрлілігіне байланысты өсімдік жамылғысының түрлік құрамы да жазықтарға қарағанда анағұрлым күрделі болады. Әсіресе, 600 м жоғары жатқан тау белдеулерінде көршілес шөлді жазықтарда мүлде кездеспейтін өсімдік түрлері таралған. Олардың арасында тау шалғындарын құрайтын әртүрлі гүлді өсімдіктер, ксерофильді сирек ормандар мен бұталар, жапырақтары, жеміс ормандары, арша шоқтары бар. Тау өзендерінің бойында терек пен талдың, жеміс ағаштарының сирек кездесетін түрлері таралған» [12, 60 б.].

Қазығұрт өңірін өсімдіктер дүниесінің жеке түрлері ғана аймақтық топонимияда өз көрінісін берген. Оның негізгі себебі: адамның (жергілікті тұрғындардың) шаруашылық әрекеттеріне және күнделікті тұрмысына қатысы, маңызы бар өсімдіктер атаулары ғана жалпы және де аймақтық топонимикада қамтылады. Б.М. Тілеубердиевтің пікірінше: «Қайсібір өсімдік түрінің топонимиядан орын алуына екі жағдай әсер етеді: 1) мал жейтін шөптер аты болуы тиіс; 2) осы физика-географиялық объектіде өсетін өсімдіктердің ішіндегі жиі кездесетінінің аты болуы тиіс» [16,12 б.].

Қазығұрт топонимиясында өсімдік атауларымен байланысты төмендегідей жалқы географиялық есімдер бар: *Алмалы, Бадам, Бүлдіргенді бұлақ, Доланалы сай, Жалғыз долана, Жалғыз тал, Жүзімдік, Көкжаңғақ, Кәтіреңкі әулие, Қауынбайсай, Пиязды, Талдыбұлақ, Қызылтал, Жиделі, Сарыалма* т.б.

XIX ғасырда қазақ жерін аралаған орыс зерттеушісі А.М. Никольский атап өткеніндей, «малшаруашылығымен айналысатын қазақтар үшін өздері мекен еткен жердің флорасы айрықша маңызға ие болғандықтан, олар зоологияға қарағанда ботаниканы тереңірек білген» [30, 93 б.].

Қазығұрт аймақтық топонимиясында осы өңірде өсетін мынадай өсімдік атаулары кездеседі: *бүлдірген, жаңғақ, алма, кәтіреңкі, күріш, терек, жүзім, бадам, пияз, тұт, тал, долана, жиде, ағаш*.

Өсімдіктердің сирек түріне жататын *кәтіреңкі* ағашының атауы *Кәтіреңкі әулие* топониміне негіз болған. «Қазығұрт» энциклопедиясында кәтіреңкі ағашы жөнінде былай делінген: «*Кәтіреңкі* – тасты болып келетін тау бауырларында өсетін алып ағаштардың бір түрі. Бұл ағаш көп кездесе бермейді. Қазығұрттың төбесіне жақын жерлерде көбірек кездеседі. Қазығұрт ауданы көлемінде бұдан басқа Қақпақ пен Тұрбатта

некен-саяқ кездесіп қалады. Сондықтан бұл ағаш түрінің негізгі өсетін жері Қазығұрт деп есептеуге болады» [19, 129 б.].

Тау өзендері мен бұлақтар бойында Қазығұрт өңірінде талдар өседі: *Талдыбұлақ, Жалғыз тал, Қызылтал* т.б.

Жеміс атауларынан құралған аймақтық топонимдер *Жиделі, Жүзімдік, Алмалы, Сарыалма, Бадам, Доланалы, Көкжаңғақ, Жалғыз долана* сынды болып келеді.

Аймақтық топонимияның негізгі ерекшеліктерінің бірі – жергілікті географиялық атауларда ландшафттың, өсімдік жамылғысының, аң, құс және үй жануарларының көрінісі сипаттама алатындығы. Топонимдер құрамындағы аң, жануар, құс атаулары сол өңірде аңдардың кейбір түрлері кең тарағандығын және солардың аңшылық т.б. маңызы болғандығын аңғартады.

Атақты кеңес зоолог-ғалымы А.Н. Формозов: «Қазақстан картасындағы өзен-су және ежелгі мекен атаулары жабайы аңдардың атымен байланысты. Өйткені Қазақстанның ландшафт өмірінде жануарлар әлемі үлкен рөл атқарады» – деп жазған [31, 168 б.] Ғ.Қонқашбаевтың пікірінше, көшпенділердің күн көрісіне жер бедері (рельеф), ауа райы (климат), су (гидрография), өсімдіктер және аңдар үлкен септігін тигізген [32, 85 б.].

Қазығұрт өңірінде Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында тараған кейбір аңдардың түрлері кездеседі; яғни таулы аудандарына тән аң түрлері ұшырасады. «Облыстың жануарлар дүниесін жануарлардың 1400-ге тарта түрі құрайды. Олардың арасында тянь-шаньдық қоңыр аю, жабайы шошқа, түркістан сілеусіні сияқты ірі сүтқоректілер, арқар, тау ешкі, елік, марал, күзен мен борсықтар бар, ал шөлді алқаптарда қарсақ, түлкі, қасқыр, шиебөрі тараған. Таулы аудандарда осы аңдардың атымен байланысты географиялық атаулар тобын анықтадық. Мұның өзі сирек кездесетін ірі жануарлардың мекен ортасын айқындап көрсету мақсатынан туындаған деуге болады. Облыс аумағында құстардың 240 түрі кездеседі. Әсіресе, бүркіт, ителгі, лашын, жамансары тәрізді жыртқыш құстардың, кәсіптік маңызы бар су құстарының таралу аралығын халық ежелден бері топонимдерде белгілеп отырған» [12, 64 б.].

Қазығұрт географиялық атауларының құрамында төмендегідей аң, құс, жәндік аттары кездеседі: *теке, қошқар, киік, айғыр, ит, түйе, қозы, шошқа, құндыз, жылан, доңыз, лашын, кекілік, көбелек* т.б.

Таутеке, жабайы ешкі таралу ареалдарын көрсететін Қазығұрт топонимиясында (оронимиясында) мынадай оронимдер кездесті: *Азартеке, Текесу, Текеқамау, Ешкілі* (Әлімтаудың бұрынғы аты), *Дегерес* (моңғол тілінде «жабайы ешкі»).

Қазығұрт өңірінде *жылан* сөзімен байланысты топонимдер бар: *Жыландыбұлақ, Жыланды, Жылан ордасы*. Құрамында *жылан* сөзі бар

топонимдер аталған географиялық нысандарда жыланның бар екенін аңғартады. Кейбір тауларда немесе терең сайларда жыландардың ордасы да кездеседі. Жергілікті тұрғындар ордалы жерлерді қасиет тұтып, жыландарға тимейді.

Осы наным-сенімдер көне замандағы жылан культімен байланысты көрінеді. Мысалы, жыландыбұлақтың тарихы ордалы жылан күзететін алтын қойманы тонаған хан өлімімен байланыстырады.

Аңыз бойынша, ордалы жыланды өлтіріп, мол қазынаға ие болған ханды бұлақтан су ішіп отырған жерінде бір шұбар жылан шағып өлтіреді де, сол бұлақ «Жыландыбұлақ» атанып кетеді.

Қазығұрт өңірінде кездесетін үй жануарлары атауларына байланысты топонимдерді бір бөлек лексика-семантикалық топқа жатқызуға болады. Олардың құрамында үй жануарларының мына тәрізді атаулары кездеседі: *бие, айғыр, түйе, нар, теке, қозы, қошқар, ит, ешкі* т.б.

Үй жануарлары аттары негізінде қалыптасқан топонимдердің болуын мал түріне қатысты оқиғалармен, ұқсату негізінде қойылған метафоралық аттармен, кейбір жануар түрлерінің таралу аралығымен байланыстырып түсіндіруге болады: *Айғырұшқан* – айғыр құлаған жартас, *Айғыржыққан* – айғырды ағызып кеткен ағыны қатты су. Сол сияқты *Нарқұлаған* (жалғызаяқ жол), *Итөлген* (соқпақ), *Қошқарсойған* (төбе), *Текесу* (су), *Текеқамау* (жер), *Азартеке* (шың), *Қарақозы* (жазық) атаулары да үй жануарлары аттарымен байланысты қойылған жергілікті топонимдер (микротопонимдер).

Қазығұрт топонимиясында құс атауларына байланысты да жер аттары кездеседі: *Кекілікбастау* – су көзі, *Лашынхана* – биік шың, *Бүркітұя* – шың. Бұл атаулар таулы аудандарда (биік тауларда) мекендейтін құс түрлерін және олардың кәсіптік (саятшылық) т.б. маңызын көрсетеді. Ұсақ жәндік аттарынан қойылған микротопонимдер бұл өңірде жоқ деуге болады. Тек *Көбелек* оронимі ғана кездеседі.

Аймақ топонимиясы қалыптасуының тарихи негіздері

Аймақтық топонимиялық жүйенің өзіндік келбетін қалыптастыратын алғышарттар ретінде ықпал ететін сол өңірдің физика-географиялық жағдайларымен қоса сол өлкеде орын алған ел тарихы мен жер тарихының рөлі аймақтық топонимдерді қалыптастырудағы орны өте зор және маңызды.

«Кез келген жалқы есімнің тууы да, қалыптасып дамуы да тарихтың қойнауында өтеді. Халықтың күн көрісіне, оның материалдық және рухани дүниесіне, тіліндегі атаулардың байырлығына немесе басқа тілден ауысып келгендігіне, жалқы есімдердің қалыптасуы мен дамуына әсер

етуші экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларға – бәріне тарих куә. Жалқы есімдерге тарихтың қатынасы – олардың адам өмірімен жан-жақты байланыста болуында. Бұл тек тарихи дамудың алғашқы кезеңінен бастап-ақ, өмірге деген қажеттіліктен туындаған. Сондықтан болса керек, дәуір және адам танымының деңгейі атаулардан көрінеді. Кез келген ономастиканы зерттеу кезінде тарихи сәтті аттап өту мүмкін емес» [33, 39 б.].

Белгілі орыс ономаст-ғалымы А.В. Суперанскаяның пікірінше, әрбір атау тарихи, ал топонимиканы түгелдей тарихтың айнасы деуге болады. Географиялық көне атаулар тарихи ескерткіштер іспетті. Себебі өткен замандардың мұралары ретінде мемлекеттер мен халықтардың тарихының, жер жағдайларының, материалдық және рухани мәдениеттерінің белгілі бір тарихи кезеңдердегі келбетін, қалпын көрсетеді.

Сондықтан топонимдерді диахрондық бағытта зерттеудің маңызы зор [34, 44 б.].

Қазығұрт өңірінің жер бедерінің қалыптасу тарихын ескі және жаңа кезеңде екіге бөліп қарастыруға болады. Олар: ескісі – мезозей-палеоген кезеңі, жаңасы – неоген төрттік (антропоген) кезеңі. «Қазығұрт» энциклопедиясында антропоген кезеңіндегі Қазығұрт өңірі жер бедерінің қалыптасуы былай суреттеледі: «Су айдындары тау бөктерлерін бұзып, жазық жерлердегі су астында үгілген жыныс қабаттарға қалыптаса бастаған. Бұл құбылысты Қазығұрт тауымен өзара байланысып жатқан Ордабасы, Қызылсеңгір, Аңқи, Әлімтау, Қойлық, Маңсар мен Қыңырақ таулы-қыраттары маңындағы ойпаттардан да аңғаруға болады. Неогеннің екінші жартысында бұл алқаптағы сулар толығымен тартылып, бірлі-жарым көлшіктер қалады да, қазіргі таулар мен жазықтардың пайда болу кезеңі басталады. Тянь-Шань массивтері төмендеп, тауаралық ойыстар мен жазықтар пайда болады. Палеозой мен докембрийдің шөгінді, метаморфтық және атпа жыныстарынан түзілген жер қыртысы пенеплендік процеске ұшыраған. Күшті режим бұзылып, қазіргі рельеф пішіні қалыптасқан. Күшті сілкіністер мен тербелістер әсерінен шөлді даладағы сұр топырақ бетін қызыл қоңыр, ал таулы аудандардағы сортаң топырақ қара топырақ жамылғысына ауысқан. Құрлықта тіршілікке қолайлы жағдай туып, тіршілік иелерінің мекен-тұрағына айналады, өлкенің бүгінгі таңдағы көрінісі қалыптасады» [19, 146 б.].

Әрине, сол ықылым замандардағы бастапқы географиялық атаулар мен географиялық терминдердің фономорфологиялық тұлғасын Қазығұрт өңіріне қатысты топонимдері құрамында кездескеннің өзінде дәл келтіру (реконструкциялау) мүмкін емес сияқты. Дегенмен, алғашқы немесе бастапқы географиялық атаулардың сипаты мен көрінісі фоносемантикалық (имитатив) теориясы тұрғысынан түсіндірілуі

ықтимал. Г.Е.Корниловтың болжауынша, алғашқы тіл (тілдер) имитативтік (идефондық) сипатқа ие болған. Идефон және солардан құралған имитативтер аталған нысанның дыбыс бейнелеушісі (дыбыс символикалық) сипатта түрлі ерекшеліктерін өз тұлғасында көрсете білген. Алғашқы (бастапқы) сөздердің осындай қасиеті ностратикалық тілдерде өз көрінісін тапқан.

Қазақ тіліндегі жер бедері атауларын фоносемантикалық тұрғыдан қарастырған зерттеуші Ғ.Ж.Ермекбаевтің пікірінше: «*қара* атауы қосымша анықтауыштармен Қарқара, Қараш-Қараш, Талғар, *Қазығұрт* (белгілен – Б.Т.) оған Қаржантау т.б. қосуға болады), *қара* сияқты топонимдерде сақталынып қалған, жалпы мағынасы «жерден биікте жатқан нысан» болатын **кар* морфемасы мен оның алломорфтарының тұтас жүйесіне енеді. Бұл арада қалпына келтірілген түбірдің, жоғарыда көрінгендей, ата (ностратикалық) тілге қатысты қаралуы оның дыбыстық бейнелеуіштік табиғатын, тиісінше идеофон ретінде бағалану мүмкіндігін жоққа шығармайтынын қайталап айтамыз, өйткені жалпы тіл білімінде, оның ішінде тарихи лексикологияда глоттогенез, яғни оның түбірге қатысты субститут құбылысын сөз ету түрлі тілдік семьяларға ортақ фактілерді анықтау-салыстыруларды (осы арадан оны «ностратикалық күймен» түсіндіру) талап етер еді» [35, 96 б.].

Ал **қар* (*қара*) термині үнді-еуропа, семит, түркі-моңғол т.б. тілдік семьяларда кездесетінін атап кеткен жөн. Осыған орай аталған мәселеге қатысты *қар*, *қара*, *гора (тау)* географиялық жалпы есімдеріне талдау жасаған ғалым Е.Керімбаевтың қорытындысын осында келтіруге болады: «Екі-үш тілде кездесетін ортақ сөздерді алмасу, ауысу процесімен түсіндіруге болар еді, ал енді бір түбірге ие, мағыналас сөз бір-бірімен ғаламат алыста жатқан тілдерден тіптен ауысуы мүмкін емес. Этникалық, мәдени байланысы жоқ халықтарда түбірі бір сөздердің кездесуі осы тілдердің өте ерте заманда бір тілден шыққан, тарағанын дәлелдейді» [36, 21 б.].

Қазығұрт аймақтық топонимиясындағы өте көне географиялық есімдердің бірі – *Өгем* (өзен және тау аты). Тау аты *Өгем* өзені атымен қойылған топонимияда бұл белгілі заңдылық және де *гем (кем)* терминінің ежелгі (көне) мағынасы «өзен» («су») *гем (кем, хем, кам)* гидрографиялық термині тұңғыс-манжұр, финно-угор, үнді-еуропа, моңғол, түркі тілдерінде және Азия, Сібір, Еуропа, Моңғолия, Тува т.б. жерлерде кездеседі [13, 230 б.] Осыған қарағанда, *Өгем* атауы ең көне «ностратикалық» фоносемантикалық (имитативтік) сипаты бар атау болуы мүмкін. Қазығұрт өңірі жер-су аттарына қатысты өте көне тарих парақтары сақталмағанымен, жергілікті халық жадында, танымында өзіндік, тарихи сипаты бар топонимикалық атаулардың бүгінге дейін

жеткен жағдайы бар. Мәселен, осындай деректерді осы өлкенің тұрғыны, шежіреші Зайыр Сәдібекұлы Қаржанидің «Шежіре шеңбері» кітабынан кездестіруге болады: «Геродотқа дейінгі тағы бір әйгілі грек тарихшысы Кіші Азиядан шыққан Милеттік Гекетейдің жазбасы бойынша, Тұрбат қыстағына жақын маңайда б.з.б. V-ғасырда үлкен сақтардың Парикан деген хандығы дәуірлеп тұрған. Оның ордасының тамтығы осы күнге дейін төбе-төбе болып, қалың топырақ астында жатыр. Ол: «Үлкен Ақпарақ, Орта Ақпарақ және Кіші Ақпарақ делінеді», – дейді бір шежіре дерегінде. «Барақ» деген сөздің «Парақ» деп айтыла беруі мүмкін. Қазақтар «мақта» десе, өзбектер «пақта» дейтіндей ғой.

Сол айтылған Тұрбат қыстағына жақын маңайда осы күнге дейін айтылып келген Ақпарақ атты жер (ауыл) бар. Ол Қаржан тауының теріскей, яғни Қазығұрт тауына қараған баурайындағы көрікті және шұрайлы өңір. (Ұлы Отан соғысы жылдары ол аймақта бес колхоздың орталығы Ақпарақ (Ақбарақ) деген ауылдық кеңестің болғанын аға буындағы адамдар осы күнге дейін есінен шығармай келеді – З.С.). «Ақ» деген сөздің шежіре тілінде оңтүстік немесе батыс бағытты білдіретінін ескерсек, бұл айтылған Ақпарақ (Ақбарақ) елді мекендер көне Барақ (ит-Барақ) ұлысының батыс (оңтүстік) бөлегі екенін аңғаруға болады.

Ертеде осы өңірде ежелгі сақ халқының үйсін, қаңлы деген тармақтары мекендеп тұрғанын және қазірде солардың ұрпақтары тұрып жатқанын ешкім жоққа шығара қоймас. Ақбарақ (Ақпарақ) деп айтылуына қарағанда бұл өңірде үйсіндердің оңтүстік (батыс) қанаты, қаңлылардың шығыс (солтүстік) қанаты тұрғанға ұқсайды. Себебі қазіргі қаңлылардың сарықаңлы тармағында Ақпарақ (Ақбарақ) деген ру бар. «Сары» шежіре тілінде солтүстік (шығыс) бағытты білдіретіні белгілі. Ал жоғарыда айтылған үш Ақпарақ та қазіргі үйсіндердің бір бұтағы – Бөгежілі руының ежелден келе жатқан атамекені екені көп дәлелді керек етпес» [37, 79 б.].

Қазығұрт өңірі төрінде өте ерте замандарда сақ дәуірі болып өткен. Тарихшы ғалымдардың пікірінше, б.з.б. VI-II ғасырларда сақ тайпалары осы жерлерді мекен еткен. Е.Қойшыбаевтың болжауынша: «*Келес* сөзі көне топоним, өйткені Келес даласы, тарихшылардың дәлелдеуінше, б.з.б. VI-II ғасырларда сақ тайпаларының мекендеген жері (Г.В.Григорьев). Атаудың *түркі-моңғ.* тілдері негізіндегі *Келе* («тіл») сөзінен шықты деген гипотеза онша дөп келмейді. *Келес* – көне тайпалар тілінде – үлкен кесіртке. Бұл атауды алтайдың *Келес* –келу гидронимімен салыстырыңыз. Сөзбе-сөз мағынасы: «Кесірткелі», «Кесірткелі өзен» мәніндегі атау [38, 127 б.].

Келес өзені жөніндегі көне деректер «Қазығұрт» энциклопедиясында былай етіп келтірілген: «Келес өзені мен оның аңғары көне дәуірден бері хатқа түскен еңбектердің көбінде бар. Тек ол замандарда өзеннің аты

өзгеше аталған. Кейбір кездерде сол атауларды шатастырып алып жүрген жағдайлар да бар. Мысалы, Келес өзенінің көне атының бірі (мүмкін,қытайша атау болуы да мүмкін) Думо секілді. Қытайдың көне тарихи жазбаларындағы «Батыс өлке туралы әңгімелер» (Бейши, 97 тарау) деген бөлігінде мынадай сөздер бар:«Шы.Шы иелігінің (владения) резиденциясы Думо өзенінің оңтүстік жағында 10 ли жерде.Бұл бұрынғы Кангюй жері.».Ал қытайдың «Таншу» деп аталатын тарихының 221-тарауындағы «Батыс өлке туралы әңгімелер» деген бөлігінде мынадай жазулар бар: «Шы,немесе, Кюйша-Гйешуана Думо өзенінің оңтүстігінде жатыр.Темір қақпа деп аталатын тау бар.Шы иелігі бірнеше мың ли жерді алып жатыр. Иелікте 500 қала бар.748 ж.император Шы иелігін Лай-Кэй деп атауға нұсқау берді». Міне, осындағы Думо деп аталған өзенді кейбір ғалымдар Сырдария деп атаса, енді біреулер Қашқадария жазығындағы өзен деп шамалап жүр. Мұның екеуі де дұрыс емес.Шы иелігі сол қытай тарихының айтуының өзі бойынша-ақ Ташкент оазисі «резиденциясы Ташкент қаласының өзі.Тіптен көне орынын іздегеннің өзінде Шахрукия-Шыназ маңы. Ал Сырдария болса Ташкенттің солтүстігі емес оңтүстігінде жатыр. Жазбада айтылған тау да Ташкенттің іргесінде-Өгем мен Шатқал қыраттары. Мұнда «Темір қақпа» деп аталатын орын да бар-қазіргі Қақпақ. Оны Тараз жақтан келіп,Ташкент арқылы Оратөбеге өткен қытай тахуасы Сянь Цзянь жазып кеткен. Және бір көне жазбаларда Думо өзенін кешіп өтіп,Чач (Ташкент) қаласына жетесің деп жазылған.Сонда Думо өзені Ташкенттің солтүстігінде таяқ тастам жерде болып шығады (қытайлардың жазуы бойынша 10 ли). Оның үстіне сол жазуларда «Кіші Шы» деген аймақты айтып,оның Шы аймағына бағынатынын, ал одан арғы жер (тау асқан соң) бұрынғы Тухало жері екенін де осы жазбалар арқылы анық көрсетеді»[19,130 б.].

«Қазығұрт» энциклопедиясында көрсетілген бұл деректердің топшылауында субъективтік сәттері де болуы мүмкін, себебі академик Ә.Қайдар атап көрсеткеніндей: «Ежелгі қытай қолжазбаларының күні бүгінге дейін өз зерттеушілерін тұйыққа тіреп жатқан бір сыры – олардың түркі атауларын көне қытайша беріп, оқылуын қиындатуына байланысты.

Демек, бұл мәселеге өте сақтықпен, ыждаһаттықпен қараған жөн. Одан да қиыны сол атауларға бүгінгі авторлардың өзінше түсініп, өз білгенінше еркін анықтама, түсініктеме беруі, тіпті өзінің бүгінгі ойы мен түсінігін сан ғасыр өтіп кеткен қытай деректеріне тапсырып, сол арқылы жариялау әдеті де байқалып қалады» [39, 81 б.].

Халық танымында сақ дәуірін меңзейтін тағы бір жергілікті атаулар *Ескендір* (Александр Македонский) есімімен байланысты. Қазығұрт аймағында «Ескендір төбесі», «Ескендір көпірі» деген географиялық атаулар бар.

Көне тарихтың деректеріне сүйенсек, «жарты әлемді» жаулап алған Александр Македонский сақ елінен жеңіліспен қайтады. Академик В.Струве «Кавказ бен Орта Азия жөніндегі дерекнамалар» деген кітабында былай жазады: «Александр Македонскийге қарсы соғыста Орта Азия халқының бостандығын сақтап қалған Спитаменнің соңғы жорығы туралы Аррианның әңгімесіндегі оқиға сақтардың Ұлы ордасы орналасқан кең даланың құпия сырын толық ашып береді. Спитамен Соғдианаға жасырын өтіп кетіп, македониялықтарға соққы бергісі келді, ал Спитаменнің шабуылынан сескенген Александр Соғдианада қыстап қалды» [19, 27 б.].

Ал енді жергілікті халықтың Ескендірге (Александр Македонский) байланысты сол кездегі сақ дәуіріне қатысты «тарихи» танымынан хабардар ететін ақпарларды мына жолдардан байқауымызға болады: «Міне, дүниені түгел билесем деген қолбасшының сақ жеріне келіп қайтуының сыры осылай. Ал сол шайқас қай тұста өтті? деген сұраққа жоғарыда айтылған әңгімелердің бәрін жүйелеп көрген зерделі оқырманның өзі-ақ тұжырым жасауына болады. Бұл тұс – Келес өңірі, қасиетті Қазығұрт маңы. Қазығұртты айтқанда, біз барлық оқиғаны сол бір таудың іргесіне апарып тіреп қой деген ойдан аулақпыз, бүкіл Қазығұрт өңірін қоса айтып отырмыз. Осылайша қазақ даласының және бір жойқын апаттан аман қалғанына қасиетті Қазығұрт куә. Осы жерде тағы бір айта кететін жайт, Қазығұрт аймағындағы Ескендірдің (Александр Македонский ғой) атына байланысты айтылатын «Ескендір төбесі», «Ескендір көпірі» сияқты атаумен аталатын орындардың барлығы. Шымған тауының маңында. Ескендір деп аталатын ауыл да бар. Белгілі ғалым, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса білгірлерінің бірі Мекемтас Мырзахметов ағамыздың бір еңбегінде келтірілген Оңтүстік Қазақстан аймағында қыздардың жігіттерді сынағанда айтатын «Ескендір тауға шықтың ба?» деп басталатын жыр үлгілерінің сақталғанын мысалға келтірді. Тереңірек ойланған адамға да бұл да бір тұжырымдардың нышанын еске түсіретін мәселе екені анық» [19, 27 б.].

Қазығұрт өңірі көне замандағы *Кангюй* мемлекетінің аумағында болған.

«Б.з.д. 1 мыңжылдықтың екінші жартысында Қазақстан жерінде бізге беймәлім болып қалып отырған үлкен саяси өзгерістер өткен сыңайлы. Әйтеуір, б.з.д. ғасырға қатысты қытай деректері Оңтүстік Қазақстан жерінде «Кангюй» деген мемлекетінің бар екендігін атап өтеді. Зерттеушілер осы «Кангюй» атауының дұрыс айтылуын «Қаңғар», «Канга-Вар» түрінде береді, сондай-ақ осы Кангюй (Қаңғардың) «авесталық» – «шахнамалық» Кангха-Кандиздерге сабақтас екендігі дәлелденген.

Кангюй-Қаңғар мемлекетінің қытай жазбасы атап көрсеткен б.з.д. II ғасырда лезде пайда болмағаны анық, қытай тыңшысы тек өзінің Батыс өлкеге сапар шеккен уақытындағы бар болмысты ғана қағазға түсірген, яғни біз «қаңғар» атты мемлекеттің б.з.д. IV-III ғасырларда да, тіпті одан бұрынырақ та өмір сүргендігін шамалауға болады» [40, 432 б.].

Кангюй мемлекетінің аумағы өте кең болған көрінеді, ал біз сөз етіп отырған аймақ Кангюй мемлекетінің аумағында болған: «Кангюй мемлекетінің шекарасы, қоныс-өрісі иемденген иелігі мен тараған кеңістігі ғасырлар бойында өзгеріп (кеңейіп, тарылып, жаңарып) отырғаны белгілі. Ескерте кететін бір жағдай, «шекара» деген ұғым бұрын да болған, бірақ ол қазіргідей ала бағана қойып, мемлекеттер аражігін ажыратпаған. Көне замандағы шекараларда шарттылық көп, негізінен жердің таза табиғи болмысына (тау, өзен, су, құм, орман т.б. белгі-нышандарына) қарай белгіленсе керек. Сондықтан да болар, көне қытай деректерінде Кангюйдің жеке мемлекеттік шекарасы деп көбірек қайталанатын аумағына бір жағынан Талас пен Шу өзендерінің жағасына дейінгі, *Қаратау, Алатау, Қазығұрт* тауларының алқаптары мен *Сырдарияның* орта тұсына барып құйылатын *Сайрам, Арыс, Келес, Шыршық* т.б. өзендердің бойлары жатады» [39, 92 б.].

Қаңлы (Кангюй) мемлекетінің жері, қоныс-өрісі жайында қаңлы руының төл перзенті – қаңлылар (Кангюй мемлекеті) туралы 600-беттік іргелі ғылыми, тарихи шежіре жазған көрнекті қазақ тілші-ғалымы, академик Әбдуәли Қайдар: «Қазақта *«Жер – Құдайдікі, оның иесі – сол жерді мекендеуші халық»* деген де сөз бар. Міне, қаңлы тайпасының да көне замандардан бері-ақ иеленіп, «атамекенім» деп санайтын өз жері болды. Кейбір халықтар сияқты белгілі себептермен басқа бір құрлықтан ауып, қонысын өзгертіп, көшіп келген емес, Азия халықтарының этникалық негізі қалыптаса бастаған сонау көне дәуірде-ақ, түркі тайпаларын ортақ Алтын ұясы саналған Алтай өңірінен қаңлы қауымының да алғаш келіп мекендеген жері – осы Сыр бойы мен Қаратау алқабы. Олар – осы өлкенің топырағын басып, суын ішіп, ауасын жұтып, өз алдына «қаңлы» атты тайпа болып қалыптасқан байырғы ел. Ғылым тілімен айтсақ, қаңлы – осы өлкенің автохтондары, абorigендері. Сондықтан да біз «қаңлы қауымының атамекені деп, ұзақ дәуірлер бойы өсіп-өніп, өркені жайылып, ұрпағы тараған Оңтүстік өлкені ғана айтып отырмыз. Соның өзінде де бұл территорияның өте кең ауқымды болғанын көреміз» [39, 163 б.], – деп нақтылап айтады.

Қазығұрт өлкесі – көне қаңлы тайпаларының байырғы мекендерінің бірі, бүгінде қаңлылардың жиі отыратын жерлері. Оңтүстік Қазақстан облысы қаңлыларының мекен-жайлары жөнінде (бұл деректерді көп жылдар партия-кеңес қызметін атқарған Н.Әжіметов берген) «Қаңлы»

кітабында былай делінген: «Шұқырбекет – қазіргі Қазығұрт елді мекені, Қазығұрт ауданының орталығы. Мұнда ерте заманнан қаңлының Еңке атасының 700 үйдей ұрпақтары тұрады (осы атаның қалғандары Келес ауданының Абай кеңшарында, Шелек ауданында (Алматы обл.), Бостандық, Жоғарғы Шыршық (Таш.обл.) аудандарының «Паргоз», «Табақсай», «Жаңабазар» (Бесбала әулеті) елді мекендерінде тұрады. Олардың бұрынғы кездегі қыстаулары Молабұлақ, Қызылбұлақ, Кезеңбұлақ, Қарабұлақ; жайлаулары «Алатөлген», «Тамшытас», «Төбекұдық», «Жанжалқұдық», «Терісбұлақ», ал жаз жайлаулары: «Қосмола», «Өгем» таулары. Егін егіп, оны жайлап, күзем алатын жерлерді Келес бойында болған.

Сонымен қатар осы ауданның Тұрбат, Шарбұлақ, Қызылтаң (Қақпақ), Қызылқия, Өгем елді мекендерінде қаңлының ерезен, танта, қараманас, құмырсқа, омыртқа, миям аталары тұрақтаған. Негізінен егіс, бау-бақша, төрт түлік малшаруашылығымен айналысады.

Екі Келес өзенінің бойы – ертеден-ақ қаңлылардың ата қонысы. Мұнда Сарыағаш, Келес аудандары орналасқан; қаңлының еңке, тоғызбай, қараманас, алпыс, құмырсқа, миям, омыртқа аталары тұрады. Бұлар негізінен мақта, бау-бақша, жүзім егіншілігімен, төрт түлік мал өсірумен айналысады.

Бұл үш ауданда қаңлылармен қатар дулат, сіргелі, шанышқылы, суан, албан, арғын, қоңырат, найман, алшын, рамадан және қожалар мекендеген.

Сулы Келес өзені Қазығұрт, Қаржан, Қосмола тауларынан бастау алып, Қазығұрт, Сарыағаш, Келес аудандарының шаруашылықтарын суландырып, Сырға құяды. Құр-Келес өзені шөлді жерлерден бастау алып, ол да Сырға қосылады.

Асанқайғы бабамыз екі Келестің көк майса жерлерін көріп: «Әттең-ай, желмаяның сауырына сыймайсың-ау, әйтпесе Сарыарқаға алып кетер едім», – деп армандап кеткен екен деген ел аузында аңыз бар.

Өгем өзенінің бойында да қаңлылар тұрады, онда қаспан атасы мен біраз шанышқылылар бар. Бұл өзен басын Алатаудың ең биік асуындағы (солтүстік мұқит деңгейінде) жыл бойы ерімейтін мұз айдынының (ұзындығы 65-70, ені 40-45 м) Оңтүстік шығысынан алып, Шыршық өзені арқылы Сырға құяды.

Өгем өзенінің шығыс жағында биік қияларда «Жалғыз арша», «Жосалы» деген жерлер бар, ал «Азартеке» шатқалдарының оң жағындағы көк қияда Мақпал көлі бар. Ел аузында: «сол жерде бір байдың Мақпал бике деген қызы болыпты, сол қыздың атының ер-тоқымы көлге түсіп кетеді де, Өгем өзенінен шыққан көрінеді. Бұл көл соған байланысты қыз атымен аталған екен дейді. Ал солтүстік-батыс жағындағы тау

беткейіндегі «Ұлы жұрт», «Кіші жұрт» жерлерінде пайда болған бұлақтардың сулары Сусінгенге сіңіп кетіп, ол да жерасты арқылы Өгемнен шығады. Кейбір аңыздарда «Сусінгеннің суы Шымкент қаласының жанынан қайнап шығып, Қошқарата өзені пайда болып, қаланы суландырып, Арыс өзені арқылы Сырға құяды», – делінеді. Арыс өзені бойында да қаңлылар өмір сүреді» [39, 185 б.].

Қаңлының көне жұрты мекен еткен сонау Кангюй заманынан бері келе жатқан ежелгі жер-су атаулары Қазығұрт аймақтық топонимиясында да бар екені даусыз мәселе.

Кангюй мемлекеті дәуірінде орын алған қаңлылардың әдет-ғұрыптары, дәстүрлері болған көрінеді, солардың кейбір көріністері топонимдерде де сыр беріп қалады. «Қазақ халқының, демек көне, ру-тайпаларының көне мәдениетіне, соның ішінде олардың діни наным-сенімдеріне байланысты қалыптасқан салт-дәстүрлерін археологиялық материалдар негізінде терең зерттеген ғалымдардың бірі – археолог К.М.Байпақовта бұл мәселеге ерекше мән берген. Көшпелі халықтардың бірі – байырғы қаңлы тайпаларының малды, әсіресе, қойды киелі санау дәстүріне арнайы тоқталып, қойдың жалпы бейнесі, дене мүшесі (*басы, мүйізі*) салынған керамика, теңге, ыдыс-аяқ т.б. тұрмыстық бұйымдарды зерттеу нәтижесінде тек қаңлы әулетіне ғана тән стильдік өрнектің қалыптасқандығын айқындайды. Мұны ғылым жүзінде «қаңлы//кангюй дәстүрі» деп атайды [39, 161 б.].

Қаңлы/кангюй дәстүрінің бір көрінісі ретінде қой культін сипаттайтын *Қошқарата* топонимін атауға болады. «Қошқарата – өзен атауы. Қазығұрт тауындағы биік жардан бірнеше бұлақтардың қосындысынан бастап, Текесу қоймасына құяды. Ұзындығы 10 км» [19, 216 б.]. *Қошқарата* атауының сакральдік сипаты жөнінде топонимист-ғалым Қ.Рысбергенова былай деген: «В названии Кошкарата обнаруживаются следы сакрализации образа кошкара (барана-производителя, одного из наиболее почитаемых животных еще у саков и кангюйцев; в зороастризме он мог быть воплощением божества Фарна-символа плодородия, гарантирующую силу, здоровье, покровительство» [41, 29 б.].

Қаңлы/Кангюй мемлекетінің тарихи дәуірі өткеннен соң, Қазығұрт өңірін оғыз бен қыпшақ ұлыстары жайлайды. «ХІ ғ. бастап оғыздарды Сыр, Арал бойынан оңтүстікке қарай ығысуына себеп болған бұл өлкеге Ертіс бойынан қыпшақ тайпаларының қаптап келе бастауы еді», – деп жазады В.В.Бартольд (Соч., Т.VI. С.98). Сонымен қатар ол: «Сыр бойынан батысқа оғыздар мен печенегтердің қоныс аударуына байланысты олардың барлық рухани-мәдени мұрасы ендігі жерде қаңлылар мен қыпшақтардың еншісіне айналды» – деп көрсетеді» (Соч., Т.VI. С.99) [39, 249 б.].

ОҒЫЗ заманындағы Қазығұрт өлкесінің кейбір жер-су атаулары «Қорқыт Ата кітабы» деп аталатын көне қолжазбада өз көрінісін береді. VII-VIII ғасырлар (кейбір деректерде IX-X ғасырларда) өмір сүрген ойшыл, жырау, қобызшы, сәуегей, бақсы Қорқыт туралы деректер, аңыз-әңгімелер, шежірелер және көне қолжазба «Китаби дедім Қорқуд» («Қорқыт Ата кітабы») арқылы күні бүгінге жетті. «Осы кітаптағы оқиғалардың бәрі Қаратау мен Қазылық (Қазығұрт) тауларының төңірегінде өтеді. (В.В.Бартольд өзінің орыс тіліне аудармасында Кавказ тауы деп көрсетіп, көптеген еңбектерде осы сарын ұстанылып келді, ал түпнұсқада «Қазылық тауы» деп жазылған. Түркияда шыққан барлық нұсқада дәл осылай). Кітаптің негізі Сыр бойында жасақталғанмен, бізге жеткен қолжазбалар оғыздар Кавказ маңына барғанда хатқа түскен. Сондықтан әзірбайжандар Қорқыттың туған-өскен жерін Кавказ деп, жерленген жері Дербент қаласының маңы деп санайды.

«Қорқыт Ата кітабындағы» әңгімелердің көбінде оқиға Қаратаудан басталып, Қазылық тауының баурайында аяқталып жатады. Мысалы, «Дербес хан ұлы Бұқашқан туралы жыр» деген тарауларында Дербес хан қызғаншақ, арамза, опасыз, жігіттердің сөзіне сеніп, аңға шыққан өз ұлын атып кетеді. Ұлының оралмағанына қауіптенген анасы «қысы-жазы қармұзы ерімейтін Қазылық тауына келді, төменнен биікке шауып шықты...» Сол таудың бір сайында қансырап жатқан ұлын көріп боздайды.

...Қазылық таудың суы көп
Ағар екен, ақпасын!
Қазылық таудың көк шөбі,
Шүйгін екен, тапталсын.
Жүйрік сенің киігің,
Жортпасын енді, тас болсын!
Не білейік, ұланым,
Арыстаннан өлді ме?
Не болмаса ажалы
Қабыланнан келді ме?
Бұл қазанды білдіріп,
Кеудеңде жаның бар болса,
Ұлым хабар берсейші:
Қара басым құрбандық болсын!
Тілге енді келсейші!

Осы сөздерді есіткенде, ұлы көзін ашып, анасына төмендегідей тіл қатқан:

Бері келгін, ақ сүтін емдірген, ханым, ана,
Ақ жаулықты, ізетті, жаным, ана.
Аққан суды анашым, қарғамағын,

Қазылық таудың бұл жерде күнәсі жоқ.
Шүйгін шөпті, анашым, қарғамағын,
Қазылық таудың бұл арада кесірі жоқ.
Желдей жортқан киікті қарғамағын,
Қазылық таудың мұнда да жазығы жоқ.
Арыстан мен қабыланды қарғамағын,
Қазылық таудың бұл арада айыбы жоқ...

Кітаптың бір тарауы «Қазылық Қожаұлы Икенек-бек әңгімесінің баяны» деп аталады.

Ал «Басаттың Төбекөзді өлтірген әңгімесінің баяны» дейтін тарауында үңгірде болған оқиға баяндалған. Ал Қазығұрттың үстінде қос үңгір бар. Оның бірі үлкен, екіншісі шағындау. Кітаптағы оқиғаның көбінде Қаратау негізгі тірек те, Қазылық тауы қарсы жатқан тау ретінде, кейде Алатау ретінде (Өгем деп түсіне беру керек) сипатталады. Кітапты түгелдей топтап шықсақ, Қорқыт Атаның Қазығұртты да өз елі деп санап, оның қыры-сырын жетік білгені сезіледі» [19, 213 б.].

Қазығұрттағы қос үңгірдің бұрынғы кездері қасиетті санап қастерлесе, өткен ғасырдың отызыншы-елуінші жылдары колхоздастыру дәуірінде қой қамап, қораға айналдырған. Көнекөз қариялардың айтуынша, Қазан төңкерісінен бұрын үңгірдің аузына әшекейлі есік орнатылған екен, олар Ұлы Отан соғысына дейін сақталған. Қазір көпшілік қасиетті орын санап, зияратқа келіп жүреді.

Жалпы алғанда «Оңтүстік Қазақстан аумағындағы оғыздардың таралу ареалы Қаратаудың оңтүстік бөктері мен Испиджабқа, ал оңтүстікте Шәуілдірден Алқакөлқұмға дейінгі аралықты қамтыған. Оғыздық кезеңде Сырдария бойында, Қаратау баурайында ондаған гүлденген қалалар пайда болып, Жібек жолы арқылы батыс пен шығыс арасындағы сауда, мәдени қатынасы одан әрі дамыды. «Оғыз» этнонимі аумақтағы *Оғызтау*, *Оғызсай*, *Оғыз* топонимдеріне негіз болған. Әдетте атаулар құрамындағы «оғыз» этнонимін қазіргі қазақ тіліндегі «өгіз» сөзімен жиі шатастырады. Бірақ фонетикалық ерекшелігі арқылы бұл атаулардың этноним негізінде қалыптасқанын анықтау қиынға соқпайды» [12, 29 б.].

Қазығұрт топонимінің этимологиясы. Аңызға айналған Қазығұрт атауы ғасырлар бойы ауыздан-ауызға көшіп, ұлтымыздың мәдениетінен өзіндік орны бар феномендік атауға айналып, прецеденттік оним ретінде танылады. Ол тек қазақ халқына ғана емес, жалпы түркілік сипатқа ие киелі атауға айналған ортақ тарихи, мәдени тілдік маңызы бар құбылыс. Кең еуразиялық кеңістікте, оның онамастикалық жүйесіндегі ұлттық ономастикадағы танымал онимдік бірлік.

Қазіргі таңда қазақ топонимикасында Қазығұрт атауына қатысты, өзге осы сынды тарихи онимдерге қатысты тарихи-тілдік деректер мен

білімдер жүйесін саралау қажеттілігі туындап отырғаны белгілі. Осы ретте Қазығұрт туралы бұрын-соңды айтылған деректерді, оның этимологиясына қатысты зерттеулерге тоқталмақпыз.

Сонау қадым заманнан бергі тегі бір түркі халықтың, яғни бабаларымыздың артықша әзіз тұтып, ақ адал пейілдерімен тәуап етіп, ғибадат жасап келген қасиетті орындарының бірі – Қазығұрт тауы болып саналған. Бұл киелі тау Оңтүстік Алатаудың батыс қапталынан оқшауырақ жерде орын тепкен. Алыстан бақылап қарағанда Қазығұрттың өзінің шығысында жатқан таулардан шарт үзіліп кетпегенін байқауға болады. Мұның мәнісі, Оңтүстік Алатаудың батыс жағы бірнеше бөлік мұрын жон-жотаға тармақтанып, бұтақтанып кеткен. Сондай үлкен жоталардың қат-қабаттасып, бір-бірімен сіңісіп жатуынан алынбас асуға ұқсас биіктеу бір бел түзілген. Қазығұрт – Оңтүстік Алатаудың сілемдерінде нақ осы бел арқылы жалғасып, ұласып жатқан тау.

Қазақ жұртының әуел бастан тұтынып келе жатқан тарихи жәдігерлерінің бірі – аңыздарға сүйенсек, қасиетті Қазығұрт тауына байланысты алуан түрлі оқиғалардың сырына қанық боламыз. Қазығұртқа қатысты айтылып, сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан сондай аңыздардың бір тобы Қазығұрт тауы мен Нұх пайғамбардың кемесі жайында сыр шертеді. Аңыз бойынша әлемдегі жаңа өмірдің нышанын жаңғыртқан Нұх пайғамбардың кемесі осы таудың басында қайырылған. Адамзаттың қазіргі ұрпағы осы тау бауырынан өркендеген көрінеді. Тек адамзат қана емес, бүкіл әлемдегі жан-жануар мен табиғат тартулары да осы Қазығұрт тауының қойнауынан өсіп-өрбіген екен:

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?
Ішінде екі қозы болған екен,
Шопан ата деген сөз содан қалған.

Қазығұрт басында кеме қалған,
Ол керемет болмаса неге қалған?
Ішінде екі бұзау ұйықтап қалып,
Зеңгі баба деген сөз содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол күдірет болмаса неге қалған?
Кемеде екі бота қалған екен,
Ойсылқара деген сөз содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол қасиет болмаса неге қалған?
Ішінде екі құлын қалған екен,
Қылқұйрық Қамбар Ата содан қалған.

Тұңғыш рет белгілі этнограф әрі фольклоршы Ә.Диваевтың 1896 ж. шыққан «Қазығұрт кемесі туралы аңыз» кітабында жазбаша түрде берілген. Ел аузында түрліше вариантта айтылатын бұл өлең Қазығұрт тауының әулиелігін дәлелдей түседі. Өлеңдегі Қазығұрттың жоталарына түскен жан-жануарлардың аяғы тиген жерлер киелі болып қалған екен. Олар: Қазығұрт Ата, Ақбура Ата, Шілтер Ата, Көзді Ата, Аңғар Ата, Қызыл Ата, Қайнар Ата және Мейрам Ана деп аталыпты. Осындай қасиет дарыған орындар топонимге бай Қазығұрт өңірінде көптеп саналады. Олардың шығу тарихы, аталу тарихы туралы әр дәуір ғалымдары өзінше болжап, зерттеу еңбектерінде келтірілген.

Ең алдымен, «Қазығұрт» деген сөздің қалай шыққандығын, нені білдіретіндігін қарастырайық. Бұл жайында көптеген тілшілердің ой-болжамдары бар. Соларды саралай отырып, маңызды дегендеріне қысқаша тоқталсақ. Зерттеуші Е.Қойшыбаев: «Қазығұрт – көне тілдердің тайпа аттарына байланысты қос этнонимнен құралған атау: «қаз» және «құрт» – түркілердің VIII ғасырларды өмір сүрген тайпалары», – деп анықтама берсе, [38, 143 б.] жазушы С.Бақбергенев: «қазы» – төреші, әділ төреші, ал «құрт» – қасқыр деген мағынаны берсе керек» – деп тұжырымдайды. Ал, ғалым Қ.Өмірәлиевтің пікірі бойынша, «Қазығұрт атауы бір кездерде Гаргурд, Гузкурд, Геркурд болып қолданылған: «кер» – есім түбір. Якут, алтай, төлеуіт және көне түркі тілінде «қар» - керемет қорқынышты зор жылан, екі басты айдаһар дегенді білдіреді. Оны «қар йутпа» деп те атайды. Қазақ тілінде бұл түбір «кер ауыз», «кермиық» деген тіркестерде ғана сақталған... Якут тілінде сақталған «қар» (екі басты айдаһар) мен Қазығұрт сөзінің арасында ізі өшіп кеткен байланыс болуы мүмкін» [42.83]. Онда қазіргі Қазығұрт тауының байырғы замандағы «кер» тұлғасы «айдаһарлы» деген мағынаны білдірген болады. Олай болса, бұл жорамал жергілікті халықта сақталған «Қазығұрт тауының астында зор айдаһар бар, оны дуалап, арбап қойған. Ол босанып кетсе қиямет-қайым болады-мыс» деген аңыздан өрбісе керек. Топонимист А.Әбдірахмановтың пікірінше, «кер» бөлімі «құрылу», «бөліну» мағынасын, ал «курт» сөзі «қасқыр» мағынасында қолданылған тотемдік ру, тайпа атынан шыққан [43].

VII-VIII ғасырларда жазылған араб ғалымдарының еңбектерінде Қазығұрт «Гезгерд» формасында келтіріледі. X ғасырда ғалым Кудама «Жер салығының кітабы» еңбегінде: Шаш қаласынан Гезгердке дейін бес

фарсах (13 км.), ал Гезгердтен Испиджабқа дейін төрт фарсах», – десе, ортағасырлық араб географы Әл-Макдиси «Елдерді танудың ең жақсы бөлінісі» (ХҒ) кітабында «... Бинкеттен Анфран рабадына дейін бір күндік жол, одан Гезгердке дейін бір күндік жол, одан Исфиджабқа дейін бір күндік жол», – деп жазады Ұлы Жібек жолының сипаттамасында. Ортағасырлық араб географтарының осы еңбектеріндегі Гезгерд қаласы қазіргі Қазығұрт тауының бөктеріндегі Шарапхана ауылының маңында болған, ал Гезгердтің қасында орналасқан тау кейінірек Қазығұрт аталып кеткен деген пікір білдіреді ғалымдар [42.37]. Яғни, Қазығұрт атауы мен ІХ ғасырда оған таяу жерде болған қала Гузкерд бір түбірдің әр замандағы әр түрлі атауы. Бұл пікірге белгілі ономаст Е.Керімбаев: «Тау аты қала атынан қойылуы ықтимал деп болжам жасау қисынға келмейді. Оған дәлел тау, өзендер т.б. табиғи объектілерден сірә әлдеқашан бұрын белгілі болатыны. Ал тау етегіндегі қазақ қыстақтары сол тау атымен атала берген. Сол себептен Қазығұрт тауының түбіндегі көне қала тау атымен аталуы әбден мүмкін» – деген қарсы пікір білдіреді [36, 43 б.].

Қолда бар деректерге қарағанда, Қазығұрт тауы алғаш рет ІХ ғ. кездеседі. Оғыз бен печенектер – қанғарлар арасында болған соғысты бейнелейтін «Қорқыт туралы жырда» және Әбілғазының «Түркі шежіресінде» көрініс тапқан. Тегі бір түркі халықтарына ортақ «Қорқыт Ата» кітабындағы қорқыт бабаның замандасы Салар Қазанға арнап шығарған мадақ сарын жырындағы:

«Қазығұрт тауындағы үңгір тасты

Салар Қазан барып көркейтті.

Онда ата-бабасына садақа таратты...» [36, 70 б.]

деген жолдар Қазығұрт атауының ІХ ғасырда топоним ретінде түпкілікті қалыптасып болғанын дәлелдейді. Осы жырда Қазығұрттың Үңгір әулиенің қасиеті жөнінде де сөз болады. Тарихшы Әбілғазының айтуынша, сол киелі үңгірлі Қазығұрт тауы Қазанбектің жақсы көретін, әрі ордасы көп тұрған жер болған екен.

Қазығұрт сөзі Әбілғазының «Шежіре-и-туркмани» (1660-1661) кітабында біріншіден, тау аты есебінде, екіншіден, Оғыз ханның бір ұрпағы, яғни оның тайпасының бірі есебінде кездеседі. Тарихшының екінші мәліметін қазақ халқының құрамындағы (Кіші жүздегі) Қазығұрт руымен байланыстырған Қ.Өмірәлиев «Қазығұрт атауы тұтасымен этноним болып, кейін тау атына ізін қалдыруы ықтимал» деген ой айтады [42, 80 б.]. Түркітанушы ғалым, тарихшы С.Әбушәріп: «Құрт сөзіне келетін болсақ, ол «Қуртулуш» (немесе оның түрлі вариантының) сөзінің түбірі болып табылады және «құтқару», «құтылу» дегенді білдіреді дейді. Осыған қарап, бүгінгі күні Қазығұрт аңыздарын зерттеп жүрген әдебиетші Қ.Ергөбек: «Қазығұрт сөзі – Қазы есімді адамның халықты түрлі апат пен

бәлекеттерден Алла тағаланың жәрдемімен құтқарған қызметіне қарай оның атына «құрт» түбір сөзінің жалғанып, бірігуінен шықса керек», – деп тың пайымдау жасайды.

Жоғарыда Қазығұрт топонимнің бірнеше этимологиясын қарастырдық.

Олардан басқа жергілікті көнекөз қариялардың аузындағы аңыздар қаншама. Солардың кейбірі Қазығұрт атауын Қазығұрт әулиемен, келесі түбі «қорқу» сөзінен алынған Қазы-Қорқытпен, ал енді Нұһ пайғамбардың кемесін топан судан сақтап қалған «құттың алтын қазығы» – Қазықұт тауымен байланыстырады. Бұл айтылғандардың қаншалықты дәлелді екендігін дөп басып айту қиын.

Қазығұрт өңірі «Ұлы жібек жолымен» Еуропа мен Азия бөліктерін жалғастырып тұрған аймақ ретінде ежелден белгілі болған. Екі ел арасындағы қарым-қатынасты байланыстырушы аймақты «Елшілік көпірі» деп танып, талай керуеншілер мен саяхатшылар, тарихшылар мен географтардың табаны тиген.

Сондықтан да Қазығұрт туралы алғашқы жазба деректер жиһанкездердің жазбалары арқылы арнайы жүргізілген. Тарихшы Геродот б.з.д. 455-447 жылдар шамасында саяхатқа шығып, Кіші Азияға дейін аралап, бұл аймақтарда массагеттердің мекендейтінін жазса, ежелгі грек тарихшысы, әрі географы Страбон (б.з.д. 63 ж. – б.з.20 ж.) саяхатқа шығып, «География» атты 17 кітап жазады. Еңбектің 13-14 кітаптарын Кіші Азияға арнайды. Сондай-ақ Птолемей (б.з. II ғ.) еңбектерінде де сараң деректер кездеседі. Мұндай деректер Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде де тасқа қашалып түсірілген. Қазығұрт және оның аймағы туралы нақтылай деректер араб ғалымдарының еңбектерінде VIII ғасырдың орта кезеңінен бастап жиі ұшырайды. Енді сол еңбектерге аз-кем тоқталсақ. Мәселен, араб тарихшысы әл-Белазури Қазығұрт өлкесі бірде түрік, бірде қытай, енді бірде араб елдерінің иелігіне көшіп, 760 жылдары түрік халқының иелігінде қалғанын жазады. әл-Белазуридің еңбегіне сүйенген араб географы ибн Хордадбектің «Жолдар мен әкімшілік бөлінісі» (IX ғ.) атты кітабында Қазығұрт туралы, ондағы елді-мекендердің ара қашықтығы жайлы нақты мәлімет беріледі [19, 153 б.]. Сонымен бірге ибн Хаукалдың, әл-Макдисидің, ас-Саманидің, М.Қашқаридың, М.Хайдардың, т.б. ғалымдардың еңбектерінен Қазығұрт баурайы, елді-мекендері, олардың тұрғындары мен шекаралары туралы мәліметтерді кездестіреміз. Осы жазбалар арқылы Қазығұрт пен Қаржан тауын, Өгем сілемдерін, Казкирд, Чорапхана, Сынтас, Сарыүйсін, Кузбен, Қаражон секілді ел мен жер аттарын әлем халқы танығанын аңғарамыз.

Қаншама ғасырлар өтсе де Қазығұрт туралы хикая бәсеңсіп көрген емес. XVI ғасырда жазылған тарихшы әл-Бұхаридің «Абдуллонама»

кітабында «Келес өңірі, Қазығұрт баурайы – гүл жайнаған бау-бақшалы, көк майса жер» деп суреттеледі. Сондықтан да бұл манды жаулап алуға тырысқан қан қилы дұшпандар мен қақтығыстардың сан рет ашық майданы болған Қазығұрт баурайының аты жиі өзгеріп отырған. Тарихшы Г.В. Григорьев бұл аймақты б.з.б. V-VI ғғ. сақ тайпалары мекендеген «Сақтар Отаны» десе, К.М. Байпақов сақтардың мәдениетін дамытушы – қаңлылар осы маңда өмір сүріп, бұл өлке «Қаңлы елі деп аталған» – дейді. X ғ. өмір сүрген араб саяхатшысы Истахри өзінің қолжазбасында: «Ангрен мен Шыршық аңғарында, Шатқал мен Өгем жоталарында, Қазығұрт пен Келес даласында оғыздар, қарлұқтар мен басқа да түркі тілдес топтар араласа мекендеген» – деп жазады да, осы өңірді «Оғыздар қонысы» дейтін.

1043 жылы Оғыз ұлысы ыдырап, кейбір тайпалары батысқа кеткен сәттен бастап бұл өлкені «Қазығұрт халқы» деп атай бастағаны туралы деректер де бар.

Қазығұрт атауына байланысты қазақ тілінде өсімдік атауларын зерттеген белгілі ғалым Байынқол Қалиев былай дейді. «Қазақ тілінде жамбыл, қазығұрт, қорғалжын, қандыағаш, Ереймен, көкпек, бұғыты, сөгеті деген өсімдік атаулары бар. Осы аттас жер-су, тау атаулары және бар. Бұлардың қайсысының аты қайсысына қойылған: жер аты өсімдікке ме, жоқ өсімдік аты жерге ме? Бұған ойланбастан жауап беруге болмайды. Әйткенмен де көбісі жер аты ретінде сол жерде өсетін өсімдіктің аты қойылатындығын ескерген жөн. Кейде керісінше, өсімдікке атау ретінде оған жер-су аты қойылатын жағдайлар да жоқ емес» [44, 78]. Бір жағынан бұл пікірдің де жаны бар сияқты. Қазығұрт атауы алғаш рет Рашид-аздиннің «Оғызнамасында кездеседі, алайда онда жер-су атауы емес, кісі есімі ретінде айтылады екен. Қазығұрт антропонимі... руынан шыққан бидің есімі деп берілген.

«Қорқыт ата кітабындағы» Кавказдың «Қазылық тау аталуы екендігіне көз жеткіземіз», дейді Қазығұрт топонимінің этимологиясын зерттеген жазушы Б.Қошым-ноғай [45, 227]. Өз кітабында ол Қазылық тау атауындағы тау компоненті көне түркі тіліндегі арт сөзінің синонимі... деген тоқтанымға келеді. Әрі қарай зерттеуші көне түркі тілінде біршама жиі қолданыста болған арт сөзі Қазығұрт атауының құрамында да кездеседі дейді. Сөйтіп Қазығұрт атауы әуел баста *Оғыз+лық+арт* тіркесінің нәтижесінде пайда болғандығы туралы ой түйіп, талдау арқылы өз ойын дәлелдеуге тырысқан.

Қалай болғанда да, Қазығұрт атауы жөнінде бұрын да, қазір де көптеген аңыз-әңгімелер, ғылыми негіздегі этимологиялар, болжамдар айтылуда. Ғасырлар бойы сақталып, қазіргі күнге дейін өзінің тілдік, топонимдік қызметін атқарып келе жатқан қасиетті Қазығұрт тауы

атауының жұмбағы әлі де шешіле қойған жоқ. Жаңа дерек, жаңа кешенді ізденістерді қажет ететін көнеден жеткен бұл атау туралы әңгіме әлі алда деп білеміз.

Кез келген өңірдің топонимиясы диахрониялық тұрғыдан өзгеріске ұшырайды, демек, аймақтық топонимияда жаңа сипаттағы топонимдер пайда болады, олардың түрлері мен типтері өзгерілуі мүмкін; көп жағдайда оның себептері басқа тілден енген топонимдердің тарихи, мәдени және тілдік болмысына байланысты келеді. Сондай диахрониялық өзгерістер Қазығұрт өңірі топонимиясынан да байқалады.

Қазығұрт өңірі топонимиясында сол өлке халықтарының ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан тарихына қатысты түрлі тілдерден енген топонимдер де пайда болды. Басқа тілдерден енген географиялық атаулар бөгде этностың сол өңірді жаулап алған себептерінен туындайды және де басқа елдер мен тілдер арасындағы өзара мәдени, тарихи, сауда-саттық, экономикалық қарым-қатынасының нәтижесінде пайда болады, жергілікті топонимиялық жүйеге енеді. Осындай тарихи-лингвистикалық тұрғыдан алғанда, ұлттық және аймақтық топонимияда топонимиялық стратиграфия құрылымын айқындауға болады. Жалпы алғанда, топонимиялық стратиграфия тарихи және этностық процестер, тілдердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде бір-бірімен тығыз байланысқан, әртүрлі тілдерге жататын және әр кезеңде қалыптасқан географиялық атаулар қабаттарының жиынтығы болып табылады [46].

Қазақстан топонимиясының стратиграфиялық қабаттары оларды хронологиялық жіктеу негізінде көрсетіледі, ал белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасқан қабат әдетте жеке бір тілге байланыстырылады. Мәселен, Е.Қойшыбаев (1985) хронологиялық жіктеу негізінде Қазақстан аумағында бес тілдік қабатты бөліп көрсеткен:

1. Ежелгі тілдер элементтерін сақтап келе жатқан тым көне қабаттар (санскрит, үнді-иран тілдері элементтері: *тал, ар, бал, сар, гар, қан*);

2. Шартты түрдегі түркі-моңғол тіл бірлестігі элементтерін сақтап келе жатқан көне қабаттар (*ал, ала, бала, қар, шар, чар, көк, бай, тоғай*);

3. Түркі тіл қабаттары немесе түркі тілдер семьясы құрамының ерекшеліктерін көрсететін қабаттар;

4. Осы күнгі түркі тілдері ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (қазақ, қырғыз, алтай, қарақалпақ, башқұрт, ұйғыр, түркімен, әзірбайжан, өзбек және т.б.);

5. Орыс тілі негізіндегі топонимикалық қабаттамалар, яғни Э.М. Мурзаевтың айтуынша, «ең үстіңгі қабат» [38, 24 б.].

Қ.Рысбергенова Оңтүстік Қазақстан аумағындағы топонимиялық негіздерді тілдік тұрғыдан үш топқа; 1) субстратты (көне); 2) сырттан енген; 3) түркілік қабат деп жіктейді [41, 24 б.].

Е.Қойшыбаев, Ә.Абдрахманов, Қ.Рысбергенова т.б. зерттеушілер көрсеткен негізгі стратиграфиялық тілдік қабаттар Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында, соның ішінде Қазығұрт топонимиялық аймағында көрінісін тапқан.

Мәселен, *Өгем* тауының атауындағы *гем /кем-*ді кейбір зерттеушілер көне иран терминіне жатқызады. Кей жағдайда ирандық терминдер қазақ тіліне кеңінен сіңісіп кетіп, өзіндік мағыналық жүктемеге ие болады. Сондай ирандық терминдердің бірі – *сеңгір* «тік жарқабақты жартас» мағынасында қазақтың халық терминологиясында белгілі. Қаратаудың солтүстік-шығыс беткейіндегі *Қызылсеңгір* тауы (786 м.), шындығында да, тауалды жазығымен тік жартасты беткей жасап жалғасады.

Ә.Абдрахмановтың зерттеулерінде [43, 207 б.] *Бадам*, *Бетпақдала*, *Ленгер*, *Шардара*, *Шымкент* атаулары иран тілдерінен енген атаулар қатарына жатқызылады.

«*Бадам* – өзен, ұзындығы 141 км. Бастауын Қаржантау етегінен алады, Төле би ауд., Шымкент қ., Бөген ауд., көлемінен өтіп, Арыс өзеніне барып құяды. Қар, жауын-шашын суымен толығып отырады. Наурыздан мамырға дейін су деңгейі көтеріледі. Өзен бойында үлкенді-кішілі жиырмадан астам каналдар бар. Бұлар Сайрам, Бөген ауд. жерін суландырады және Шымкент қаласының кәсіпорындарын сумен қамтамасыз етеді. Су энергиясына бай. Бадам Қазығұрт тауының шығыс жағын орып өтіп, сонан соң солтүстік жағымен ілесіп отырады. Қазығұрттың солтүстік жағындағы ең үлкен өзен осы. Кезінде осы маңда Бадам болысы болған. Сол болыстыққа Қазығұрт өңірінің біраз жері қараған» [19, 52-53 б.].

Иран тілдер тобына жататын тәжік тілінде *бодом* миндаль жемісінің атауы болып табылады. Жергілікті қазақ халқы бұл жемісті «бадам» немесе «түкті өрік» дейді.

Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы, соның ішінде Қазығұрт өңіріндегі сырттан енген атаулар тобына араб тіліндегі лексикалық элементтер де жатады. «Өлке топонимиясының арабтық элементтерінің енуі VIII-IX ғғ. сәйкес келеді. Араб мәдениеті мен тілінің біз зерттеп отырған аумаққа ықпалының артуы араб саудагерлері мен саяхатшыларының Ұлы Жібек жолы арқылы енуімен және арабтардың жаулап алу жорықтарымен байланысты болды. Жалпы алғанда, Оңтүстік Қазақстан облысында еліміздің басқа өңірлеріне қарағанда араб топонимдері көбірек кездеседі», – деп жазады зерттеуші З.Қ. Мырзалиева [12, 27 б.].

812-817 жж. Отырар маңына Фадл ибн Сахл бастаған араб басқыншылары келіп жетті [47, 375 б.]. «Араб қолбасшысы Нұх ибн Асад 840-ж. Испиджабты өзіне бағындырды. 859 ж. оның інісі Ахмед ибн Асад

Шавғарға жорық жасап, сол жерде мыңдаған адамды таяққа жыққан. Х ғ. басында қараханидтер әулетінің рубасы Сатух ислам дінін қабылдады, ал оның ұлы Боғра-хан б. Муса 960 ж. Исламды мемлекеттік дін деп жариялады. В.В. Бартольд қарлықтар ислам дінін 766 жылы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды жаулап алған соң, тез арада-ақ Мехди Халиф (775-785 жж.) тұсында қабылдады деген болжам ұсынған. Бұл тек қарлықтардың кейбір тобы ғана болса керек. Өйткені Ислам ибн Ахмад 893 ж. Таразды басып алып барып қана қаланың бас шіркеуін мешітке айналдырды».

Дегенмен, ислам дінін алғаш қабылдағандар Қазығұрт өңірінің тұрғындары екені анық. Оны араб тарихшыларының өзі жазып қалдырған. Ал-Истархи өзінің «Китаб масаллик ал-мамалик» атты еңбегінің парсыша аудармасында: «Фараб, Кенджид және Шаш арасындағы жайлауларда көшпенділер өте көп. Олардың бәрі мұсылмандар, бірақ ешкімге бағынбайды» – деп жазған. Екінші бір ғалым ибн Хаукал «Китаб ал масаллик ва-л мамалик» атты еңбегінде: «Фараб, Кенджид пен Шаш арасындағы жайылымдар өте шұрайлы, ол жердегі 1000 түтіндей түріктер исламды қабылдаған, тек өз салттары бойынша киіз үйлерде (в шатрах) тұрады» деп жазған. Ендігі бір саяхат жасаған жиһанкездер дәл осы ойды Испиджаб пен Шаш арасындағы мың түтін деп көрсетеді. Соңғы кезде қазақ зерттеушілері алғаш ислам дінін қабылдағандар Қазығұрт өңірінің тұрғындары, ол 777 ж. болатын деп тұжырымдайды (осындай бір еңбек 1999 ж. «Жас Алаш» газетінде жарияланған). Тарихқа көз сала келсек, ислам дінінің Қазақстандағы тарауы Қазығұрт өңірінің оңтүстігінен басталған. Өйткені алғашқы кезде Испиджабтың өзі де (Сайрам) ислам дініне мойынұсынбай, соңынан барып қана қарахандар дәуірінде исламды уағыздаушы орталыққа айналған. Ал ислам дінінің келген бағыты – Самарқанд, Ташкент.

Нақ осындай тұжырымдар «Қазақстан тарихында» былай берілген: «Ибн Хаукалға жүгінсек, оғыздардың бір тобы Шаш облысына жататын Бискент қаласын мекендеген. Ол қазір Арыс өзенінің аңғарындағы Піскентке сәйкес келеді.

Қазығұрт өңірінде араб басқыншылығымен қатысты топонимдер түгелімен сол бір кезде пайда болып, тұрақты түрде «қатып» қалып ғасырлар бойы өзгермей қалды деп айту қиын. Басқа тілден қалыптасқан топонимдердің автохтондық топонимияға енуі ұзақ жылдар, ғасырлар бойы жүреді деп атап көрсеткеніміз жөн. Жалпы алғанда, бөгде тілдік лексиканың өзі жергілікті тілге біртіндеп сіңіседі, ол үшін көптеген мәдени, діни, саяси-экономикалық өзгерістер (алғышарттар) қажет-ақ. Сол себепті көп жағдайда белгілі бір өңірде *топонимиялық билингвизм* (екі тілдік) қалыптасады. Осының салдарынан топонимдік калькалар пайда

болады. Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық топонимдік калькалар қалалардағы билингвизм (айталық, түркі-араб, түркі-соғды) жағдайында қалыптасты деуге болады. Қ.Рысбергенова осындай калькалар ретінде Отырар-Фараб, Сайрам-Испиджаб, Сырдария-Сейхун, Оксус-

Весидж атауларын мысал ретінде келтіреді [48].

Дегенмен, араб тіліндегі кейбір географиялық терминдер мен сөздер жергілікті, байырғы (автохтондық) топонимияға сіңісіп, күні бүгінге келіп жеткен. Сондай араб географиялық терминдерінің бірі – *рабат*. Э.М. Мурзаев өз сөздігінде *рабад*, *рабат* терминінің топонимдік мағыналарын көрсетіп, *рабад* пен *рабат* терминдері арасындағы айырмашылықтарын түсіндірген: «**РАБАД, РАБАТ** – городские стены и поселения по их внешнюю сторону; охрана города, предместье; каравансарай; сторожевой пост (тюрк., тадж., араб., среднеазиатские республики, арабские страны, Пакистан, Афганистан, Иран). Другие значения: «подворня», «странноприимный дом», «станция», «монастырь». В.В.Бартольд [1963, 2, 1] различает *рабад* и *рабат*: «...в Туркестане, как и в других пограничных областях мусульманского мира, строились рабаты (таково правильное арабское произношение), или *рабаты* так произносилось это слово, которое не следует смешивать со словом *рабад* в Туркестане). По объяснению автора XII в., *рабатом* называлось «место, где привязывали коней» (таково и этимологическое происхождение термина); *рабат* предназначался для газиев (борцов за веру), так как они, когда поселялись в пограничном пункте, жили там лицом к лицу с врагами, отражая и козни и их нападения на мусульман». Таким образом *рабат* первоначально в Туркестане – «пограничное поселение»; а *рабад* – «предместье» [13, 472 б.].

«Қазығұрт» энциклопедиясында *Рабатқа* мынадай түсінік берілген: «**Рабат** – жер аты. Көне ауылдың ежелден келе жатқан аты. Рабат деген ұғым алғашқы кезде шекарадағы бекініс, соңынан керуен сарай баламасына тең. Тау қойнауында орналасқан, көк жасыл алқап, Жібек жолының бойы. Осы жерде әулиелі бекет болған. Ташкентке қарай өткен керуендер бекетке тоқтап, демалып, көлік ауыстырып, ары қарай жол тартқан» [19, 278 б.].

Қазығұрт өңірі көне заман және ортағасырлық дәуірлерде тек малшаруашылығымен, егіншілікпен айналысып келген өлке ғана емес, сонымен қатар оны қалалық өркениет аймақтарының құрамдас бір бөлігі ретінде тануымызға болады. Мәселен, қазіргі Оңтүстік облысы аумағын алып қарайтын болсақ, көптеген көне қалалар мен қорғандардың, кесене, ескерткіштердің т.б. археологиялық нысандардың орнын кездестіреміз. Мысалы:

1. Орта ғасырдағы (IX-XVII ғғ.) Сауран қаласының орны (Ақтөбе,

Майдантал өзендерінің орта алқабында);

2. Көне Түркістан (Ясы) қаласының орны (IX-XVII ғғ.). Ол Шорнақ пен Қарашық өзенінің аралығында, қазіргі теміржол бойында;

3. Көне Отырар қаласының орны (б.д.д. I-XVI ғғ.дейін);

4. Қарағұндышық немесе Құқсұқ (I-VI ғғ.) қаласының орны Арыс өзенінің

Сырға құйылар жерінде;

5. Жартытөбе көне қала орны;

6. Құмкент (IX-XVI ғғ.) көне қала орны;

7. Қарашық көне қала орны. Түркістан қаласының маңында (қазір онда археологиялық қазба жұмыстары жүріп жатыр);

8. Қараспан төбе (VI-XI ғғ.) – Арыс өзенінің бойында болған қаланың орны;

9. Манкент-Сайрамсу мен Арыс өзендерінің арасындағы көне қала орны;

10. Шарапхана (VI-XII ғғ. жататын) көне қаланың орны;

11. Өзбекстан жеріндегі Ақтөбе ауданы жеріндегі Қаңга (Қанғұй мемлекетінің кезіндегі бір резиденциясы) т.т.

Айта берсек, мұндай көне ескерткіш белгілері Оңтүстік өлкеде өте көп: Шардара (I-XII ғғ.), Қаратөбе (VI-IX ғғ.), Жартөбе (VI-IX ғғ.), сондай-ақ Шардараның сол жағындағы, Темірлан маңында, Түлкібаста т.б. бұл өлкенің көне тарихи мұраларға бай екендігін көрсетеді [39, 162 б.].

Жоғарыда берілген көне заман ескерткіштерінің санатында Қазығұрт өңіріне тікелей қатысы бар топонимиялық атау – *Шарапхана*. *Шарапхананың* тарихи-лингвистикалық сипаттамасы «Қазығұрт» энциклопедиясында жақсы берілгені; «**Шарапхана** – жер атауы (Бұрын Қаратас, Шарапхана, Шарафхана, Газгерт аталған).

1948 жылы Оңтүстік Қазақстан экспедициясы қазіргі Шарапхана төңірегінде, анығы Келес өзенінің сол жағында орта ғасырға тиісті қаланың орнын анықтаған. Зерттеуші Г.И.Пацевичтің пікірі бойынша, бұл орта ғасырдағы Газгерт қаласы деген тұжырым жасалады. «Газгерт» деген сөз әділетсіздікке қарсы күресуші деген мағынаны білдіреді. Кейіннен бұл қала Шарапхана аталады (екеуі бір қала). VI-XII ғасырларда өмір сүрген делінеді. Ол 1954 жылы Мәскеу қаласында археология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін қорғаған диссертациясында: «Газгерт қонысы ертедегі қала. Оның қорғаныс құрылымдары екі алаңнан тұрады. Батыс жағындағы алаң аумағы солтүстіктен оңтүстікке қарай 80 м., батыстан шығысқа қарай 65 м., биіктігі 1,5 м. екінші алаңның мөлшері солтүстіктен оңтүстікке қарай 100 м., батыстан шығысқа қарай 140 м., биіктігі 0,5. Айналары ормен және соқпа дуалмен қоршалған» деп көрсетеді. Қазба жұмыстарын жүргізгенде түрлі бұйымдар табылған. Олар

егін және малшаруашылығына байланысты заттар болған.

Жазба деректерде келтірілгендей, бұл өңірде жылқының үш түрлі тұқымы болған. Әсіресе, асыл тұқымды, денесі сымбатты, басы кішкентай, қой мойынды жылқылар өсірілген. Жылқылардың жамбасына «шөміш» таңбасы салынған. Жіп иіру, тоқу, тері өңдеу, киім, аяқкиім жасау жұмыстары дамыған. Кейінірек Газгерт оңтүстік пен солтүстік, батыс пен шығыс аймақтарды мәдени және экономикалық жағынан байланыстырып, соның нәтижесінде «Ұлы Жібек жолының» білте шырағына айнала бастады. Бағдат халифатындағы провинциялардың бірінде пошта бастығы, араб географы Убайдулла ибн Абдуллах ибн Хордадбек өзінің «Китаб ал –масалик ва ал мамалик» кітабының басында: «Шаштан (Ташкент) Газгертке дейін бір күндік жол, ал Газгерттен Испиджабқа дейін бір күндік жол» деп көрсетті. Газгерт керуендер жолындағы (Сайрам) саудагерлер түйісетін жер екенін баяндайды. Оның пікіріне қосыла отырып, Бағдат халифаты сарай қызметкері, қаржы және мемлекеттік географиялық бөлімін басқарған Құдама ибн Джафар өзінің «Қытай әл Хараджа» деген еңбегінде «Испиджабпен Газгерт екі пошта станциясынан кейін Бинкентке (Ташкент) бір күндік жол» деген мағлұмат береді. Белгілі араб ғалымы әл-Фараби өз еңбегінде Испиджаб қаласын суреттегенде айналасындағы Манкент, Джумишлаг, Газгерт, Харлуг қалаларын атайды.

Арабтың аты белгілі географы Мұхамед әл-Макдиси мұсылман мемлекеттерін түгел аралап шығып, «Ахсанат-Такстеим-фи-Маърифат ал-акалим» деген еңбегінде Бинкет пен Испиджабтың орта жолында Газгерттің орналасуының маңызын баяндайды.

VI ғасырда Түрік, VII ғасырда Батыс Түрік қағандығының күш-қуаты артқан дәуірде Газгерт маңындағы шаруашылықтардың көшпелі және жартылай көшпелі әдісі басым болған. Қазығұрт бауырындағы Келес бойында малшаруашылығымен қатар егіншілік жүйесі орнады. Ел тары, жүгері егумен айналыса бастады.

VIII ғасырдың бірінші жартысында (705-756 жж.) билік еткен Түргеш қағандығының сауда айналымындағы тиындары Газгерт археологиялық жұмыстарында көп табылады.

Сол кезде бұл өңір Тан сарайының және оңтүстік батыстан арабтардың шапқыншылығына ұшырады. Газгерт бойындағы қыстақтар мен Газгерт қиратылды.

712-713 жылдары қытай мен арабтар Қазығұрт баурайында соғысып, қытайлықтар жеңіліп, арабтар жеңіс туын тігеді.

Сол күннен бастап Газгерт «Шарапхана» – «Жеңіс үйі» деп аталды. Фараби, Испиджаб, Қазығұрт аймағын арабтардың жаулап алуы, ислам дінінің қабылдануы бұл аймақтың әлеуметтік-экономикалық, саяси және

мәдени өміріне өз ықпалын тигізді. Енді Шарапхана Ұлы Жібек жолы бойында Қазақстанның Оңтүстігі мен Жетісу үшін елшілік және саудасаттық желісі ғана емес, мәдени және рухани байланыстар арнасы ретінде де орасан үлкен маңызға ие болды. Оңтүстік Қазақстан халқының жаппай ислам дініне кіруіне де Тұрбат, Шарапхана екеуі орталықтарының бірі болған. Тұрбаттағы Исмайыл Ата, Шарапхана орталығындағы Қошқар Ата, шығысындағы Бұлбұл Ата, солтүстігіндегі Ақбура Ата ислам дінін ендіруде ерекше орын алған. Елді исламдандырумен қатар араб әліпбиіне негізделген түрік жазуы түзілген. X-XIII ғасырда Қарахан әулетінде мұсылман әдебиеті түрік тілінде жазыла бастайды. Барша саладағы жаңа кезең Шарапханаға да өз әсерін тигізеді. Тек моңғол шапқыншылығы тұсында Қазығұрт өңірінде Шарапхана ауыр күйзеліске ұшырайды, дамуға бет алған өлкенің табиғи процесі үзіліп тасталады.

Шарапхана талай тарихи процестерді өткізіп, Кеңес өкіметі кезінде шағын село дәрежесіне жетті»[19, 396-397 б.].

«Қазығұрт» энциклопедиясынан алынған бұл үзіндіде *Шарапхана* атты елді мекеннің тарихы баяндалған. Алайда осы көне тарихи жер атауының этимологиясы, біздің пікірімізше, халықтың, яғни жалған этимологиясы тұрғысынан берілген. Бұл этимология бойынша «Шарапхана» – «Жеңіс үйі» деген мағынаға саяды.

Шарапхана атауында *шар* түбірін алып қарасақ, Е.Қойшыбаев зерттеуші ғалымдар К.К.Юдахин мен В.Мурзаевтар деректеріне сүйене отырып, былай деп жазады: «К.К.Юдахин: түркілердің қазіргі қырғыз тілінде сақталған «селдір тоғай» мәніндегі сөзі; В.Мурзаевтың Орал-Алтай аясындағы угор тілдерінде бар «өзен саласы» мәніндегі сөзі. Біздіңше, соңғы деректің үйлесімі бар» [38, 237 б.].

Ғ.К.Қонқашбаев «шара» сөзін: «ложе озера или русло реки» деп берген [49, 3 б.].

Шар(а) топонимдік компонентінен кейін орналасқан *ан-аб*, *об* түрлерінің Э.М.Мурзаевтың сөздігінде көптеген иран (парсы) түркі, финн-угор тілдерінде «су, өзен» мағыналарында кездесетінін атап көрсеткен: «Бесчисленное количество топонимов образовано с участием этого термина на обширных пространствах Азии. Они обычны в Таджикистане, Узбекистане, Киргизии, Азербайджане, в горах Куньлуня, окаймляющих Таримскую впадину, в Иране» [13, 40 б.]. Ал енді *Шарапхана* атауындағы соңғы компонент *хана(ға)* келетін болсақ: «**Хана, Хане** поселок, дом, помещение (тюрк., иран.). ср. тадж. хон – «жилище», «дом», «здание»; узб. *хона* – «комната», «помещение»; перс. *хан, хане, хани*-то же; «караван-сарай», «вдвоём», «колодец», «родник» [13, 590 б.].

Сонымен *Шарапхана* «өзен саласындағы (өзен бойындағы) керуен-сарай» деген мағынаны берген көне атау деп болжауымызға болатын

сияқты. Шарапхана орналасқан табиғи-географиялық жағдайы және Ұлы Жібек жолы бойында болғандығы осы этимологияны растайды.

Бір кезде «Жеңіс үйі» деп түсіндірілген *Шарапхана* атауы күні кеше тағы бір халықтық (жалған) этимологияға ұшыраған тәрізді. Жергілікті тұрғындардың айтуынша: «1969 жылдың мамыр айында Алматы, Шымкенттен бір топ шенеуіктер келе жатып, жол-жөнекей Шарапханаға аяқ шалдырады. Олардың арасында білгішсінген біреуі «Бұл атау «Арақхана» дегенді аңғартады. Коммунизмге бет алған қоғамда мұндай атаудың болуы өте ұят, сондықтан Шарапхана дегенді жедел арада өзгертпесе болмайды» – деп қолма-қол нұсқау береді. Содан дереу-ақ Шарапхананың тарихи аты жойылып, орнына «Қаратас» деп жүргізіле бастайды. Бұл сорақылық 1993 жылдың 7 қазанына дейін жалғасты. Тек арада ширек ғасырға таяу уақыт өткенде ғана Шарапхана атауы қайтарылды.

Қазығұрт өңіріндегі жер-су атаулары құрамындағы моңғолдық элементтер үш кезеңде пайда болуы мүмкін: 1. Болжамды (гипотеза) түрінде айтылған моңғол-түрік тілдік дәуірде; 2. XIII ғ. Шыңғыс ханның шапқыншылық дәуірімен; 3. Кейінгі ғасырларда жоңғарлардың шапқыншылық жасауымен байланысты. Сондай атаулардың бірі – *Дегерес* (моңғол тілінде «жабайы ешкі»). Дегенмен, Қазығұрт өңірінде моңғол тілінен енген топонимдер жоқтың қасы.

Қазығұрт өңірінің аймақтық топонимиясына өте көп те елеулі өзгерістер енгізген орыс тілінен енген топонимдер болды. Бүкіл Қазақстанға сияқты Оңтүстік, соның ішінде Қазығұрт өңіріне XIX-XX ғғ. жүрді. XIX ғ. екінші жартысында орыс шарауаларын жаппай қоныстандыру саясаты іске асырылды. «Қазақ даласына капиталистік қатынастардың еніп, өндіргіш күштердің дамуы негізінде, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Орталық Ресейден шаруалардың қоныс аударуының нәтижесінде, көшпелілердің жерлерінің ауқымды қоныстары тарылып, көшу жолдарының қысқаруы үдей түсті. Сонымен бірге өлкенің отарланып, көшу ауқымының тарылуы кейбір қазақ руларының ежелден бері басқа рулардың иелігіндегі жайылымдарын тартып алуына әкеп соқтырды», – деп жазады М.С.Мұқанов [50, 45 б.].

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ руларының бұрыннан келе жатқан этно (рулық) территориялық байланыстарының жаппай күйреуі етек алды. «Осындай ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ руларының этнотерриториялық тұтастығының түп тамырының күйреуі этнографиялық топонимияның кейпінің өзгеруіне әкелді, өйткені көптеген қыстау, күзеу, көктеу, жайлау аттары, топонимдік белгілер микротопонимияға қызмет етуін тоқтатып, біртіндеп ұмытыла бастады. Қазақстанның ұлттық-этнографиялық топонимиясының мұндай өзгеріске

ұшырауының астарында үлкен мақсат бар еді – байырғы ұлттық (қазақтың) географиялық атауларды әдейі түрде өзгерту, жоқ қылу – Романовтың әулетіндегі (патшаның) ерекше адамдарына, үздік деп танылған миссионерге, әскер басшыларына қатысты атаулар берілді, байырғы жер-су, елді мекен атаулары орыстың саясиландырылған отаршыл топонимдерімен ауыстырылды. Түркістан мен «Қырғызда» Ресей билеушілерінің отарында болған кезінде, әкімшіліктің ықпалымен көптеген орыс атаулары пайда болды» [33, 46 б.].

Қазығұрт өңірінің Ресей отарлау саясатына ұшыраған кезеңі былай көрсетіледі: «1865 жылы патшалық Ресейдің Қарулы күштері Ташкентті қаратып алғаннан кейін, өлкеде 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторын орнатты. Әкімшілік басқару жүйесін орнатып, 50-жылы колония саясатын жүргізді. Бұл кезеңде Қазығұрт өңірінің тарихы онымен тығыз байланыста болды. Біздің ауданымыздың территориясы Сырдария облысының Ташкент және Шымкент уездеріне қарады, Шымкент уезіндегі 33 болыстың 3 болысы: «Жылыбұлақ», «Қазығұрт», «Қаратас»; «Ташкент» уезіндегі 27 болыстың 4 болысы: «Ақжар», «Жетісу», «Шарапхана» және «Үштамғалы» болыстары біздің аудан өңірінде болды.

Бұл әкімшілік басқару жүйесінің содырлы шокпарларының жарты ғасыр бойына халқымыздың төбесінде ойнағанын, есепсіз қиыншылықтар алып келгенін Ташкент қаласында сарғайып жатқан архив құжаттарынан білеміз.

Бұл құжаттардан Қазығұрт өңірінде жерлестеріміздің қаңлы, сіргелі, шанышқылы, оймауыт, бағыс, рамадан, жаныс, сары үйсін, темір, көкірек, құланаян, бөгежіл және шегір сияқты көп рулы ел болып өмір сүргенін көреміз.

1870 жылы өткізілген санақта Жетісу болысының Шарапхана ауылының көрсеткіші төмендегіше болған:

Шаңырақ саны – 112

Халық саны – 794

Түйе саны – 110

Ат саны – 156

Қой саны – 1018

Мешіт саны – 2

1880-1890 жылдары Қазақстанға Ресейден қоныс аударып келушілердің саны 4 миллионнан астам болды. Патшалық Ресей Қазақстанның шырайлы жерлерін тартып алған жер көлемі 17 миллион десятинаға жетті. Әуелі Ақмола Семей облыстарының шырайлы жерлерін, кейін Жетісу мен Сырдария облыстарының жерлерін иемдене бастады.

Қазығұрт аймағы Ташкентке жақын болғандықтан, генерал-губернатор күнделікті көз қырына ала отырып, Қазығұрттың шырайлы,

құнды топырағы, жайлаудағы шөбі, тәтті суы, әсіресе, таза ауасы оларды қатты қызықтырды. Бұл өлкеге жиі келіп, губернатор өкілдері елді күйзелтіп кететін еді.

1909 жылы Сырдария облысы жер бөлімінің бастығы полковник Рубах Ақжар болысының жеті ауылын аралап шығып, ежелден «Молла Әли» ауылының жері болған Амансай және Шарбұлақпен танысып, жайлауларды ерсілі-қарсылы өлшеп, ол жерледі зорлықпен тартып алды.

Қазығұрт, Тұрбат баурайы мен Амансайда қаулап өскен шүйгін шөптеріне қызыққан Түркістан губернаторлығы өзінің артиллерия әскери аттарына жайлау етіп, Амансайға рамадан, қаңлы елінің малдарын жолатпай қойды. Молла Әли әулеті қасірет тартты, тіршілігі тарылды.

1905 жылы почта станциясы «Жер» төңірегіндегі жерлер Ақжар болысындағы Шарбұлақтардан алынып, Түркістан әскери әкімшілігіне берілді. Бұл аумақ артиллерия аттарын бағатын жерге айналды. Бұл аймақтың батысы Келес өзені, Оңтүстік Қарабау өзеншесі мен шығысы «Амансай», солтүстігі Шарапхана болысымен шектеседі. 1800 десятинаға жуық өте құнарлы, Қазығұрттың жаңбырлы ауасымен ерекшеленіп тұратын, жаздық бидайдан өте көп өнім алынатын жер жайлауға айналады.

1907 жылы 15 тамызда Санкт-Петербургтен телеграмма арқылы рұқсатнама келген соң, қоныстандыру поселкасының жобасы түзілді. Жергілікті Шарбұлақ ауылы наразылық білдіріп, қарсылық жасады. Халық наразылығын зорлықпен таптай отырып, 1909 жылы көктемде молукан поселкасын құруға 1909 жылы 18 наурыз күні Шарбұлақ ауылының 496 үйі иелеріне «Өз еркімізбен бердік» деген қағазға күшпен көндіріп, қолтаңбаларын қойдырады. Бұл сол кездегі тілмаш Тұрғынбаевтың толтырған хабарынан белгілі.

Ташкент уезінің жер өлшеушісі бастығының орынбасары С.Порошин және Нехорошевтің жетекшілігінде 1909 жылы 16 қазанда әскери губернатор генерал-лейтенант Романовтың бұйрығымен құрылған поселка «Алексеевка» деп аталды. Сол бұйрықта «Алексеевка» ауыл қоғамының құрамы бекітілсін, старосталық міндет 1 жылға дейін Павел Никифорович Портновқа жүктелсін, мөр берілсін, қоғамның мүшелерінің тізімі журналда көрсетілсін» делінгенін жиналысқа қатысқан губернатор жәрдемшісі полковник Гепнер хабарлайды.

1913 жылы Алексеевка селосының тұрғындары 56 отбасы болып, олардың әрқайсысының меншіктерінде 18-36 десятинаға дейін жерден болып, жалпы пайдаланған жер көлемі 1577 десятинаға жетті. Көшіп келгендер байыды, қазақтар кедейленді. Жайлаулардың орнына егін егіп, өткел бермей қинады. Мұжықтар «мынау менің жерім, мынау менің шабындығым» деп, маңайына жан жүргізбей қойды. Көшпелі елге жүз

жылдар бойы қызмет етіп келген қара жолдан өту енді мүмкін болмай қалды. «Алексеевка» қорасы қасқайып бөгет болды. Сол жылдары тіміскіленген мұжықтар және бір құнарлы аймағымыз болған Шарапхана болысына қарасты «Кемербастауды» іздеп тауып, генерал-губернаторларға өтініш жасады.

Олар 1908 жылы Ақмола облысы, Көкшетау уезінен көшіп келген 45 семья келімсектер еді. Көкшетаудың қатарына жете алмаған келімсектер атынан ұялмай, тартынбай Г.Д.Дубашкин «Кемербастаудағы» 1200 десятина құнарлы жерді Жетісу болысының биі Шалқарбай Жолдықараев әулеттерінен тартып алып берді. Қазығұрт жерін бөлшектеудің үдей түсуі осылайша зорлық-зомбылық арқылы жүзеге асып отырды.

1910 жылы полковник Рубах ауылдың жерлерімен танысып, Шарбұлақ, Қақпақ жоғары ауылдарының бірнеше адамдарының жерлерін орынсыз талаптармен отаршылар пайдасына қаратты».

Белгілі абайтанушы, көрнекті ғалым М.Мырзахметов өзінің «Отарлау топонимдері» деген мақаласында отаршыл орыс топонимдерінің пайда болуын үш кезеңге бөледі: 1781-1822 жылдар – протекторат жүйесі, 1822-1876 жылдар – хандық басқарудың күйреп, сұлтандық жүйенің нығаюы, сұлтандық үкіметінің басқаруы, 1876-1917 жылдар болыстық басқару жүйесі [51, 22 б.].

Қазығұрт өңіріне қатысты отарлау саясатының нақты мысалдары (жоғарыда көрсетілген) Ресей империясының отарлау саясаты күшейіп, орыс шаруаларының жаппай қоныс аударуы, қазақтың байырғы жерлерін тартып алып, атамекен атауларын ауыстыру, соның нәтижесінде Қазығұрт жерінде орыс отарлау топонимдерінің пайда болуы дәл осы үшінші (1876-1917 жж.) кезеңге сай келеді.

«XIX ғасырда өмір сүрген орыстың белгілі географы Н.И.Надеждин «топонимика дегеніміз – жердің тілі, ал жер – географиялық атаулар арқылы адамзаттың тарихы жасалынатын кітап» десе, кеменгер жазушы М.Әуезов: «Біздің қазақ жер атын, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай өлкеге барсаң да жер, су, жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» – деп ой түйген. Қазақ халқының ат қою шеберлігіне қызыға қараған.

Ауданның ежелгі топонимикасы жоғарыдағы пікірмен үндесіп жатады. Бірақ түрлі соғыстар мен тартыстардың құрбаны болған ол атаулар ұмытылып, көне жұрттар мен қалашықтар төбеге айналған. Олардың саны бүгінде елуге жетеді. Солардың ішінде Жалпақсу, Тентектөбе, Сынтас, Жартытөбе, Қарауылтөбе, Сарытөбе, Жаументөбе, Ғұзион, Шұқырбекет, Сауыршы, Қышқорған ел жадынан шығып барады.

Кеңес өкіметі дәуірінде ел топонимикасының 90 пайызы өзгеріске

ұшырағанын байқауға болады. Мәселен, 1993 жылға дейін аудан көлемінде бір ғана В.И.Лениннің есімімен Ленин ауданы, Ленин селосы, Ленин аудандық кеңесі, Ленин атындағы колхоз, Ленин және Ленин жолы елді мекені, Ленин алаңы, Ленин көшесі, Ленин орта мектебі, Ленин мектеп-интернаты, «Ленин өсиеті» газеті деп аталып келді.

Аудан көлемінде территориялық бөлініске түскен 74 елді мекен, 30-ға жуық өзен, су аттарын мына төмендегідей саралауға болады: коллективтендіру кезеңіндегі атаулар – *Жаңабазар, Жаңажол, Жаңатұрмыс, Жұмысшы, Қызылдихан, Тілектес, Үлгілі, Ынталы, Қызылтаң, Еңбек, Өндіріс, Еңбекші, Жаңаталап, Қызылту, Алғабас*; ірі саяси оқиғаларға байланысты атауларға *1-май, Қазақ ССР-ның XX жылдығы, Коммунизм, Жеңіс*; орыс тіліндегі және орыс тілінен енген атауларға *Лесхоз, Пришкольное, Заготскот, Новостройка, Комсомол, Старый Чанак*; кісі аттарына қатысты атауларға *Карл Маркс, Киров, Калинин, Ленинск, Ленин жолы, Ф.Энгельс, Аманкелді, Крупская, Абай*; жер рельефі мен оның пейзаждық болмыс-бөліміне байланысты атауларға *Аққұм, Алтынтөбе, Қарабау, Қосағаш, Айнатас, Бейнеткеш, Жігірген, Қарабастау, Көкібел, Құларық, Қызылата, Қызылбұлақ, Майбұлақ, Бұлбұл, Жіңішке, Талдыбұлақ, Көктөбе, Ақтас, Атбұлақ, Қызылдала, Шанақ, Ақжар, Ызабұлақ, Шарбұлақ* елді мекендері жатады. 2002 жылдың қаңтарында ауданда 12 ауылдық әкімшілік округтер болды. Олар: Алтынтөбе, Жаңабазар, Көкібел, Қазығұрт, Қакпақ, Қарабау, Қызылқия, Рабат, Тұрбат, Шанақ, Шарапхана, Шарбұлақ» [19, 150 б.].

Қазығұрт өңірі топонимиялық жүйесі, көріп отырғанымыздай, ғасырлар бойы қалыптасып, түрлі тарихи кезең мен дәуірлерде өзгерістерге ұшырап отырған. Бұл өзгерістер біз қарастырып отырған өлкенің және Оңтүстік, ары барғанда Қазақстан аумағындағы болып өткен үлкенді-кішілі тарихи процестерге, оқиғаларға қатысты өрбіді. Яғни өлке тарихының іздері сол өңірдің жер тілі топонимиясында қалып отырады. Осы тұрғыдан келгенде, шын мәнісінде «топонимия – тарих айнасы».

Қазығұрт аймақтық топонимиясының қалыптасуына географиялық, тарихи, этномәдени алғышарттардың (факторлардың) өзара ұштасып, ықпал еткені анық. Өйткені кез келген өңірдің, өлкенің, бүкіл елдің топонимиясы тек тілдік фактілерден құралмайды – топонимиялық жүйені қалыптастыруда, өзіндік ерекшеліктерін және келбетін түзуде сол өңірдің (өлкенің, елдің) географиялық ортасы, төл тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымы белсенді түрде қатысады.

Қазығұрт өңірі топонимиясының қалыптасуындағы этномәдени факторлар

Оңтүстік Қазақстан өлкесі топонимиясын зерттеушілері атап көрсеткеніндей: «Аймақтық топонимдердің өзіндік ерекшелікпен қалыптасуына мынадай негізгі үш фактор әсер етеді: географиялық, этномәдени, тарихи-әлеуметтік. Осы үшеуі диалектикалық процесс үстінде бірлікте болады» [33, 21 б.].

Этномәдени фактор географиялық фактормен тығыз байланыста болады, себебі этностың негізгі кәсібі, тұрмыс-шаруашылығы және соларға қатысты әдет-ғұрыптары мен этнотанымы белгілі бір географиялық ортада қалыптасады, географиялық орта оларға алғышарт және негіз болады.

Белгілі кеңес этнографы Ю.В.Бромлейдің айтуынша: «Халықтың қалыптасуы мен дамуына оның әртүрлі материалдық мәдениетінің сапаларынан бастап, этнонимдеріне дейін географиялық ортаның тікелей де, жанамалай да әсер еткен көріністерін байқаймыз» [52, 264 б.].

Географиялық орта, яғни ел этнос немесе аймақ (өлке) тұрғындарының мекен етіп жатқан территориясының физика-географиялық жағдайы мен ерекшеліктері шаруашылықтың мәдени түрін (шаруашылықты жүргізу формасы) таңдау мен айқындауға шешуші ықпал етеді.

Қазығұрт өңірінің физика-географиялық жағдайы мен ерекшеліктері бұл өлкеде көне замандардан бері көшпелі, жартылай көшпелі түрінде мал өсіру, түрлі дақылдар шаруашылықтарымен айналысу үшін өте қолайлы болған. Сонымен қатар бұл өңірде ежелден қала мәдениеті мен өркениеті дамыған.

Шаруашылық жүргізудің әр түрі сол шаруашылық саласымен айналысқан халықтың материалдық және рухани мәдениетіне өз ізін қалдырады, тіпті сол халықтың мәдениеттің негізі мен алғышарты болып келеді. Халықтың шаруашылық түрі, материалдық және рухани мәдениеті ұлттың лексикалық жүйесінде бейнеленеді, ономастикалық сөз қорында өз көрінісін табады.

«Әр этностың өмір сүру сипаты, ұлттың рухани ерекшеліктері, ойлау ұғымдары мен бағыт-байламдарын сипаттайтын тілдік жүйесі арқылы ана тілде сақталады. Ол – әр халықтың материалдық, экономикалық, әлеуметтік жағдайына байланысты дамитын, қоғамдық санасына сәйкес негізделетін» ұжымның жадында жинақталған жүйе» (Ю.М.Лотман). Олай болса, мәдени атауларының жүйелі тілдік көрінісін *мәдениеттің метатілі* деп қарауға болады», – деп жазады қазақ тіліндегі этномәдени атаулардан танымдық негіздерін зерттеген ғалым, профессор

Ж.А.Манкеева [53, 18 б.].

Қазақ мәдениеті метатілінің құрамдас бір бөлігі – қазақ тіліндегі ономастикалық сөздік қоры. Әрине, сол баға жетпес ономастикалық тілдік байлықта аймақтық топонимиялық бірліктердің де өз орны бар.

Сонымен, аймақтық топонимиялық жүйені қалыптастыратын этномәдени факторлар қатарында шаруашылықтың мәдени түрлері болатын болса, Оңтүстік Қазақстан өлкесінде ежелден отырықшы және көшпелі мәдениеттер дамыған. Тарихшы ғалымдардың Оңтүстік Қазақстан өлкесінде осы шаруашылық түрлерінің дамуына ықпал еткен географиялық жағдай ерекшеліктері, экологиялық факторлар мен Оңтүстік Қазақстан өңірінің Ұлы Жібек жолының бойында орналасқандығы деп атап көрсетті [54].

Малшаруашылығын жүргізу этномәдени фактор ретінде қазақ халқының өмір болмысына, тұрмыс-тіршілігіне, танымына, әдет-ғұрыптарына т.б. шешуші әсер етті. Ал енді қазақ этносының бүкіл болмысына ықпал еткен төрт түлік малды өсіру шаруашылығы тікелей және жанама түрде де қазақ тілінің лексикасында, фразеологиялық қорында тайға таңба басқандай өз ізін қалдырды.

Көшпелі малшаруашылығының әдіс-тәсілдері қоршаған ортаны, табиғатты тиімді пайдалануға қатысты қалыптасып, дамыды. Көшпелі малшаруашылығы географиялық ортамен тығыз байланысты, сол себептен табиғаттың физика-географиялық жағдайлары мен ерекшеліктері қазақ тілінің халықтық географиялық лексикасында, ұлттық топонимиясында кеңінен және нақты бейнеленеді. Қазақ халқының табиғат танымы өте жоғары деңгейде болған.

Көшпелі өмірдің қоршаған ортамен тығыз байланысы және осы байланыстың нәтижесінде қазақ халқының географиялық терминологиясы өте бай түрде дамығандығы жөнінде Ғ.Қ. Қонқашбаев былай деп жазады: «Өмірдің өзі көшпелі қазақты өрістің ерекшеліктерін нақты білуге (бедер ерекшеліктерін, климаттың, өсімдіктердің, су қоймаларының түрлерін, оларды малға пайдаланудың маусымдықтық ерекшеліктерін т.б.) ғана үйреткен жоқ, сонымен қатар көшу кезінде бағыт болатын, қолайсыз ауа райында малға пана болатын ландшафттық ерекшеліктерді білуге үйретті. Міне, сондықтан да өзен-сулармен, өсімдік әлемінің ерекшеліктерімен байланысты қазақ тіліндегі географиялық терминдер көп және әртүрлі. Таудың, алқаптың, өзеннің, көлдің, жайылымның, керек десеңіз солардың бір кішкене ғана бөлігінің өз алдына жеке атауы бар. Мұндай ерекшелік басқа халықтарда, әсіресе, жер өңдеумен айналысатындарда жоқ деуге болады» [7, 14 б.].

Қазақ халқы аса бай географиялық терминологияға ие екенін, сол ұлттық терминологияның бір бөлігінің (жер бедеріне қатысты) тізімінен

де байқауымызға болады: қолат, қорым, құз, қуыс, қия, мүйіс, өзек, ой, ойпаң, ойпат, өлке, ор, өр, сара, сарыдала, сахара, сеңгір, доңғал, дөң, дөңес, дала, далашық, жазық, жапан, жертас, жыра, жыраша, жырашылық, заңғар, қапшағай, қапсағай, қатпар, кезең, кемер, қобы, бұлтақ, бұдыр, даба, дабан, індер, ола, рай, толағай, хамар, аңғар, алқап, адыр, айыр, сырт, тақыр, тарам, тарау, арт, асу, байтақ дала, байыр, атанақ, ая, ылди, ық, шытырмен, шырым, шың, шым, шұрат, шүйгін, шұқыр, шұңқыр, шұқанақ, сораң, суазар, көтерме, құлама, құлау, қыспақ, жайылма, жар, ширық, жырық, қағыл, бүгілме, бөктер, боз, көгал, қоңыр, қоңырқай, көк, қара, борбас, борбастық, борпық, тас, төмпей, төмнешік, томар, төбе, теріскей, тепсең, тебін, шабарты, айдала, алап, алаң, алайатыр, алқап, аңыз, былқылдақ, шөп, шөлейт, шоқат, шоқы, шиір, шет, шаңырақтас, шалғын, шақат, шабынды, үстірт, үрме, үңгір, үйік, тұрме, тұмық, бидайық, бұтақ, арқа, тастақ, биік, ашық, тау, сандықтас, балақтау, асқартау, алатау, қаратау, тазтау, қотыртау, төс, төскей, өртең, қорған, қорық, көк орай, жайлау, қараш, жалағаш т.б. [55, 386 б.].

Осы тұста келтірілген жер бедері (рельеф) халықтық терминдері жердің егжей-тегжейіне дейін, жайылым түрлеріне дейін, тағы да басқа көптеген географиялық сипаты бар ақпараттарды өз бойында сақтаған. Бұл терминдер қазақ жер-су атауларында топонимдер құрамында жиі кездеседі.

Қазығұрт өңірі топонимиясында жоғарыда көрсетілген терминдердің біразы жергілікті жер-су атауларының пайда болуына негіз болды. Мысалы, *тас* – *Адам тас, Айнатас, Ата тас, Ана тас, Биіктас, Емдіктас, Керегетас, Күйеутас, Келіншек тас, Қаратас, Мешіт тас әулие, Монтайтас, Сырғыма су тас, Тасбұлақ, Тастұмсық, Түсіктас, Үйтас, Шілде тас* т.б.

Тас орографиялық термині арқылы құралған Қазығұрт өңірі топонимдік атаулары тек көшпелі малшаруашылығының ықпалынан пайда болды деуіміз артық болар, себебі таулы ландшафт сипатын көрсететін бұл термин мен топонимдер (*тас*, әдетте таулы аймақтарда көбірек кездесетін орографиялық термин) басқа да тарихи-мәдени мәліметтерге, ақпараттарға ие. Демек, малшаруашылығынан басқа да этномәдени факторларға байланысты туындаған. Бұл тұста біз *тас* компоненті бар Қазығұрт аймақтық топонимиясында кездесетін географиялық атаулардың мәдени, тарихи т.б. ақпараттарын ашып жатпаймыз, ондай талдаулар диссертациямыздың тиісті жерлерінде жүргізілмек.

Қазақ ономастикасының білгірі, профессор Т.Жанұзақтың айтуынша: «Қазақ тілі ономастикасының лексикалық құрылымы азды-көпті болса да,

көне заманнан бастап, бүгінгі күнге дейінгі халқымыздың тарихи-мәдени өрісінің ізін толық көрсете алады. Олардың құрамында төл сөзімізден қойылған атаулармен қатар басқа тілдерден енген атаулар да бар».

Қазақтың халықтық географиялық терминологиясына және топонимиясына еніп кеткен сөздер қатарындағы ирандық *сенгяр* географиялық апеллятивті Қазығұрт өңіріндегі Қызылсенгір тау атауының құрамында белгілі. Қазығұрт өңірі топонимдер құрамында кездесетін географиялық терминдердің бір бөлігі – малшаруашылығы этномәдени факторға қатысты туындаған және географиялық, этномәдени сипаттағы ақпараттарға ие.

Мәселен, *ащы* термині арқылы жасалған аймақтық топонимдердің географиялық – этномәдени ақпараттарын алып қарайық.

Ащы – Ташкент-Тұрбат жолының Шарбұлақ ауылы тұсындағы жер аты. Ауылдан 4-5 шақырым жерде. Итөлген сайы арқылы өтетін жолдың бойындағы жолаушылар аялдайтын жалғыз елді мекен болған. Бұрын бұл жерде аумағы әжептеуір тұзды көл болыпты. Оған қамыс өскен. Тұщы бұлақ та болған.

Ащы атауынан басқа да *Ащы Қарабау* – елді мекен аты, *Ащысай* – сай аты, *Ащы бұлақ* – бұлақ және елді мекен атауы Қазығұрт өңірінде кездеседі.

Ғ.Қ.Қонқашбаевтың «Казахские народные географические термины» атты мақаласында *ащылар* жөнінде былай делінген: «Ащылар жазықта ағатын өзендердің алқаптарында көп және солардың ойықты жағаларында орналасады. Ащылардың топырағы тұзды, шөбі шүйгін келеді, малға жақсы жайылым. *Ащы* термині көптеген гидрографиялық объектілердің құрамында кездеседі: *Ащы*, *Ащысай*, *Ащыбұлақ*, т.б. *Ащы* терминінің синонимдері – ащылауыт, сортаң, тақыр, шақат».

Төрт түлікті өсірудегі әдіс-тәсілдер тек жайылымдардың шөбіне қарай қатысты түзілмеген, сонымен қатар жайылымдардың маусымдық түрлері, жер бедерінің ерекшеліктері есепке алынып, көшпелі малшаруашылығын жүргізу барысында іске асырылып отырған. Мәселен, көшпелілер көбінесе малды желден ық болатын таудың күнгей жағына жайған. Қары қалың жерлер таудың теріскей беттері қыстың бастапқы кезінде немесе аяғында, ал жазық жерлер мен таудың теріскей беттері қыстың ортасына қарай пайдаланылған.

Жазғы жайылымдар мұнан өзгеше. Көшпелілер жайлауға шөбі ну, құнарлы жазық жерлерді немесе қыс кезінде қардың қалыңдығынан, боранның күштілігінен пайдалануға мүмкіндік болмаған биік тауларды таңдаған. Күздің алғашқы айларында-ақ бұл алқаптарды қар басып, суық түседі де, мұнда қыс бойы мал аяғын баса алмайды.

Жазғы жайылымның енді бір түрі – жерасты суы жақын, шөбінің

құнарлығы күзге дейін сақталатын жерлер. Қырдағы өсімдіктер тек судың тапшылығынан тез қурап, құнарлығын тез жоғалатады. Таулы алқаптарда көшпелілер малды желдің өтінде жаюға тырысқан және жайылымға таудың теріскей беттерін немесе күнгей жақтағы шатқалдың, шыңның табандарын пайдаланған. Құрғақшылық кездері күннің ыстығында малды таудың биік жерлеріне, желдің өтіне жайған» [33, 24 б.].

Малшаруашылығымен айналысқан қазақ халқының географиялық нысандарға ат қоюында сол шаруашылық түріне қажеттіктер толық ескерілген. Біріншіден, жер бедерінің, өсімдік жамылғыларының, ландшафт ерекшеліктерін, табиғи су нысандарының мал өсіру мүдделеріне қарай малшы қазақ мұқият жіктей білген. Қоршаған ландшафтты танып-білу және күнделікті өмір тіршілігінде бұл білімді пайдалану барысында жинақталған тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа берілген.

Міне, осындай географиялық және этнотанымдық ақпараттар Қазығұрт өңірінде де ғасырлар бойы халықтың жадында, танымында сақталып келген. Тек Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда қазақ халқының тарихи-әлеуметтік және экономикалық жағдайы (материалдық өндіріс түрі) күрт өзгеріп кеткен соң, мұндай ақпараттық құндылығы мол топонимдік (микротопонимдік) жүйенің ішіндегі географиялық атаулардың байланыстық құрылымы әлсірей бастады. Мәселен, белгілі бір топонимдер (микротопонимдер) жайылым аттары екені ұмытылып, жай жер аты ретінде танылып қалды, сол сияқты қыстау, жазғы және күзгі жайлауларының аты ретінде емес, белгілі бір бұлақ, жер, төбе, тау т.б. атаулары түрінде қолданылатын болды. Осы құбылыстың басты себебі – қазақ өмірінде көшпелі малшаруашылығы материалдық өндіріс түрі ретінде жойылды, тарихи құрдымға кетті.

Дегенмен, қазақ топонимиясында соның құрамдас бір бөлігі болып саналатын кез келген аймақтық (жергілікті) топонимиясында көшпелі малшаруашылығына тікелей немесе жанама қатысы бар жер-су аттары күні бүгінге дейін сақталған. Топонимдердің осындай кумулятивтік қызметі арқылы талай ғасырлық тәжірибеден туындаған малшаруашылығын жүргізу тәсілдері мен көріністерін аймақтық топонимиядан да байқауымызға болады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қазақстан жерінің табиғи жағдайындағы ерекшеліктерге, тарихи кезеңдерге байланысты қазақтардың шаруашылығында айтарлықтай өзгешеліктер: 1) көшпелік жағдайда мал өсіру; 2) жартылай көшіп мал өсіру, қыстау төңірегінде егін салу; 3) отырықшылық жағдайда мал мен егін шаруашылығын қатар жүргізу қалыптасты [56].

Қазығұрт өңірінің табиғи-географиялық және климаттық жағдайларына байланысты қазақ шаруашылығының жоғарыдағы көрсетілген үш

түрі де ежелден осы өңірде орын алған.

«Шаруашылықтың жартылай көшпелі түрі дала, орманды, таулы өңірлерде қысқы тұрақтарға қоныстану сақ, үйсін тайпаларында кең таралған болатын. Көшудің тағы бір түрі – вертикальді көшу таулы аймақтарға, әсіресе Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарына тән болды. Қыстаулар тау-өзен аңғарларында, суық желдерден қорғалған, ық, тосындау жерлерде, тауалды көктемгі жайылымдар болса, биік альпілік шалғындарға (жайлау) көтеріліп отырған» [57, 154-155 бб.].

Қазығұрт таулы өлкесінің малшаруашылығына жайлы жақтары жөнінде мынадай мәліметтерді келтіруге болады: «Ауданды үш жағынан қоршай орап Өгем, Қаржан (Қосмола) және Қазығұрт таулары жатыр. Бұл таулар елдің алтын қоры болып саналады. Климаты жайлы, қоңырсалқын. Жайлау ретінде шөбі шүйгін, мал азығы болатын өсімдіктерге бай. Елдің негізгі байлықтарының бірі болып саналатын малы суық түскенге дейін, тіпті, қар жауғанша жайылады. Сондықтан да олар қоңды, мал қыстату науқанына шыдамды болып келеді. Нәтижеде мал басының кемуіне, өлім-жітімнің кем болуына септігін тигізеді» [19, 49 б.].

Қазығұрт өңірінің тау жайлаулары кезінде жергілікті елдің малшаруашылығында кең түрде пайдаланылған. Сондай жайлаулардың қатарында Ала қысырақ аңқи, Аңқи жайлауларын атауға болады. Мәселен, *Аңқи* – Қазығұрт тауынан 40-45 шақырым қашықтықта оңтүстік-батыста созылып жатқан тау аңғарындағы кең жайлау. Көктем, жаз айларында шөп жамылғысы көрікті, қызғалдағы құлпырып, шырыш, сасыр, құлқайыры жайқалып, тартып тұрады.

Аймақтық (жергілікті) тіл ерекшеліктерінің бір көрінісі (дерегі) ретінде Қазығұрт өңірінде жайлау атауы ретінде *аңқи* сөзі қолданылған.

Белгілі бір аймақта (территорияда) малшаруашылығын ұйымдастырудың түрлері мен тәсілдерін, ерекшеліктерін көрсететін жергілікті кейбір топонимдер болса, солардың қатарында малдың қоражайына байланысты жер-су аттары бар.

Көшпелілердің әдетте қыстау маңында арнайы қоршалған ашық немесе жабық қалқалары бар тастан, ағаштан, қамыстан, шымнан, қидан, шөп-шаламнан жасалған қоражайлары болған. Шөл және шөлейт аудандары мен таулы өңірлеріндегі мал қораларының айырмашылықтары едәуір екені байқалады. Мәселен, Мойынқұм мен Қызылқұм жерінде сексеуілден, тоқылған қамыстан ашық қоралар салынса, таулы аудандарда тастан тұрғызылған, төбесі жабық қоралар немесе үңгірлер қоражайлар ретінде пайдаланылған. Осындай тас қоралар Қазығұрт өңірінде *Қазығұрт қорасы*, *Қазығұрттағы қос үңгір*, *Жалтыр үңгір*, *Айшақора*, *Тасқора* сынды жергілікті топонимдермен аталған.

Мал өсіру ісінде табиғи сулар, су көздері, суаттар үлкен рөл атқарған. Өзендер мен бұлақтар тау өлкелерінде көп болғандықтан, малшаруашылығында сол табиғи суаттар пайдаланылған. Қазығұрт таулы өңірінде табиғи су көздері – өзендер мен бұлақтар, бастаулар молынан кездеседі: *Қотырыза, Ызабұлақ, Атбұлақ, Ортабұлақ, Жарбастау, Суықбастау, Базарбай бұлақ, Бөрішбұлақ, Сырлы, Көзді ата бұлағы, Көктөбе бұлағы, Сасықбастау, Күмісбұлақ, Кезеңбұлақ, Көкбұлақ, Кемербастау, Көлбастау, Кекілікбастау, Қарабастау, Қызылбұлақ, Қотырбұлақ, Құндыбұлақ, Маржанбұлақ, Молбұлақ, Майбұлақ, Талдыбұлақ, Тасбастау, Тәттібастау, Тасбұлақ, Терісбұлақ, Ұябұлақ, Үшбастау, Шарбұлақ, Шошқабұлақ, Бадам, Доңызбұлақ, Борбас, Жалпақсу, Қаржан, Өгем, Рабат, Ұя* т.б.

Табиғи су суаттары жоқ далаларда мал суару үшін құдықтар қазылатын [56, 172 б.]. Қазығұрт өңірі табиғи су көздеріне, табиғи суаттарына бай болғандықтан құдықтар өте аз кездеседі: *Кубіқұдық, Бөлешқұдық, Тасқұдық* т.б.

Қазығұрт өңірінің аймақтық топонимиясында үй жануарларына байланысты топонимдер кездеседі, дегенмен төрт түлікке қатысты географиялық атаулар көп те емес.

Қазақстанның орасан кең территориясында географиялық ортаның ерекшеліктеріне сай төрт түліктің белгілі бір түрлері геоэкологиялық, ландшафттық-климаттық зоналарға байланысты басым түрінде өсіріледі. Мәселен, шөл, шөлейт зоналарда басым түрінде түйе малы өсіріледі, ал Сарыарқаның бетегелі, қауданды боз оттарында негізінен жылқы түлігі өсірілген. Халық жырындағы: «жылқыны мыңнан өсірген – Арқаның тарлау бозы екен» – деген сөз тегін айтылмаса керек [56, 156 б.]. П.С.Паллас қазақтардың малшаруашылығымен шұғылданғанын айта келе, жылқы, қой, түйе, ешкі ұстайтынын, көшпелі малшаруашылығында сүтті ірі қараның өсіп-өнуіне, әсіресе, қысқы уақытта табиғат жағдайларының кедергі келтіретінін, тек жылқы мен қой малының басты орын алатынын атап жазады [58, 178 б.]. Қазығұрт аймақ топонимиясында *Қарақозы, Нарқұлаған, Ақбура, Ала қысырақ аңқи, Айғырұшқан, Айғыржыққан, Азартеке, Айғыржар, Биесыймас, Жылқыбайбұлақ, Итөлген, Қошқарата, Қошқарсойған, Текесу, Түйетас, Текеқамау*, т.б. зоотопонимдер бар. Осы келтірілген мал (төрт түлікке) атауларына қатысты топонимиялық тізбекте басым көпшілігі жылқы мен қойға қатысты атаулар. Осы кішкене тізбектің өзінен де қазақ малшаруашылығында жылқы мен қой түлігінің басты орын алатынын байқауымызға болады. Дегенмен, аталған өңірде түйе мен ешкі малын өсіргендігі жөнінде дерек ала аламыз.

Үй жануарлары аттарымен қойылған Қазығұрт өңірі топонимдері метафоралық атау болып келеді немесе белгілі бір жануарға байланысты

тікелей сол жерде болған оқиғаны көрсетеді. Мысалы, *Түйетас* атауы ұқсату белгісіне байланысты қойылған болса, жергілікті халықтың этимологиясы бойынша *Биесыймас* атауы сол жерде өскен қамыстың қалыңдығы соншалық, тіпті оның арасымен бие де жүре алмайды дегеннен шыққан. Бірқатар етістікті топонимдер немесе сөйлем ыңғайындағы жергілікті географиялық атаулар белгілі бір жануарға қатысты тікелей сол жерде болған оқиғаны көрсетеді: *Айғырұшқан, Айғыржыққан, Нарқұлаған, Қошқарсойған* т.б.

Қазығұртта құс атауларына байланысты да жер атаулары кездеседі. Мысалы, *Кекілікбастау* – су көзі, *Лашынхана* – биік шың, *Бүркітұя* – шың, т.б. Бұл зоонимдік географиялық атаулар Қазығұрт өңірінде аталған құстардың болғанын, кездесетінін көрсетеді және сонымен бірге осы өңірде құсбегілік, саятшылық кәсіптің дамығаны жайында да хабардар етеді. «Көшпенді малшаруашылығының дамуына алғышарт рөлін аңшылық кәсіп атқарған. Аң аулауда жергілікті қазақтар бүркіт пен тазы иттерді пайдаланған. Үйретілген аң аулайтын құстардың ішінде бүркіт, сұңқар, қаршыға маңызды рөл атқарған. Сұңқар құстарды кеудесімен қағып түсірсе, ал лашын, ителгі, бүркіт – қасқыр, түлкі, қоян, бөкен, үйрек, дала қаздарын т.б. аулайды. Олардың артынан тазы иттерді салып отырған. Тәулігіне кейде 5-15 бөкен, күзгі аң аулау кезінде қаршыға 50-150 үйрекке дейін аулайтұғын. Аң аулауда ең басты маусымдық ерекшелік қыс айларында аңға бүркітпен, көктем-күз аралығында қаршыға, ителгімен шығатын. Құсбегілер барлық жыртқыш құстардың ептілігін болжап анықтай алған» [57, 159 б.].

«Көшпелі малшаруашылығын жүргізу барысында табиғи географиялық нысандар көптеген қызмет атқарған деп есептеуімізге болады. Мәселен, кейбіреулері жайылым, суат, қоражай т.б. ретінде пайдаланылған. Ал енді кейбір табиғи нысандар мен оның атаулары (топонимдер), сонымен бірге мал өсіру жағдайында көші-қон кезінде белгі қызметін атқарған. Белгі қызметін атқару үшін топонимдер сол немесе басқа бір географиялық нысанның айрықша белгісін бөліп көрсетуі керек», – деп жазды кезінде белгілі географ-топонимист Ғ.Қонқашбаев [7, 22 б.].

Қазақ топонимдерінің басым көпшілігі бағыт-бағдарды оңай айқындайтын табиғи (географиялық) нысанның айрықша белгілерін көрсетеді. Сондай белгілердің қатарына аталған жер-су нысандарының түсін, түрін, пішінін, көлемін т.б. ерекшеліктерін жатқызуға болады.

Көшпенді қазақтардың географиялық нысандарын мал жаю, көшу-кону мұқтажықтарына сәйкес, яғни бағдар-бағытты айқындау үшін көзімен көру қабілеті айрықша, өте жоғары болған. ХІХ ғасырдың «орыстың Гумбольдті» деп атанған саяхатшы П.А.Чихачев былай деп

жазған: «Қазақтарға тән өзгеше қасиеттердің ішінен есту мен көргенін жадында сақтау қабілеттерінің айрықша екенін атау керек. Рас, көшпенді халықтардың бәрі мұндай қабілетпен ерекшеленеді. Бұған көптеген дәлелдерді Шығыс елдерін толассыз шарлаған кезімде алтайлықтардан, тувалықтардан және де басқа сібір халықтарынан ғана емес, арабтардан да, күрдтерден де және түріктерден байқадым. Бірақ бұл халықтардың ішінен осы қабілеттерінің шектен тыс дәрежеде дамуымен мені қазақтардай таңқалдырғаны есімде қалмапты. Қазақтарды бақылағандардың барлығы да олардың бұл ерекшелігіне таңқалған» [59, 115 б.].

Қазығұрт аймақтық топонимиясында қазақтардың көзінің көргіштік қабілеті ерекшелігіне негізделген топонимдер жиі кездеседі. Қазығұрт топонимиясында, мәселен, түске байланысты географиялық атаулар аз емес. Бұлардың құрамында *қара, ақ, қызыл, сары, көк, боз* сын есімдері ұшырасады. Бұл түсті білдіретін сын есімдер әдетте аталған нысанның түсін немесе түрін білдіреді де, *тау, тас, төбе, бұлақ, су, құм, сай* т.б. географиялық нысандарды анықтау үшін қызмет етеді. Бағыт-бағдарды анықтау үшін түс белгісімен аталған табиғи нысандардың аталған түске байланысты түстен бөлек сипаты бар екендігі жөнінде А.Н.Кононов, Е.Қойшыбаев т.б. ғалымдар жазған. Мәселен, Е.Қойшыбаев *Ақтөбе, Ақдөң* топонимдеріндегі «ақ» – сын есім, «шөп», «шөпті» деген мағынаны білдіреді деп санайды [60, 185 б.]. Геологтардың пікірінше, *Ақтас, Ақтасты, Ақтау, Ақдөң* сияқты оронимдеріндегі «ақ» осы аталған орографиялық нысандардың құрамында гипс, әк, мәрмәр т.б. бар екендігін көрсетеді. Ал академик А.Н.Кононов өзінің мақаласында *ақ* лексикалық элементті гидронимдерде ежелгі түркі тілдеріндегі «ағу» деген мағынада қолданылып, осыдан кейін *Ақсу* – «ағынсу» дегенді білдіреді деп көрсетеді [61, 83 б.].

Қазақ тілі лексикасындағы көпмағыналық сөздердің бірі – *қара* сөзімен Қазығұрт жер-су атауларының құрамында төмендегідей топонимдер кездеседі: *Қаратас, Қарабау, Ащықарабау, Қаракемер, Қарашоқы, Қарабастау, Қарақозы* т.б. Байқап отырсақ, бұл атауларда *қара* сөзі табиғи (географиялық) нысанды атайтын терминнің алдында келіп, анықтауыштық қызмет атқарып тұр, яғни аталған нысанның түсін айқындап көрсетуде. Сонымен бірге кейбір топонимдерде *қара* сөзі географиялық нысаны түстен бөлек сипатын да меңзеп тұр. Мәселен, *Қаратас* атты орографиялық объектілердің *қара* түсті болуы тастың құрамында темір қосындылары болуынан деп есептеледі, яғни *қара* түсті тастар темірі бар тастар, ал, мәселен, *көк* түсті тастарда мыс қосындылары (рудасы) болады, ал *ақ* тастарда гипс, әк, *ақ* түсті мәрмәр болатындығын *ақ* сөзі (анықтауыш) көрсетеді.

Қазығұрттағы *ақ* сөзіне байланысты топонимдер (микротопонимдер)

түрлі географиялық нысандарға қатысты қойылған: *Аққұм* – терең сай, аңғар (каньон), *Ақбура* – бұлақ, *Ақбастау* – бастау, *Ақжар* – жар, *Ақсай* – тақыр сай, *Ақпарақ* – өзен, *Ақтас* – қырат, *Аққұм* – ауыл, *Ақкөйлек* – бұлақ т.б.

Ақ сөзіне қатысты жоғарыда келтірілген геологтардың пікірін, яғни *ақ* сөзі, түстен басқа мәндермен байланысты, дәлдеп айтсақ гипс, әк, мәрмәр сипаттарында да айқындайтынын Қазығұрттағы Аққұм каньоны арқылы да дәлелдеуімізге болады. Өйткені осы каньонның тастарын жергілікті тұрғындар әк ретінде пайдаланады. *Ақтас*, *Ақсай*, *Ақжар*, *Аққұм* географиялық атауларындағы *ақ* аталған табиғи нысандарының *ақ* түсіне байланысты қойылған деп есептеуімізге болады. Мысалы, *Ақбастау* елді мекені *ақ* топырақты жер қойнауынан шығып жатқан суы мол (*ақ*) бұлақтың атымен аталса, *Ақжар* елді мекеннің атауы *ақ* топырақтан түзілген үлкен жарларға байланысты туған.

Қызыл сөзі Қазығұрттың аймақты топонимиясында көптеген жер-су аттарында кездеседі: *Қызылдала* – елді мекен, *Қызылсеңгір* – елді мекен, тау; *Қызыл бұлақ* – бұлақ, *Қызылата* – өзен, *Қызылқыр* – төбе, *Қызылқия* – ауыл, *Қызылтал* – ауыл, *Қызылтаң* – елді мекен, *Қызылту* – елді мекен. Мұндағы *Қызылдала*, *Қызылсеңгір*, *Қызылқыр*, *Қызылқия* атауларындағы *қызыл* сөзі сол объектідегі топырақтың, тастың, өсімдіктің түсіне байланысты алынса, *Қызылтаң*, *Қызылту*, *Қызыл диқан* атаулары Кеңес үкіметі орнау кезеңінде, яғни өңірдегі колхоздастыру (коллективизация) жұмысының барысында берілген.

Қазығұрт өңірінде *көк* сөзінің қатысуымен жасалған атаулар: *Көкбек*, *Көккор*, *Көкбұлақ*, *Көкжаңғақ*, *Көкмойын*, *Көктерек*. Мұндағы *Көкбек*, *Көккор*, *Көкбұлақ*, *Көктөбе*, *Көкжаңғақ* атаулары жердің түсіне байланысты қойылса, жергілікті тұрғындардың пікірінше, *Көкбұлақ* атауындағы *көк* – «көкжөтел» мағынасында қолданылып, бұлақ «жөтелге қарсы емдік су» ретінде аталған.

Құрамында *сары* сөзі бар топонимдер Қазығұртта санаулы ғана: *Маңсары*, *Сарыүйсін*, *Сарыалма*. *Сарыүйсін* атауы этнонимдік топоним болып саналады, себебі жер ру атымен қойылған, яғни сол жерді сарыүйсіндер мекендеген болуы керек. Алайда түркі (қазақ) топонимиясында *сары* түрлі мағынада қолданылады. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан топонимиясында *сары* – «үлкен көк», «кең» мағыналарында да белгілі екенін қырғыз топонимист ғалымы К.Қонқабаев та көрсеткен [62, 101 б.].

Қазақ географиялық атауларындағы *сары*, *сар* сөздерінің түп төркіні кейде иран (тәжік) тілдеріндегі «басты» (главный, главной) түбірінен (мағынасынан), болмаса түркі тілдеріндегі *сары* – «просторный, широкий,

сложный» мағыналармен байланысты екенін Е.Қойшыбаев өз сөздігінде атап көрсеткен [63, 101 б.].

Түр-түске қатысты қойылған топонимдер негізінен адамдардың көру арқылы қоршаған ортаны қабылдау, тануымен байланысты. Олай болса, Қазығұрт өңірі географиялық атауларының арасында нысанның (объектінің) түсін білдірмесе де, түрін және де басқа көріністерін білдіретін бірнеше атаулар бар: *Айнатас, Жалтыр, Жалтыруңгір, Сырлы, Кілемтас*.

Бұл топонимдерде объектілердің қасиеттері мен сипаттары негізінен адамдардың көру қабілеті арқылы сөзде таңбаланған. Мысалы, *Сырлы, Кілемтас* атаулары нысанның түрлі түске боялған кілемдей құлпырып жатуынан, сан түрлі бояумен сырланғандай көрінетіндігінен пайда болған.

Қазығұрт топонимиясындағы сандық мәндегі сөздер де адамдардың нысандары көзбен көру қабілетіне байланысты қойылған деп есептеуімізге болады. Алайда кейбір жалқы есімдердегі (топоним, этноним, антропонимдер) сан атаулары басқа мағыналарға да ие болуы мүмкін. Ономаст ғалымдар Т.Жанұзақовтың, Е.Қойшыбаевтың зерттеулеріне зер салсақ, жалқы есімдердің (топоним, этноним, антропоним) және фразелогиялық тіркестердің құрамында кейбір сан есімдер өзінің бастапқы мағынасынан ауытқып, басқа мағынаға ие болатындығын да көреміз [64, 65 б.].

Қазығұрт топонимиясындағы сан есімдер көбінше өзінің тура мағынасында қолданылады. «Бір» мағынасында *жалғыз* сөзі төмендегі топонимдерде кездеседі: *Жалғызбастау, Жалғыз долана, Жалғызтал, Жалғызқұдық*. Қазығұрт өңірі топонимиясында *жарты* сөзі де қолданылған: *Жартытөбе*.

Қатар орналасқан табиғи нысандарды атау үшін *қос* сөзі қолданылады да «екі» деген сандық мағынаны білдіреді. *Қосағаш, Қосмола, Қазығұрттағы қос үңгір*. *Екі* сөзіне байланысты *Екі Заңғар* тау аты бар. Қазығұрттағы үш санымен байланысты атаулар: *Үштемір, Үштөбе, Үшбастау, Үшбұлақ, Үшборбас* болып келеді.

Қазығұрт аймақтық топонимиясында *төрт* сөзіне қатысты географиялық атаулар да кездеседі: *Төрткүл төбе, Төртқұдық, Шарбұлақ*. *Шарбұлақ* атауындағы *шар, чар* түбірі парсы тілінде «төрт» деген мағынаны береді.

Шарбұлақ атауының шығуы туралы жергілікті тұрғындарда мынандай аңыз бар. Аңыз бойынша, жоңғар қалмақтары қазақ жерін басып алғаннан кейін алым-салықты көбейтіп, тіпті ауызсуға да салық салған. Ел судан әбден тарыққан кезде әулие Ысмайыл ата таяғын төрт жерге сұғып алғанда, сол орыннан төрт бұлақ қайнап шыққан екен.

Қазығұртта *алты* санына байланысты *Алтыбұлақ*, ал *жеті* сөзіне

катысты *Жеті Зағара, Жетіүңгір, Кіші Жетісу* топонимдері бар.

Қырық және *мың* сөздерінен құрылған топонимдер аталған географиялық нысанның нақты санын көрсетпейді, «көп» мағынасында қолданылған.

Аймақтық топонимиясының «айнасында» жергілікті географиялық ортаның сипаты мен ерекшеліктері ғана географиялық атаулар арқылы өз көріністерін беріп тұрған жоқ, сонымен қатар сол аймақ тұрғындарының кәсібі, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары топонимиялық (микротопонимиялық) жүйеде өз ізін қалдырып отырған.

Көшпелі малшаруашылығы географиялық ортамен тығыз байланысты, оның ішінде мал жаюдың ерекшелігі, тәсілі, формасы физика-географиялық ерекшеліктермен арақатынаста болады. Көшпелі өмірдің қоршаған ортамен тығыз байланысы қазақ тілінің лексикалық құрылымына әсер етпей қоймайды. Бұл жөнінде 1951 жылы Ғ.Қонқашбаев былай деп жазған еді: «Өмірдің өзі көшпелі қазақты өрістің ерекшеліктерін нақты білуге (бедер ерекшеліктерін, климаттың, өсімдіктердің, су қоймаларының түрлерін, оларды малға пайдаланудың маусымдық ерекшеліктерін т.б.) ғана үйреткен жоқ, сонымен қатар көшу кезінде бағыт болатын, қолайсыз ауа райында малға пана болатын ландшафттық ерекшеліктерді де білуге үйретті. Міне, сондықтан да бедер элементтерімен, өзен-сулармен, өсімдік әлемінің ерекшеліктерімен байланысты қазақ тіліндегі географиялық терминдер көп және әртүрлі таудың, алқаптың, өзеннің, көлдің, жайылымның т.б. кішкене ғана бөлігінің өз алдына жеке атауы бар. Мұндай ерекшелік басқа халықтарда, әсіресе, жер өңдеумен айналысатындарда жоқ деуге болады» [16, 24 б.].

Академик Ю.В. Бромлей және Ғ.Қонқашбаев атаған заңдылықтар Қазығұрт өңірі топонимиясында өз көрінісін тапқан деп есептеуімізге болады. Бұл өңірдің физика-географиялық ерекшеліктері және де сол ерекшеліктерге негізделген малшаруашылығының кейбір сипаттары аймақтық топонимияда (микротопонимияда) топонимдер (микротопонимдер) арқылы тілдік (ономастикалық) деңгейде вербалданған, яғни көрсетілген. Осы ойымызды айғақтайтын топонимиялық деректер тараушада кеңінен берілген.

Қазығұрт өңірі топонимиясы қалыптастырған этномәдени факторлар қатарына малшаруашылығымен қоса егін шаруашылық (отырықшылық) факторын да жатқызуымызға болады. «Орта Азия мен Қазақстан табиғаты жерінің кеңдігі жер өңдеуге және көшпелі малшаруашылығымен айналысуға мүмкіндік берген. Ондағы жеміс ағашы мол тау, тау етектері мен өзен жағалаулары жер өңдеуге ертеден-ақ тиімді болса, шөл мен сайын далалардың жайылымдары мал асырауға қалыпты болған. Ал ылғалы мол тау бөктерінде жер өңдеуге де, мал жаюға да болады» [16,23-

29 б.]

Келес өлкесін археологиялық жағынан зерттеген кеңес ғалымы Г.В.Григорьев былай деп жазады: «Тек қана көшіп жүретін халық болмайды. Кез келген көшпелі халық өзіне керек болатын жеміс-жидек, астық өңдеу үшін жер шаруашылығымен де айналысады. Сақ қалаларын зерттеу кезінде көшпелі шаруашылық дамығанмен, олардың көбі отырықшы болғанын байқаймыз. Біздіңше, оларда еңбек бөлініс жақсы дамыған болса керек. Тұрғындардың бір бөлігі көшпелі болса, бір бөлігі отырықшы болған» [16, 30 б.].

Қазығұрт өңірінің топонимиялық деректері бұл өңірде көне заманнан бері шаруашылықтың көшпелі және отырықшы түрлері мен көшпелі және отырықшы өмір салтының бір-бірімен ұласып жатқанын байқатады. В.П.Курылев «...қырғыздар мен қазақтарда ХІХ ғасырда шаруашылықтың негізгі үш типі болған: көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы. Шаруашылықтың соңғы түрі Қазақстанның оңтүстік өңірінде интенсивті егіншілікпен үйлестіре жүргізілген», – деп жазды [66, 166 б.].

Жер өңдеу немесе егіншілікпен айналысу отырықшы өмірдің қалыптасуына негіз болғаны белгілі. Егіншілік материалдық өндірісі қала мәдениетінің қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер еткен, сол себепті егіншілікпен айналысқан аймақтар көне заманнан бері қала мәдениетінің ірі ошақтары болып келеді. Академик Ә.Х.Марғұлан былай деп жазған: «Шу, Талас, Сырдария өзендерінің жағалауы ертеректе қала мәдениетінің қайнаған ортасы болған. Оған қалалар мен елді мекендердің ескі қалдықтары және ертедегі Қазақстан халқының қолөнер туындыларымен айналысқанын көрсететін қыштан жасалған зат сынықтары мен жер өңдеуге арналған құралдар, теңге және өнер туындылары куә болады» [67, 186 б.].

Қазығұрт өңірінің ежелден бері қала мәдениетінің орны болғанын деректейтін археологиялық жәдігерлер мен, әрине, топонимиялық атаулар. Мәселен, Қазығұрт өңіріндегі *Тұрбат* елді мекені Қазақстанның көне қалаларының бірі болып саналады: «Тұрбат өңірі ескі қалалардың орны болатын. Бір кезде Ұлы Жібек жолының дәл төсінде жатқан маңызды қаланың бірі. Ол көне дәуірдегі бір-біріне жапсарласып жатқан көне қалалардың шоғырланған орнының бірі болатын» [19, 327 б.].

Ұлы Жібек жолында орналасқан Қазығұрт өңірі көне замандардан бері қала мәдениетінің бір ошағы болған. Отырықшылыққа, яғни қала мәдениетіне байланысты өңір топонимиясында жоғарыда сөз еткен және де басқа астионимдер мен топонимдер кездеседі. Солардың бірі – «қорған» термині арқылы жасалынған аймақтық топонимдер *Қышқорған*, *Ордақорған* т.б.

Сонымен қатар қала құрылысы терминдерімен байланысты *Рабат*,

Шұқырбекет, Бижан сарайы атты топонимдер Қазығұрт аймақтық топонимиялық жүйесінде өз көрінісін тапқан.

Аймақтық топонимияға әсер ететін этномәдени факторларға жергілікті тұрғындардың рухани және материалдық мәдениетінің әдет-ғұрпы, тұрмысы, кәсібі, наным-сенімдерінің ерекшеліктерін жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, аймақтық топонимдердің ұлттық және аймақтық ерекшелікте қалыптасуына сол өлкені мекендеуші этностың тұрмысы, кәсібі, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі әсер етеді [68, 104 б.].

Жергілікті топонимдер жүйесінде сол өлкені мекендеуші халықтың өмірі, тұрмыс-тіршілігі, танымы т.б. көрініс тапқан. Халқымыздың және де белгілі бір өңірді мекендеуші елдің ұлттық ерекшеліктерін бейнелейтін топонимдер мен географиялық терминдердің Қазығұрт өңірі аумағында қатары айтарлықтай.

Орыс ғалымы, академик Н.И.Толстойдың пікірінше, географиялық терминология лексикалық және мағыналық астарларда, басқа да терминологиялық салалармен адам және жан-жануар дене мүшелерінің атауларымен қатар ыдыс, тоқу құралдары, үй, ауа райы т.б. аттармен байланысты болады [69, 257 б.].

Қазақ халықтық орографиялық терминологиясын зерттеген Е.Ә. Керімбаевтың байқауынша, құрамында үй, үй мүлкіне, киім-кешекке қатысты сөздері бар қазақ орографиялық терминдері ұқсату, теңеу (метафора) арқылы қалыптасқан. Мәселен, *сандық, кебеже, кереге, шаңырақ* т.б. атаулармен жер бедері (орографиялық) нысандарына ат қою қазақ халықтық орография терминологиясының ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді. Мұндай сөздермен аталған этнографиялық реалийлер басқа, мысалы, славян халықтарында жоқ болғандықтан, басқа ұлттық орографиялық терминология құрамында бұл тәрізді сөздер кездеседі [18, 175 б.].

Осындай ұлттық орографиялық терминдер арқылы қалыптасқан жергілікті топонимдер Қазығұрт өңірі топонимиясында кездеседі: *Керегетас, Биіктас, Ескішанақ, Күбіқұдық, Қазанишұңқыр, Рысқұлбектің қазаны, Тоқымдық, Бағаналы* т.б.

Жергілікті тұрғындардың айтуынша, «Керегетас» атауы тастың киіз үйдің керегесіне ұқсас болуынан туындаған.

Ескішанақ – Ыза бұлақ пен Шанақ елді мекені орталығында биіктігі 1000 метрге жуық үлкен тауға ұқсас жоталар. Елдің түсінігінше, қазақтың ертеден келе жатқан диірменінің бидай салатын шанағына ұқсас, тек бидай түсетін сияқты аңғары болған – сол себепті «шанақ» деп аталған.

Күбіқұдық – Рабат ауыл әкімдігі Амангелді бөлімшесінің шығысында арша ағашынан қаланған құдық. Құдық маңындағы тастың күбіге ұқсас

болғандығынан құдықтың аты осылай аталған. Күбі – айран, қымыз пісуге, май түсіруге арналған ағаштан жасалған, ауыз жағы тарлау келетін піспегі бар ыдыс [70, 368 б.].

Тоқымдық – Рабат ауылының Амангелді бөлімшесіндегі жер атауы. Құдық қазған жерден мол суды тоқтата алмай, су көзіне тоқым тығып бекіткен екен. «Тоқымдық» атауы жергілікті тұрғындардың түсінігінше, «тоқым тық» деген сөздерден шыққан.

Жорғарыда келтірілген этномәдени мазмұны мен сипаты бар топонимдер Қазақстанның басқа өңірлерінде де кездесуі әбден мүмкін. Алайда Қазығұрт аймақтық топонимиясына ғана тән кейбір этномәдени топонимдер Қазығұрт жер-су аттарының құрамында ұшырасады. Солардың бірі, біздің пікірімізше, *Жетізағара* атауы. Бұл атаудың эндемикалық (осы аймақта ғана) мәні екі себеппен түсіндіріледі: 1. Қазақстанның, соның ішінде Оңтүстік Қазақстанда «Зағара» сөзімен құралған жер-су атаулары жоқ. *Зағара наны* жүгері ұнынан пісіріледі – ондай тағам түрі Қазақстанның осы өңірінде ғана белгілі және де *зағара* сөзі жергілікті тұрғындардың тілінде, яғни диалектте ғана кездеседі; 2. Осы атаумен байланысты аңыз-әңгіме тек осы өңірде ғана (шектеулі аймақта) локальді түрде белгілі.

Жетізағара – Қакпақ ауылының оңтүстік батысында (Сарыағаш ауданындағы) Дербісек ауылына түйісетін тұстағы жер атауы. *Жетізағара* аймақтық топоним (микротопоним) жөнінде екі аңыз-әңгіме бар. Бірінде – ертеде Ташкенттен ертіп шыққан баласына әкесі жеті зағара нан жегізіп, ауылына қиналмай жеткізген деген әңгіме. Бұл сюжетті Тұрбаттың өзбек жазушысы Тураб Тула «Етти зағора қиссаси» деген повестінде өрбіткен.

Екінші аңыз бойынша, ортағасырлық атақты ақын Атоий алыс сапардан елге келе жатқанда артынан тыңшы келе жатқанын байқады. Құтылудың амалын ойлаған ол ташкенттік достары жауып берген зағара наннан әр сайға бір-бірден тастап жүреді. Жетінші сайға келгенде бірден ғайып болады. Тыңшы Атоий сиқыршы деп ойлап, сонша жолды босқа жүріп өткеніне өкініп, кейін қайтады. Атай болса бұл кезде жетінші сайдағы үңгірге тығылып қалған еді.

Қазығұрт аймақтық топонимиясының өзіндік келбетін ғасырлар бойы қалыптастырған этномәдени факторлардың бірі – жергілікті елдің наным-сенімдері. Халықтық наным-сенімдерінің аймақтық топонимиясындағы бірден-бір көрінісі әулиелі жер-су аттары немесе агиотопонимдер. Қазақстанның барлық өңірінде, соның ішінде Оңтүстікте агиотопонимдер белгілі мөлшерде кездескенмен, дәл Қазығұрт өңіріндегідей көптеп және топталып кездеспейді. Қазығұрт өңірі киесі мол жер деп айтуымызға болады және де осы рухани феноменнің басты себебі Қазығұрттың шыңында топан суда Нұхтың кемесі тоқтап, Қазығұртта бүкіл адамзаттың

тіршілігі бастауалды деген ұғым-түсінікте деуімізге болады. Қазығұрттың көптеген киелі жерлеріне күні бүгінге дейін халық зиярат етеді, тілек тілейді. Мәселен, *Жалаулы ата* және *Қыз әулие* деп аталатын Қақпақ ауылының маңында әулиелі жерлерге адамдар осы күнге дейін мал сойып, құран оқытады.

Жалаулы ата Тұрбат мазаратында жерленген аса әулиелі Ысмайыл атаның кенже ұлы деседі жергілікті халық.

Ал *Қыз әулие* жер атының тарихы былай түсіндіріледі. Жалаулы атаның қызы бұлақ басында кір жуып жатқанда, алдынан жоңғар басқыншылары шығады. Сонда қыз: «Е, Алла, мені жауларға қор қылғанша, осы жерде тас қыл» – деп тілеген екен. Сол мезетте Жалаулы атаның қызы тас болып қатып қалыпты, ал сол жер *Қыз әулие* аталып кеткен дейді аңыз.

Қазығұрт өңірінде тағы бір *Қыз әулие* атты жер бар. Шарапханадан батысқа қарай 8-9 шақырымдай қашықтықта, Талдыбұлақ ауылынан екі шақырым жерде биік жотаның басында бейіт тұр. Оны «Қыз әулие» бейіті деп атайды. Жергілікті халықта «Қыз әулие» жөнінде аңыз бар. Осы аңыз негізінде оңтүстіктің белгілі ақыны Зиябек Рүстемов «Қыз әулие» балладасын жазған.

Қоқан хандығы шапқыншылығы кезінде талай ерлік көрсеткен және Қоқан бегінің қолынан қаза тапқан Есенгелді батырдың ұрпағы Тінікей қыз қайсар ерлік көрсетіп, бабасының кегін алды:

Іргеде асау Келес тасып жатты,
Қыз сонда қырық жаудың басын қақты.
Өлтірді Тінікейді біліп қалып,
Сарбаздар баққан үйдің қасында атты.
Төбеге Тінікейді жалғыз қойған
...Әлі де «Қыз әулие» деп атайды,
Шығармас сүйіктісін халық ойдан.

Қазығұрт өңірінің киелі, қасиетті, әулиелі жер атаулары жөнінде және де оларға қатысты аңыздар біздің еңбегімізде «Қазығұрт» энциклопедиясынан алынып отыр.

Жанкел әулие – Жанкел ақынның бейіті ел әулие деп қастерлейтін орын. Екі жарым ғасырдан бері Жанкел жатқан жер «Жанкел әулие» деп аталады. Ол мазар Қазығұрт кенті мен Қызылқия ауылының ортасында «Биесыймас» деген жерде болғандықтан, «Биесыймас мазары» немесе «Жанкел әулие» деп аталады.

Жеті үңгір – жер атауы. Қабырға сияқты тік жартас. Қатар тұрған жеті тас үңгір. Әрқайсына ат сияды.

Кәтіреңкі әулие – Қақпақ ауылындағы Заңғар тауының қарсы бетінде. Кәтіреңкі ағашы өсіп тұрған үлкен үңгір тас. Ауыл адамдары да, сырттан

келгендер де жеті созба (пәтір нан) пісіріп, құран оқытып, денсаулықтарына шипа беруін Алладан сұранады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында бір шолақ белсенді Кәтіреңкінің бір бұтағын кесіп алған екен. Содан өзі де, өзіне қарасты бірер ұрпағын да зардап шеккен деседі.

Жиделі – жер атауы «Еңбекші» елді мекенінің оңтүстік-батысында, елден бес шақырымдай қашықтықта әулие бастау бар, төңірегінде жиде өскен. Ол жидені киелі ағаш, деп тұрғындар отқа жақпаған.

Көзді ата бұлағы – Ақбастау елді мекенінің жанында қазір тас қопару карьерінің салдарынан суы тартылса да, аз судың өзі көз ауруларына ем.

Көктерек әулие. Қасиетті Қазығұрт тауының оңтүстік жағында Көкібел ауыл әкімшілігіне қарасты Майбұлақ елді мекенінен 1,5 шақырым жерде, Жүзімдік өзенінің бойында «Көктерек әулие» аталатын биік жуан терек бар.

Көнекөз қариялардың айтуынша, ілгеріде бала көтермеген әйелдер көктерекке барып сиынып, тілектері қабыл болған. Көктеректің көптігі соншалықты, жылы су мен әулиені қоршап, бір гектар жерді алып жатыр. Терегін әлдекім кессе, бір жағдайларға ұшыраған немесе көктеректің өзінен қан аққан деседі. Көктерек әулиедегі теректердің бұтағын сол жерге Құдайы тамақ өткізгенде ғана құран оқып жағады.

Қазығұрттағы қос үңгір. Оның бірі аса үлкен, екіншісі шағындау. Жұртшылық ұғымында бұлар қасиетті үңгірлер. Әйгілі «Қорқыт Ата кітабындағы» жиі айтылатын, әсіресе, осы үңгірдің бірін иеленген Төбекөзді Бисат батырдың өлтіруі туралы тарауына негіз болған үңгірлер осылар. Бұл үңгірлерді бұрынғы кезде қасиетті санап қастерлесе, өткен ғасырдың отызыншы-елуінші жылдары колхоздастыру дәуірінде қой қамап, қораға айналдырған. Көнекөз қариялардың айтуынша, революциядан бұрын үңгірдің аузына әшекейлі есік орнатылған екен. Олар Ұлы Отан соғысына дейін сақталған. Қазір көпшілік қасиетті орын санап, зияратқа келіп жүреді.

Мешіттас әулие – Рабат ауыл әкімшілігіндегі Амангелді бөлімшесінде солтүстік шатқалында әртүрлі ауруларға ем болған, халық сиынатын жер аты. Суы, әсіресе, көз ауруларына шипалы. Табақша тәріздес тасқа жоғарыдан тамшы су жиналады.

Тұт әулие – тасты жота. Шарапхана ауыл әкімшілігі, «Талдыбұлақ» ауылының солтүстік-батысында.

Қариялар айтады екен: ертеде Шық бермес Шығайбай сияқты әрі өте бай, әрі өте сараң бай болыпты. Ол өзі байлығын басқалар тұрмақ, өз балаларынан қызғанып, оқшау бір төбенің бауырына көмеді де, ол жерге белгі етіп ағаш қазық қағады. Бірер жылдан соң сол қазық тұт ағашы болып өсіп шыққан. Жотаның етегінен жоғары қарай 400-500 метрдей

жерге жалпақ тастар жолағы жалғасады. Тас пайда болып, тастан тұт өсіп тұрғандықтан, халық ол жерді «Тұт әулие» деп атап кеткен. Тұт ағашының бұталарына әркімдер шүберек байлап, тас үстіне тиын-тебендер тастап кетеді. Бір жылы бір құрылыс мекемесі тастарын пайдалану үшін динамит қойып, тастарды қопарады. Сол кезде тұт ағашы жақтан үлкен жылан шығып, адамдарға сес көрсетіпті. Құрылысшылар жұмыстарын тоқтатады. Сол тұттың астында жылан барын ауыл ақсақалдары айтып отырады.

Бал бар жерде ара бар,

Қазына бар жерде жылан бар, – деген содан қалса керек.

Шоқы – «Қызыл дала» аумағындағы әулиелі жер. Ел аузындағы аңызға қарағанда, Шоқы әулие ХІХ ғасырдың орта шенінде өмір сүрсе керек. Ұлты қазақ, Ұлы жүздің сіргелі тайпасының көңірдек руынан шыққан, аузы дуалы әулие адам болған.

Қазығұрт тауындағы киелі орындар белгілі бір *микротопонимиялық кешенді* құрайды. Төменде сөз етілген *микротопонимиялық кешеннің* өзіндік ерекшеліктеріне төмендегідей жайттарды (белгілерді, сипаттарды) жатқызуға болады: 1) кешенге енетін микротопонимиялық атаулар Нұх пайғамбардың есімімен, Қазығұрттың басында тоқтаған оның кемесімен байланысты болып келеді; 2) осы кешендегі микротопонимиялық атаулар ұсақ нысандарға қатысты қойылған және де шын мәнінде жалқы есімдер қатарына толыққанды жатпайды, сонымен қатар бұл атаулар жалпы есімдер де емес, жалқы және жалпы есімдер «ортасындағы» атаулар (себебі кейде «үлкен әріппен» жалқы есімдер сияқты жазылады, кейде «кіші әріппен» де жазыла береді).

Қазығұрттың 1720 метрлік ұшар биігінде *Кеме қалған* деген жер бар, ал кейде сол жер *Нұх пайғамбардың кемесінің ізі* деп аталады. Сондай-ақ, Нұх пайғамбардың жанындағы адамдарымен *мекендеген үңгірі*, оның *намаз оқыған жері*, үңгірдегі *бес саусағының ізі*, *су ішкен бұлағы* деген микротопонимиялық атаулар осы кешенге кіреді.

Қазығұрт тауының етегінде *Ғайып ерен – қырық шілтен, періштелер түнеген жер* деген киелі орын бар. Осы қасиетті жерде *Үш бұлақ* немесе *Бабалар бастауы* деп аталатын ерекше бір үн шығып тұратын бұлақ бар.

Аңыз бойынша, Қазығұрт тауына кеме тоқтап, тіршілік қайта жалғасқанда, Нұх пайғамбардың Хам, Сам, Иафес атты ұлдары осы арада Шопан ата, Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара атанған төрт түлікті өргізіпті. Міне, сол *төрт түліктің тасқа түскен іздері* деп аталатын тас та бар. Бұдан басқа Нұх пайғамбардың *тамақ пісірген ошағы, дастарқаны, жайнамазы* деп аталатын тастар осы маңда сақталған.

Тіпті *дастарқанның* жанында *жас баланың ізі* деп аталатын тас та бар.

Биік таудың етегінде *Ата тас* және *Ана тас* деп аталатын шаншыла

кадалған алып тастар да бар. *Ата тас* пен *Ана тастың* бастарын қосып тұрған *Жастық тас* ұрпақ жалғастығы мәңгілікке ұласады деген ұғымды білдіріп тұрғандай.

Ата тас пен *Ана тас* ортасында бір адам қырынан ғана ене алатын ұзындығы отыз үш метрдей қуыс *Тесік тас* деп аталады. Жергілікті тұрғындардың және зиярат етушілердің: «Одан тек ниеті түзу, күнәлары жоқ және осы құдіреттерді мойындаған адамдар ғана өте алады да, ауыртпалығы мен дертінен айығады», – деген ұғым-түсініктер бар.

Наным-сенімдердің негізінде туындаған Қазығұрт өңірінің топонимдері мен микротопонимдері жергілікті елдің мифологиялық, діни, этнотанымдық дүниеге деген көзқарастары мен түсініктерден хабардар етеді және аймақтық топонимиялық ғалам бейнесінің бір үзгі (фрагменті) болып келеді.

1 бөлім бойынша тұжырым

Жергілікті атауларды – жинау жауапкершілік жүгі ауыр міндет. Өйткені, көптеген атаулар өзінің кәдуілгі мәнін жойып, жаңаша реңк алуда. Ал тарихи атаулардың жойылуы халқымыздың тарихы жоғалуымен бара-бар болып келеді. Сондықтан осы атауларды сақтап қалудың, олардың мәнін келесі ұрпаққа тарату қазіргі таңда ерекше маңызға ие болып отыр. Географиялық атауларды стандарттау бойынша өткен БҰҰ сегізінші конференциясында (Берлин, 2000) ұлттық маңызға ие әрі әр аймақтың өзіндік ерекшелігін білдіретін географиялық жергілікті атауларды жинау мен сақтауға ерекше көңіл бөледі. Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі болып табылатындықтан, қазақ ғалымдарының, атқарушы және өкілеттік органдардың алдына Қазақстан Республикасы аймақтық топонимиясының бүкіл кешенін жинау, жүйелеу, зерделеу мен біріздендіру міндетін қойып отыр.

Аймақтық топонимдер кешені немесе жиынтығы белгілі бір топонимиялық жүйені құрайды. Себебі, топонимдер өзара және тілдегі, тілден тыс (экстралингвистикалық) факторлармен күрделі диалектикалық қатынастар негізінде қалыптасады. Қоршаған ортаның физика-географиялық жағдайлары, сол өңірде көне замандардан бері мекен еткен елдің тарихы, тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы т.б. аймақтық топонимиялық жүйені қалыптастырған факторлар, яғни алғышарттар болып табылады.

Аймақтық топонимиялық жүйенің тілдік өзіндік келбетін қалыптастыратын қоршаған орта (географиялық фактор), әлеуметтік-экономикалық, этнографиялық, тарихи жағдайларының біртұтастығы облыс көлемінен кіші аймақтар топонимиясынан да өз көрінісін табады және сол кіші (облыстан) шектеулі топожүйесінің экстралингвистикалық

алғышарттары болып келеді.

Қазығұрт өңірі топонимиясының өзіндік, яғни аймақтық кейпін, келбетін қалыптастырудағы географиялық фактордың мәні мен маңызы ерекше. Қазығұрт өңірі Оңтүстік Қазақстан облысының таулы аймақтарына жатады, сол себепті тауалды, таулы ландшафттарының физика-географиялық жағдайлары аймақтық топонимдер мен микротопонимдердің бірқатарында өз көрінісін тапқан. Ландшафт ерекшеліктерінен көрініс беретін топонимдер немесе микротопонимдер құрамындағы географиялық апеллятивтер әдетте диалектік семантикасы (мағынасы) аңғарылмайтын немесе жартылай ұмыт болған сөздер болып келеді.

Аймақтық топонимияның негізгі ерекшеліктерінің бірі – жергілікті географиялық атауларда ландшафттың, өсімдік жамылғысының, аң, құс және үй жануарларының көрінісі сипаттама алатындығы. Топонимдер құрамындағы аң, жануар, құс атаулары сол өңірде аңдардың, құстардың кейбір түрлері кең тарағандығын және олардың аңшылық, құсбегілік маңызы болғандығын аңғартады.

Диахрониялық тұрғыдан қарағанда, Қазығұрт аймақтық топонимиясы ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан. Қазығұрт өңірінің бастапқы (генетикалық алғашқы) топонимдері болжалды түрде тілдердің пайда болған имитативтік кезеңінде қалыптасқан деген жорамал айтуымызға болады. Сондай-ақ аталмыш өңір топонимиясының стратиграфиялық қабаттары дейтүркі (прототүркі), сақ, қаңлы, оғыз – көне түркі замандарын, одан кейінгі тарихи кезеңдер мен дәуірлерді қамтитыны дау туғызбайды.

Аймақтық топонимиясының стратиграфиясы тарихи этногенездік үрдістердің, тілдердің өзара қарым-қатынастарының, түрлі тарихи-экономикалық формацияларының алмасуының, басқа (басқыншы) мемлекеттердің өңірді жаулап алуының нәтижесі ретінде бірнеше этнотілдік хронологиялық қабаттарының бар екенін көрсетті. Сондай стратиграфиялық қабаттарының қатарында: генетикалық бастапқы (имитативтік, фоносемантикалық сипаттағы) топонимдер, дей және көне түркі топонимдері; иран (парсы), араб тілдерінен енген жер-су аттары; моңғол, орыс топонимдері.

Топонимдерде, яғни жалқы географиялық есімдерде қазба байлықтар, тау-кен жыныстарының текстуралық ерекшеліктері жөнінде ақпараттар алуға болады. Қазығұрт аймақтық топонимиясы негізінен таулы, тауалды ландшафттардың ерекшеліктерін бейнелейді, сол себепті шөлейт және шөл зоналарына тән құмдар және құмды массивтер Қазығұрт топонимиясында жоқтың қасы. Қазығұрт өңірі топонимиясының бір топ атаулары (көбінесе оронимдер) аймақтың геологиялық құрылысын

бейнелесе, басқа бір топ топонимдер кен, қазба байлықтарға қатысты туындаған деп айтуымызға болады. Кен, қазба байлықтарды меңзеген географиялық атаулар кейде жанама, кейде тура кен немесе қазба байлықтар түрін өз семантикасында көрсетеді.

Қазығұрт өңірі топонимиясын қалыптастырған этномәдени факторлар көшпелі, жартылай көшпелі малшаруашылығы, егіншілік (отырықшылық) және қала мәдениеті деуімізге болады. Аталмыш факторлардың тілдік көріністері көптеген аймақтық топонимдер арқылы берілген.

Аймақтық топонимияға әсер ететін этномәдени факторларға жергілікті тұрғындардың рухани және материалдық мәдениетінің, әдет-ғұрпы, тұрмысы, кәсібі, наным-сенімдерінің ерекшеліктерін жатқызуымызға болады. Көшпелі малшаруашылығы географиялық ортамен тығыз байланысты, сол себептен табиғаттың физика-географиялық жағдайлары мен ерекшеліктері қазақ тілінің халықтық географиялық лексикасында, ұлттық топонимиясында кеңінен және нақты бейнеленеді. Қазақ халқы аса бай географиялық терминологияға ие екенін, сол ұлттық терминологияның бір бөлігінің (жер бедеріне қатысты) тізімінен де байқауымызға болады. Осы тұста келтірілген жер бедері (рельеф) халықтық терминдері жердің егжей-тегжейіне дейін, жайылым түрлеріне дейін, тағы да басқа көптеген географиялық сипаты бар ақпараттарды өз бойында сақтаған. Бұл терминдер қазақ жер-су атауларында топонимдер құрамында жиі кездеседі.

2 ҚАЗЫҒҰРТ ӨңІРІ ТОПОНИМИЯСЫНЫҢ ЭТНОТАНЫМ-ДЫҚ СИПАТТАРЫ

Қазіргі когнитивтік лингвистикада ғаламның тілдік бейнесі қарқынды түрде қарастырылуда деп айтуымызға болады. «Ғаламның тілдік бейнесі» деген ұғым немесе категория таным (дүниетаным), тілдік (этникалық) сана ұғымдары мен (категорияларымен) байланысты. Орыс ғалымы Г.В.Колшанскийдің пікірінше, «Ғаламның тілдік бейнесі» жөніндегі жеке әңгіме етуге болмайды, себебі бұл ұғым «тілдік санамен» тікелей байланысты [71, 25 б.]. Профессор Ж.А.Манкеева: «...тіл мен ой немесе таным, тіл мен ұлт т.б. мәселелер, сайып келгенде, ұлтты, ұлттың танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тұтастырушы, тілдің табиғатын анықтауға байланысты қазіргі тіл білімінде осындай жаңа бағыттардың айқындалып, дамып келе жатқаны байқалады», – деп көрсеткен [72, 43 б.].

Тіл мен таным (дүниетаным, этникалық таным) байланысы мен тұтастығы тек жалпы есімдермен өрнектелген «ғаламның тілдік бейнесінде» ғана байқалмайды, сонымен бірге «ономастикалық ғалам бейнесінде» де өз көріністерін паш етеді. «Ономастикалық ғалам бейнесіндегі» тіл мен танымның байланысы (тұтастығы) Б.М.Тілеубердиевтің еңбектерінде қарастырылған [55]. Біздің зерттеуіміздің тақырыбына сай ұлттық танымның (дүниетанымның) көріністерін «топонимиялық ғалам бейнесінде», дәлірек айтсақ, «аймақтық топонимиялық ғалам бейнесінде» қарастыруымыз қажет.

Б.М. Тілеубердиевтің пікірінше: «Дүниенің топонимиялық көрінісі тілдік сана болмысынан, этностық таным тұрғысынан қарастырылуы керек. Тілдік санадағы кеңістік жөнінде ұғым әр тарихи дәуірлерде қалыптасқан, сол дәуірден көрініс беретін ментальдік ұстанымдар, когнитивтік түсініктер жүйесі бар» [55, 244 б.].

Этнос танымының топонимиялық жүйедегі көріністерін қарастыру алдында *таным (этнос танымы немесе этикалық таным), дүниетаным, ғаламның (дүниенің) аймақтық топонимиялық бейнесі* сынды ұғымдарды (категорияларды) айқындап алуымыз қажет.

Кез келген ұлттың санасында және тілінде қалыптасқан ғаламның (әлемнің) тілдік бейнесі этнос танымының нәтижесі мен көрінісі болып табылады, себебі танылған ғана нәрсе тіл мен санада өзінің тиісті орнын табады. Таным, кең көлемде алғанда, дүниетаным – философиялық категория, оның негізгі сипаттары төмендегідей болып келеді: «Дүниетаным – ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі, оның ішінде тұтастай алғанда адамдардың білімі мен наным, ар-ұждан, мұраттары мен әлеуметтік құқықтың реттеушісі, саяси бағыт-бағдар, қоршаған ортаға

психологиялық және эстетикалық көзқарас. Дүниені танып, білу нәтижелері «дүниетаным ұғымында бейнеленеді, бұл жеке адам үшін өзінің қоғамдағы орны жайлы ұғымдардың жиынтығы, сана-сезім, қалпы, дүниені біртұтас ретінде түсіну нәтижесі» [73, 43 б].

Дүниетаным этникалық сипатқа ие, себебі ол – этнос танымы, өзіндік этномәдени (этникалық) ерекшеліктерге ие. Дүниетанымның этникалық сипаттарын қалыптастыратын әр этносқа тән этномәдени факторлар ғаламның (әлемнің) тілдік бейнесі әрқашан этнос танымының нәтижесі мен тілдік көрінісі. Ұлттың дүние (әлем) туралы түсініктері мен ұғымдары сол ұлт дүниетанымына қатысты қалыптасады және оның тілінде өз көріністерін береді. Осыған байланысты, *ғаламның (әлемнің) тілдік бейнесі* сөз етілгенде біз *этнос ғаламының (әлемінің) бейнесі* жөнінде айтуымыз керек.

Ғаламның ұлттық (этникалық) тілдік бейнесі көп сипатты, поликомпонентті, иерархиялық жүйе немесе құрылым. *Ғаламның ұлттық (этникалық) тілдік бейнесін* белгілі бір инвариант деп қарастырсақ, оның жүйесіне әлеуметтік, индивидуалдық, ономастикалық, регионалдық (аймақтық) және де басқа фрагменттер (үздіктер) кіреді.

Мәселен, *ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесі* ғаламның жалпы халықтық (ұлттық) бейнесінің бір бөлігі (фрагменті) болып табылады және де аталмыш тілдік бейне *жалқы есімдер* деңгейінде танылады, құрылады, қалыптасады. Б.М. Тілеубердиев көрсеткендей: «Егер ғаламның тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде ғаламның ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер ғаламның ұлттық тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, *ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесін* құрай алады деп қисынды түрде айтуға болады» [55, 25 б].

Ғаламның (әлемнің) ономастикалық ұлттық бейнесіне түсінік (дефиниция) берген және аталмыш бейненің этнос танымымен байланысын атап көрсеткен Б.М. Тілеубердиев: «Ғаламның ономастикалық (ұлттық) бейнесі» деп, біз ономастикалық концептілердің жүйелі де кешенді жиынтығын атаймыз және ұлт танымының жалқы есімдер деңгейіндегі тілдік көрінісі деп түсінеміз. Ұлттың, адамның тіршілігі, өмірі, шаруашылығы, ой-санасы, эстетикалық талғамы, мифологиялық, діни, этникалық ұғымдары, әлеуметтік тәжірибесі «тіл айнасында», яғни лексикада, фразеологияда – жалпы және жалқы есімдерде тайға таңба басқандай өз өшпес ізін қалдырады. Ол іздер тек тілдік іздер емес, ол іздер – сонымен қатар таным іздері, таным таңбалары» – дейді [55, 195 б.].

Этнотанымдық сипаты бар *ғаламның ономастикалық бейнесі* өз кезегінде іштей *дүниенің (ғаламның) мифонимиялық бейнесі*, *дүниенің*

(ғаламның) антропонимиялық бейнесі, дүниенің (ғаламның) топонимиялық бейнесі болып бөлінетінін Б.М. Тілеубердиев «Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері» атты монографиясында атап көрсеткен.

Ғаламның ономастикалық бейнесі, жоғарыда атап көрсеткендей, ғаламның тілдік бейнесінің компоненті, яғни фрагменті болып табылады, ал ономастикалық ғалам бейнесі жүйесіндегі ғаламның топонимиялық бейнесі оның құрамдас бір бөлігі болып келеді.

Ғаламның жалпы ұлттық топонимиялық бейнесінің құрамында *аймақтық (регионалдық) топонимиялық бейнесін* зерттеу нысаны ретінде қарастыруымызға болады, себебі ол белгілі бір мәдени-тарихи аймақтың (регионның) топонимдер мен микротопонимдер деңгейіндегі тілдік-менталды көрінісі болып табылады. Демек, сол аймақта ежелгі замандардан бері тұрып жатқан елдің, халықтың этнотанымдық (дүниетанымдық) ерекшеліктерін аймақтық топонимиялық жүйеде вербалдайды.

Дүниенің аймақтық топонимиялық бейнесінде жалпы ұлттық топонимиялық бейнесінің инварианттық сипаттары және сонымен бірге осы аймаққа ғана тән аймақтық ерекшеліктері бар. Ендеше, аймақтық топонимиядағы этникалық дүниетаным көріністерін арнайы түрде қарастыруымыз қажет.

Этникалық дүниетанымның Қазығұрт өңірі топонимдеріндегі көрінісі

Аймақтық топонимияны ментальді-танымдық тұрғыдан қарастырсақ, танымның (дүниетанымның) түрлері аймақтық топонимиядағы белгілі бір стратиграфиялық (хронологиялық) этнотанымдық топонимиялық қабаттарды құрайды. *Этнотанымдық топонимиялық қабаттар* дегеніміз –дүниетанымның белгілі бір түрлеріне негізделген және соларды тілдік-менталдық түрде көрсететін топонимиялық қабаттар (топонимдер типтері немесе топонимдер жиынтығы). Мәселен, кейбір топонимдер мифтік (мифологиялық) таным негізінде туындаған (қалыптасқан). Сол себепті оларды *мифтік (мифологиялық) топонимдер* немесе *мифтік (мифологиялық) этнотанымдық (дүниетанымдық) қабатына* жатқызуымызға болады. Танымның бір түрін «тарихи таным» деп айқындайтын болсақ, жалпы топонимияда немесе аймақтық топонимияда сол танымға негізделген «тарихи топонимдерді» немесе *тарихи топонимиялық қабатты* қарастыруымызға болады.

Ал енді, сол түрлі таным түрлеріне негізделген топонимиялық қабаттарды хронологиялық (диахрониялық) тұрғыдан қарастыратын

болсақ, олар *стратиграфиялық* қабаттарды құрайды, себебі пайда болған, қалыптасқан дәуіріне, кезеңіне сәйкес бірінен кейін бірі, кезектесіп *стратиграфиялық* мәдени-тарихи хронологиялық қабаттар құрылымын жасақтайды.

Алғашқы немесе ең көне стратиграфиялық дүниетанымдық топонимиялық қабатқа мифтік (мифологиялық) танымға негізделген топонимдер жатады.

Мифологиялық сана – алғашқы, өте көне қауымның (қауымдардың) дүние туралы бейнелі және сонымен бірге нақтылы түсінігінің, танымының жемісі. Мифологиялық таным бойынша, қоршаған орта мен адам біртұтас дүние, адамның, яғни тірі дүниенің сипаттары табиғатқа да тән: әлем – синкретті және киелі дүние. Осындай түйсіктер мен түсініктерге байланысты көне замандарда және одан кейінгі тарихи кезеңдерде анимистік, фетишизмдік, төтемистік наным-сенімдердің көріністері тілде, яғни лексикада, соның ішінде ономастикалық сөз қорында байқалады.

Қазығұрт аймақтық топонимиясында мифтік (мифологиялық) танымның көріністерін беретін бірқатар топонимдер «адамдардың тасқа айналуы» мотивіне (уәжіне) байланысты туындаған. Сондай жер-су атауларының және микротопонимдер қатарында *Ата тас, Ана тас, Күйеу тас, Қырық қыз* сынды агиотопонимдер бар. Бұл атаулармен аталған табиғи нысандар – тастар киелі болып саналады және әр атауға қатысты аңыз-әңгімелер күні бүгінге дейін жергілікті халық жадында сақталған. Мәселен, *Қырық қыз* деп аталатын қасиетті тастарға қатысты аңыз-әңгімелер бар. «Қырық қыз» –көне тарихи, табиғи ескерткіш. Ескерткіш Қазығұрт аймағында екеу.

Көп замандардан бері табиғаттың өзі жаратқан киелі ескерткіш болып саналады. Көнеден келе жатқан аңыз-әңгімелерге сүйенсек, бұрынғы жаугершілік заманда жау шапқыншылары елден тысқары Қарабау суына шомылып, алаңсыз серуендеп келе жатқан қырық қызды көріп, сондарынан қуса керек. Сонда қыздар Құдайға: «Елімді, жерімді, жауға таптатқанша, мына жауды да, бізді де тасқа айналдыр!» – деп жалбарынған екен дейді. Қыздардың тілегі қабыл болып, жау әскері тасқа айналады. Ол жер қазір Қаратас деп аталады. Ал қыздар – әсемдене тізілген қайталанбас ескерткішке айналған деседі.

Бұл ескерткіш тас-мүсіндер Тұрбат ауылының солтүстік-шығысындағы Аққұм өзенінің бастау алар жерінде, 5-6 шақырым жердегі сарқырама жардың қасында.

«Қырық қыз» деп аталатын екінші тас-мүсіндер Өгем қойнауына түсе беріс жерде – Қазығұрт тауының Шығыс мүйісінің («Орда қонған») оңтүстік-шығысында 4-5 шақырымдай қашықтықта. Етегінде Өгем өзені

ағып жатқан Өгем қойнауына түсе беріс жері күрт ылдилап кететін бұралаң жолға айналады. Тас мүсіндер осы мүйістердің бірінде. Аңыз бойынша, бұл тасқа айналған қырық қыздың бейнесі. Мұнда да жаугершілік заманы тілге тиек етіледі. Бір ерекшелік, осы тас-мүсіндер маңында алшақтау тұрған жеке тас-мүсін бар. Оны жұрт «Күйеу тас» деп атайды. Осыған қарағанда, бұл жолы қыздар күйеу жігітті ертіп барып, Қазығұртқа сиынып келе жатқан болса керек. Олар көз ұшында көрініп тұрған етектегі ауылға жете алмай, тас мүсінге айналған. Ел осы араны қасиетті орынға санап, қастерлеп жүреді» [19, 227 б.].

Адамдардың тасқа айналу сюжеті өте көне замандардағы мифтік танымға негізделген деп айтуымызға болады. Ежелгі дәуірлерде (мүмкін, палеолит пен неолит тас дәуірінде) анимистік көзқарастар негізінде адам мен тастың изоморфизмі (екеуінің жаны бір, яғни таста да жан бар, жалпы барлығының жаны бар, «жансыз дүние жоқ») деген ұғым-түсінікке қатысты наным-сенімдер қалыптасқан болуы мүмкін.

Осындай түсінікке Қазақстан және де басқа аймақтарда табылған археологиялық ескерткіштер дәлел бола алады. Мәселен, Қарағанды облысындағы археологиялық қазба жұмыстары кезінде адам бейнесіндегі қуыршақ балбал тастар табылған. Олардың арасында жасы келген адамдардың, балалар мен әйелдердің, әскери адамдардың бейнелері кездескеніне қарап, ғалым Сәбетқазы Ақатай: «Бұл – ертедегі адамдардың өздерін тастан жаралғанбыз» деген түсініктерінің түйіні, себебі, адам тәрізді жерленген тас-мүсіндердің еріндерінің арасынан түрлі тамақ қалдықтары табылған, осындай төтемдік сенімдерден келіп, адам бейнесі кескінде тас ескерткіштер тұрғызылған» – дейді [74, 314 б.].

Қазақтың төтемдік сенімдерінің пайда болуын арнайы қарастырған фольклоршы-ғалым Б.Қонарбаева тарихшы ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, мынандай деректерді келтіреді:

«С.Жолдасбайұлының пікірі: «Тастан жасалған мүсіндер түркі обаларының көпшілігінің басында кездеседі. Бұл мүсіндердің (балбал тастардың) қандай әдет-ғұрыппен қойылғандығы туралы осы уақытқа дейін белгілі бір тұрақты пікір қалыптаса қойған жоқ». С.Ақынжановтың зерттеуінде де тас-мүсіндердің, қыпшақ тайпаларының зираттарының қасынан жиі кездесетіндігі айтылады. Б.Көмековтің пікіріне қарағанда, түркі тайпаларының адамдары мұндай тас-мүсіндерді көргенде аттарынан түсе салып, бастары жерге жеткенше табынатын болған. Бұл әдетке қарағанда, ата-бабаның аруағына сиыну емес пе, екен деген ой туады» [75, 9 б.].

Ата тас, Ана тас, Қырық қыз сынды «тас атаулары» өте көне замандардағы «тас культіне» байланысты туындаған атаулар деп пайымдауымызға болады. Әрине, осы фетишизмдік – төтемистік культке

катысты таным-түйсіктердің көбісі ұмыт болған, тіпті оның еміс-еміс сезілетін сарқыншақтары тек осы (осындай) атауларда ғана сақталған деп айтуымызға болады. Алайда тасқа, яғни тас культіне байланысты мифтік танымдар мен түсініктердің қазақ (түркі) фольклорында «бұғып» жатқандығын, сол «жасырын» күйдегі ұғымдарды көрсетуге (реконструкциялау) болатындығын С.Қондыбай өз еңбектерінде дәйекті түрде көрсетті.

Тасқа қатысты ежелгі (өте көне) мифтік ұғымдар оның (тастың) Құдайы Құдіретпен (Нұрмен, Ілкі Төрмен) байланысты деп есептейді С.Қондыбай. «Тас», «Ілкі Тас» – құдайы құдіреттің, Нұрдың (көрілместің) материалдық эманациясы (көресіні), Ілкі Төрдің заттық символы болып табылады. Сондықтан да Ілкі Төрге, Нұрға қатысты сипаттардың барлығы дерлік төменгі мифтік таным деңгейінде нақ осы Тасқа қатысты болып шығады. Яғни:

Нұр-ілкі зат, ілкі тұрпат болса, Тас та – ілкі зат, ілкі тұрпат болмақ.

Нұр – тудырушы бастау болса, Тас та – тудырушы бастау болмақ.

Нұр – энергияның (жарықтың, жылудың, т.б.) қайнар көзі болса, Тас та – энергияның қайнар көзі болмақ.

Осындай іргелі қисындар негізінде мифологиядағы (ғұрыптардағы, сенім-нанымдардағы) тастардың болмысын түсіндіруге болады» [76, 190 б.]

«Тас – тудырушы бастау» ұғымының таңбалауын *Ана тас, Ата тас* микропонимдерінен байқауымызға болады.

Әрине, ондай ұғымды (ұғымдарды) қазіргі, бүгінгі тандағы қазақтың танымында біз мүлдем таппаймыз, бірақ өте көне (ежелгі) замандарда аталған осындай мифтік қисындар болған деген жорамалды С.Қондыбай былай дәйектейді: «Нұрдың (көрілместің) барлық тіршілік атаулының қайнар көзі болғаны сияқты, осы Нұрдың төменгі деңгейлік эманациялары болған Тас пен Ананың да тіршіліктің қайнар көзі, «жарату құрсағы» болып шығатындығын жақсы білеміз. Бұл қисын өз кезегінде Тас пен Ананы, Тас пен Ана құрсағын бір мағыналық қатарға қоюға мүмкіндік береді. Мұның өзі, «в древнегреческой мифологии Камень, скалы означали одновременно первозданную стихию – материнское лоно (наряду с водой) и божественного ребенка – начало мира» (З.Наурызбаева) деген келтірімді арғықазаққа да тән деп есептеуге болады» [76, 194 б.].

Ана тас, Ата тас атауларының түпкі уәжі «тас – тудырушы бастау» мифтік танымына негізделген болса, *Қырық қыз* атауының мифологиялық әулеті мен негіз-себебі басқашалау деп айтуымызға болады. Қырық қыз микропониміне арқау болған негізгі сюжет – адамның (адамдардың) тасқа айналуы. Адамның тасқа айналуы көптеген қазақ ертегілері мен мифтерінде кездеседі. Мәселен, «Жарыл, тасым, жарыл» ертегісінде өзін

куып келе жатқан дұшпандардан құтылу үшін қыз жартасқа, «құтқар» деп жалынады. Сол кезде әлемді қара түнек басады, аспан күркіреді, сықырлап әлгі жартас екіге жарылады, ортасына қыз еніп кетеді.

Тасқа айналу, көріп отырғанымыздай, «өлу» деген ұғымға дәлме-дәл сай келмейді: «Тас – түйіншектелген, сығымдалған кеңістік пен уақыттың тұлғалануы. Фольклорлық материалдардағы «Жаудан қашып, тасқа кіріп кету», «тасқа айналу» сияқты оқиғалардың мәні де осында; тасқа кіру, тасқа айналу – өлу дегенді білдірмейді, бар болғаны – басқа дүниеге, басқа кеңістік өлшеміне, басқа уақыт өлшеміне өтіп кету дегенді білдіреді. Бұл дүниеде тас болып, қозғалмай тұрған пенде, ана дүниеде қайнаған тірліктің, өмірдің ортасында жүреді» [76, 216 б.].

Ата тас пен *Ана тастың* ортасында *Тесік тас* орналасқан. *Тесік тас* деп аталатын отыз үш метрдей жартас қуыстың ішімен бір адам ғана қырымен өте алады. Жергілікті халықтың және зиярат етушілердің түсінігінше: «Одан тек ниеті түзу, күнәлары жоқ және осы құдіретті мойындаған адамдар ғана өте алады да, ауыртпалығы мен дертінен айығады».

Міне, осы «Тесік тас» мифтік ұғымына қатысты түсініктер мен келтірімдердің түп төркіні арғы (прото-) қазақ мифологиясында (дүниетанымында) жатқандығын біз С.Қондыбай келтірілген мифолингвистикалық деректер арқылы болжай және дәйектей аламыз.

«Тесікке кіру» мотивін (сюжетін) қазақ фольклоры материалдарынан көптеп кездестіруге болады.

С.Қондыбайдың көрсетуінше: «Фольклорлық материалдарда осы «кіру есігі немесе тесігінің» атаулары, дәлірек айтқанда, заттану тұрпаттары түрліше болып шыққан. Яғни есікті/тесікті сол күйінде есік, тесік, қақпа деп те, шұңқыр, жердің жарығы, құдық деп те айтуға болады» [77, 80 б.].

Ертегілік және мифтік мәтіндерінде қаһарман «тесікке» (жер астына) түсіп кетеді, әдетте, «тесіктің» ар жағы өлілер дүниесі, сол дүниеде басынан талай оқиғалар өткеріп, қаһарман жер бетіне – тірілер дүниесіне оралады. С.Қондыбайдың пайымдауынша: «Қара тас – бастапқы дәстүрлік күнтізбелік циклдегі «тесіктің» аналогі. Яғни тасты жару арқылы, тастың астындағы тесікке (шұңқырға, есікке, құдыққа) кіру арқылы:

Төменгі дүниеге, өлілер немесе ата-бабалар дүниесіне өтуге (кіруге, түсуге) болады; ерен, әдетте, қалыңдықты сол жақтан іздейді» [76, 215 б.].

«Тесікке кіру» мотивінде (ал біздің мысалымызда – *Тесік тастан* өту) – жасырын (имплицитті) түрде «о дүниеге» – басқа кеңістік өлшеміне барып келу мотиві жатыр. Өте көне арғықазақ мифологиясында «осы дүние» мен «о дүние» қатар орналасқан (параллельді), сол себепті адамдар (ертегілік қаһармандар) «тесіктер» арқылы «о дүниеге» де өтіп жүре

берген. «Тесіктен түсу немесе есікке кіру – бір өлшемнен екінші өлшемге өту дегенді білдіреді, бұл жердегі өлшемді «кеңістік», «уақыт», «дүние» деп нақтылай беруге болады. Осындай түсу «процесс» барысында өтуші (кейіпкер) толықтай өзгеріске түседі (Тазшаға, қотыр тайға, адамға, рухқа айналады, т.б.)» – деп жазады С.Қондыбай [77, 81 б.].

Фольклорлық мәтіндерде көрсетілген «тесіктен түскен» кейіпкердің толықтай өзгеріске ұшырауы *Тесіктастан* өткен зияратшылардың «ауыртпалық пен дертінен айығады» деген түсінікпен сәйкес келетіндігіне назар аударуға болады. Басқа сөзбен айтқанда, өте көне (ежелгі) замандарда орын алған мифологиялық түсініктердің және соған қатысты ғұрыптардың (ритуалдардың) қарабайырланған сарқыншақтары күні бүгінге дейін сақталғанына таңқалмасқа болмайды!

Көне мифологиялық ұғымдар мен түсініктерге қатысты Қазығұрт топонимиясында тағы бір географиялық атаулар тобы «Әулие ағаштармен» байланысты қойылған. «Ағаш мифологиясы» өте көне «ғаламдық ағаш» культімен байланысты. «Ғаламдық ағаш – аса маңызды мифтік культ нысандарының бірі. Осы культтің сарқыншақтары мен белгілері барлық дерлік мифологиялық дәстүрлерде бар. Қазақ дәстүрінде де осы культтің сарқыншақтары аз емес» [78, 486 б.].

«Ғаламдық ағаш» культінің сарқыншақтары мен белгілері қазақтың кейбір әдет-ғұрыптарында, лексикасында, топонимиясында, фольклорлық мәтіндерде және таным-сенімдерінде байқалады. Қазақ сенімінде ағаш – киелі нысан, соған байланысты белгілі бір ырым-жоралғылар жасалып тұрған. Ш.Уәлихановтың дерегі бойынша: «Дерево одиноко растущее в степи, или уродливое растение с необыкновенно кривыми ветвями служат предметом поклонения и местом ночевок. Каждой, проезжая, навязывает на это дерево куски от платья, тряпки, бросает чашки, приносит в жертву животных или же навязывает гриву лошадей» [78, 486 б.].

«Әулие ағаштарға» табыну (мата-шүберек байлау, құран оқу, садақа беру, мал сою т.б.) күні бүгінге дейін қазақ жерінде сақталған деп айтуымызға болады. Осындай сенімдерді растайтын көптеген деректер бар. Қазақ сенімінде орын алған күні бүгінде де «киелі ағаш» ұғымы мен соған қатысты рәсімдер жөнінде төмендегідей мысал келтірейік: «Сондай ағаштардың бірі – Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданындағы Қамысты елді мекенінде де бар. Оны біреулер «Әулие тал» десе, енді біреулер «Әулие ағаш» дейді. Ел ішінде осыған байланысты аңыздардың бірінде, сол жерге Мәметек деген рубасының сүйегі жерленген, әуелде қабірінің басына тек белгі үшін шаншылған жалғыз тал кейін бұтақ жайып жайқалып өседі. Ата-бабаларымыздың көне нанымына илансақ, «қабірінің басынан ағаш өсіп шықса, ол адам қасиетті болып саналады». Ал Мәметектен тарағандар сол ағаштай кең қанат жайған, бүгінде жеті ата

аралап кеткендіктен, қыз алып, қыз беретін болған. Ал әулие тал күні бүгінге дейін бар. Оның басына машинамен баратындар машинасын, атпен барғандар астарындағы аттарын қалдырып, жуынып, тазаланып қасына жаяулап барады. Қалтасында ақшасы барлары, Әулие талдың иесін риза ету үшін судың ішіне ақша тастайды, болмаса талдың басына «ақтық» ақ шүберек байлайды, шүберегі болмағандары аттың қылын байлайды. О дүниедегі ата-бабаларына құрмет көрсетіп, құрбандық беріп, басына қой соятындары да бар. Біздіңше, талдың басына байланатын ақ шүберек «о дүниедегі өмірлеріңіз осындай аппақ, күннің сәулесіндей нұрлы, төңірегіне шапағаты болсын!» деген игі тілектерін де білдіреді, өзге тарауларымызда айтып өткендей, Баба Түктінің моласына барып түнегендей, әулие талдың басына да барып түнейді. Баласы болмай жүрген әйел басына ақ жаулық салып, таза киініп «әулие талды» үш айланып шығып, іштей өздеріне рақым етіп, нәресте беруін сұрайды. Әулие талдың басына түнеу кезінде айғайлап сөйлеп, қарқылдап күлмейді» [75, 127-128 бб.]

Қазығұрт өңірінде де «киелі ағаштар» культіне қатысты жергілікті географиялық атаулар да, сол нанымға қатысты аңыз-әңгімелер де сақталған. Мәселен, *Көктерек әулие* деп аталатын жерде биік жуан терек және одан кішілеу көптеген көк теректер бір гектардай жерді алып жатыр. Жергілікті халықтың сенімінше, ілгеріде бала көтермеген әйелдер Көктерекке барып сиынып, тілектері қабыл болған. Ал енді терегін әлдекім кессе, бір жағдайларға ұшыраған немесе көктеректің өзінен қан аққан.

Жергілікті халықтың нанымындағы осындай көріністердің арғы түп-төркіні «ғаламдық ағаш» символдық табиғатына барып тіреледі. «Ғалымдық ағаш» культінде ағаш (ғаламдық ағаш) бүкіл ғаламның өзін тұрпаттаушы символ және сол ағашқа қатысты мифологиялық танымдарды былай етіп те топтастыруға болады:

1. Ағаш – адамның ұрығының орналасатын жері. Бұл жағдайда ағаш–ана функциясына ие болады.

2. Ағаш – адам жанының тұлғалануы, оның жанының сақталатын жері [78, 488 б.]. Міне, *Көктерек әулиеге* қатысты нанымдар аталған екі мифтік функцияларға да сәйкес келеді: 1) перзент сұраған әйелдер – ағаш-анадан сұрайды, себебі ол – өмір беруші; 2) ағаш кескен адам – ағаштан қасірет шегеді, себебі ағаш та жанды (адам жанының сақталатын жері) – жанды қиюға болмайды – қиса қиюшы жамандыққа ұшырайды; ағаш та тірі жан, сол себептен кесілген ағаштан (бұтақтан) қан шығады.

Арғықазақ танымындағы ағаш мифологиясын реконструкциялаған С.Қондыбай былай деп жазады: «Өсіп тұрған ағаш – тек қана «ғаламдық ағаш» деп атала бермейді; ағашқа қатысты мифологиялық таным берген

басқа да мифтік функциялар, тиісінше – басқа атаулар да бар. Солардың бірі – «ғұмыр ағашы, яғни өмірді, тіршілікті сақтайтын, өмірді беретін немесе жарататын ағаш. Бұл да – ғаламдық ағаш, тек басты назар оның «өмір беру» функциясына түсірілген. Сонымен, өмір ағашына мынадай қасиеттер мен функциялар берілген.

1. Ол – жаратушы құрсақ, Ұлы ана. Яғни ағаш ұрғашы әйел кейпіне ие болады.

2. Ол – өмір қоймасы, яғни осы ағашты (бұтағында, жапырағында, т.б.) адамның (жалпы тірі пенделердің) жаны, оларға тіршілік беруші алғы жан (ұрық) сақталады. Ағаш ұрықты (жанды) белгілі бір әдіспен таратады.

3. Ол – өмір уақытының (жалпы уақыттың) тіркеушісі (фиксаторы). Ол кімге қанша уақыттық ғұмыр бергендігін, қандай тіршілік берілгенін белгілейді, қадағалайды, болған істі тіркеп отырады.

4. Ол – адамның арғы бабасы» [78, 505-506 бб.].

Ағашқа байланысты осы мифтік танымдардың көріністерін қазақ фольклорларынан көптеп таба аламыз. Сонымен бірге жалпы қазақ топонимиясында және де Қазығұрт өңірі топонимдерінде «ғаламдық ағаш культіне» қатысты мәліметтерді деректі түрде кездестіреміз. Мәселен, Қақпақ ауылындағы Заңғар тауының қарсы бетіндегі *Кәтіреңкі әулие* – үлкен үңгір тас үстінде өсіп тұрған кәтіреңкі ағашқа күні бүгінге дейін зиярат жасаған адамдар нан пісіріп, садақа арнап, құран оқып, Алладан денсаулығына шипа беруін сұрайды. Киелі ағаштың бір бұтағын кесіп алған адамның бірер ұрпағы зардап шеккені жөнінде жергілікті тұрғындар аңыз етіп айтады.

Өте көне мифологиялық танымдардан көрініс беретін аймақтық топонимдердің бір тобы үңгір атауларымен байланысты. Қазығұрт өңірінде *Жеті үңгір*, *Қос үңгір*, *Жалтыр үңгір*, *Бір ауызды*, *Үш ауызды* үңгірлер сынды спелеонимдер бар. Осы микротопонимдік атауларға және аталған нысандарға қатысты ақпараттарда мифологиялық сипаттағы танымдық деректер бар. Әрине, бір кездерде киелі орындар саналған үңгірлердің сакральді мәні уақыт өте бәсеңдей берген, сол себепті үңгірлерге қатысты кейбір мифологиялық ақпараттар ұмыт болған. Егер көне замандарда үңгірлер зиярат ететін, белгілі бір ырым-жоралар (ритуалдар) өткеретін киелі орындар қызметін атқарған болса, кейінгі дәуірлерде олар киелі функцияларынан айрылған. Мәселен, «Қорқыт Ата кітабындағы» «Басаттың Төбекөзді өлтірген әңгімесінің баяны» атты тарауында Қазығұрт тауының үңгірінде болған оқиға баяндалған. Қазығұрттың үстіндегі қос үңгірдің бірі – аса үлкен, екіншісі – шағындау. Бұл үңгірлер бұрынғы замандарда қасиетті саналған. Қазан төңкерісінен бұрын үңгірдің аузына әшекейлі есік орнатылған екен, олар Ұлы Отан соғысына дейін сақталған. Ал өткен ғасырдың отызыншы-елуінші

жылдары бұл үңгірлерде қой қамап, үңгірлер қораға айналған.

Ал үңгірлердің мифологиялық кеңістіктер ретінде танылуы жөнінде С.Қондыбай былай деп жазады: «Тас ғасырының адамдары үшін үңгірдің маңызы қандай болғанын айту, сірә, артық болар. Үңгірдің функционалдық сипаты – басқа адамдар тобырынан, жыртқыш аңдардан қорғану, қыста суықтан қорғану болған, міне, осы екі сипат жаудан және суықтан қорғану кейінгі замандарда ұмытылған жоқ, қайта адам танымының тұрақты көрсеткішіне айналған. «Шахнамада» алғашқы патша (Авестада-Иима) Каюмарстың, Көктүрік аңызындағы Асянь-шадтың арийларды, көктүріктерді үңгірден шығаруы, иран мифологиясындағы Митраның жартастан тууы және оған үңгірлерде табынуы, оның түркілік «баламасы» – Төбекөздің тұрағы үңгір болуы, міне, осының барлығы ұзақ уақыт ұмытылмағандығын көрсетеді.

Үңгір мифологиясы – іші қуыс, басқа кеңістікпен (сыртпен) тек бір коридор арқылы байланысатын оқшау, іс жүзінде жабық кеңістік, оның осы формасы әр мифологиялық қабаттың кеңістігінің форма-моделіне айналған» [79, 184 б.].

Көне нанымдардың [арғы (прото-) казак) мифологиясына қатысты] сарқыншақтары Қазығұрт өңірінің бұлақ атауларына байланысты да сақталуы мүмкін. Арғықазак мифологиясының қисындары мен келтірімдері бойынша, су (су көзі, қайнар, құдық, өзен, т.б.) Нұрдың көресіндері (эмонациялары), сол себептен су нысандары өмір беруші (шипалық), жасару т.б. қасиеттерге ие. Осындай танымдарды «тірі су», «өлі су», «ант-су ішу», «ант ішу», «неке суы», «Нұрбұлақ» ұғымдарынан байқауға болатынын С.Қондыбай көрсеткен.

Ал Қазығұрт аймақтық топонимиясында сумен байланысты мифологиялық танымдардың мейлінше қарабайырланған сарқыншақтарын кейбір гидронимдік атаулардан байқауымызға болады. Өте көне замандарда бұлақ, су атауларында имплицитті (жасырын) түрде «толыққанды» мифологиялық ұғымдар кешенді түрде болған шығар, ал талай дәуір өткен соң сол атауларда (су нысандарында) тек «қасиетті», «әулиелі», «емдік шипасы» бар деген қарабайырланған ұғымдар ғана сақталған. Мысалы, *Көктөбе бұлағы* қасиетті, емдік шипасы бар су көзі болып саналады. *Көктөбе бұлағы* төңірегінде *Ана бұлақ*, *Ата бұлақ*, *Бала бұлақ*, *Қыз бұлақ* сынды бұлақтардың орналасуында да мифологиялық астарлар бар.

Қазығұрт аймақтық топонимиясындағы этнодүниетанымдық сипаты бар географиялық атаулардың бір бөлігі ислам дінімен (мұсылмандық мифологиямен) байланысты болып келеді. Осындай типтегі мифологиялық топонимдер мен микротопонимдердің пайда болуы, әрине, Оңтүстік өңірінде ислам дінінің орнығуымен байланысты деп айта

аламыз. Исламнан бұрынғы (арғықазақтық, тәңірлік т.б.) наным-сенімдерге қатысты туындаған жер-су аттары кейде діни (исламдық) сипаттағы топонимдермен сабақтасып, белгілі бір діни-мифологиялық топонимдік кешендерді құрайды.

Мәселен, Қазығұрт тауының солтүстік жағында бес-алты шақырымдай жерде *Ғайып ерен* – қырық шілтен деп аталатын киелі (кешенді) әулие орналасқан. Қазығұрт энциклопедиясында бұл әулиелі жер жөнінде былай деп айтылған: «Жұрт қасиетті санайтын орын. Көпшілік жұрт бұл жерді «ШілтерАта» деп те атайды. Осы бір онша биік емес төбешіктің айналасында табиғаттың ерекше құбылыстары бар. Жіңішке сайдың табанында үш бұлақ бастау алып, сонан соң бірігеді. Жергілікті тұрғындар да, зияратқа келгендер де осы үш бұлақтың дәмі үш түрлі дейді. Одан ары жартастар. Соның бірі арасынан адам қырынан ғана өте алатындай саңлау қалдырған найзадай болып тұрған екі тас – «Ата тас» пен «Ана тас». Одан соң «Шілде тас», «Емдік тас», «Түсік тас», «Бесік тас». Бұлардың бәрі туралы да аңыздар мен қасиетіне байланысты түсініктер бар. Соңғы жылдары бұл жер қасиетті жерге айналып, Қазақстанның түкпір-түкпірінен зияратшылар келіп жатады» [19, 82 б.].

Ғайып ерен – қырық шілтен туралы қазақ халқының арасында діни ұғымдар мен аңыздар тараған. Соның бір айғағы ретінде «Қыз Жібек» жырынан мына бір үзіндіні келтіруге болады:

Тіккені саудагердің қосы ма еді,
Ғайып ерен – қырық шілтен досы ма еді,
Кешегі Төлегенді жамандаған,
Көп дұшпан көре алмаған қасым ба еді?

Халықтың түсінігінше, *Ғайып ерен* – қырық шілтен топан суға дейін жер бетіне аспаннан адам кейпінде түскен қырық періште. Олар ақ киім киіп жүреді, бойлары ұзын, Алла тағаланың ақ жолына түсірмек болып адасқан пенделерге уағыз айтып, таратқан екен.

Ғайып ерен – қырық шілтен қырық қария-баба түрінде де бейнеленеді. Олар бейкүнә адамдарға көмекке келеді, аян береді, тіл катады. Ал *Шілтер ата* – сол қырық бабаның басшысы болса керек.

Ғайып ерен – қырық шілтендегі *ғайып* – араб тіліндегі *ғайыф* – ұшқан құсқа қарап алдын ала болжайтын әулие, ал *ерен* – *йаран* сөзінің түбірі парсы тіліндегі «дос, жолдас», *йари* – «көмек», «жәрдем» [80, 65 б.]. Осы этимологияларға қарағанда *ғайып ерен* «дос», «жәрдем беруші», «көмекші» ұғымдарын береді.

С.Қондыбайдың пікірі бойынша: «Ерен ғайып (қырық шілтен) бейнесін қалыптастырған мұсылман сопылар (суфийлер) ортасы, мұны ерен ғайып шілтендердің кейде «пірлер» деп аталып, пірлер категориясына жатқызылуынан да аңғаруға болады. Бұл жайт, өз

кезегінде, қарастырылып отырған бейненің бастауында тек парсылық қана емес, көне түркілік мифтік келтірімдердің жатуын ықтимал етеді; өйткені сопылар, көне иран келтірімдерін де, көне түркі келтірімдерін де пайдаланып, жаңа діннің (исламның) талаптарына сай өңделген құрама бейнелерді жасаған. Міне, осы тұста бейне атауын құраушы компонент – «ерен» сөзінің этимологиясына байыпты үңілу қажеттілігі туындайды» [81, 385 б.].

С.Қондыбайдың пайымдауынша: «Ерен – жануар кейпі делдал – рух болса, олардың, қарапайым келтірім бойынша, көзге көріне бермейтіні түсінікті болады. Жануар (ең алдымен, жыртқыш құс) кейпіндегі ерендер – екі дүниенің арасын жалғастырушы делдалдар» [81, 387 б.]. Сопылар, осындай көне түркілік келтірімді, өздеріне жақсы таныс ирандық түсініктер мен лексикалық дәстүрді пайдалана отырып, ереннің жаңа, исламдық бейнесін жасап шығарған сопылық дүниетаным, сондықтан да осы ерен атауына парсының «ғайб» («скрытый, невидимый») деген анықтама сөзін жалғаған, уақыт өте «ерен» сөзінің түркілік мағанасы ұмытылып, ол парсы тіліндегі «йаран» сөзі деп есептеліне бастаған да, сөз мағынасы да жаңарған» [81, 388 б.].

Ғайып ерен – қырық шілтенге қатысты жоғарыда келтірілген деректер мен дәйектемелерге қарағанда, қазақ жерінде, соның ішінде Оңтүстіктегі Қазығұрт аймағында сопылық исламның өткен замандарда кең етек жаюы орын алған сияқты. Сопылық дүниетанымның кейбір көріністерін жанама түрде болса да топонимикалық материалдардан да аңғаруымызға болады.

Сопылық дүниетанымның бір көрінісі әулиелерге сиыну салтынан байқалады. Ал әулиелерді құрметтеу, кейбір адамдарды әулие санау қазақ халқында көне түркі (мүмкін, одан да бұрынғы) заманда қалыптасқан көрінеді. Қазіргі қазақ жеріне ислам сіңе бастаған кездерде әулиелік культі сопылық исламның жолымен ұштасып кетті. «Қазақтың мұсылмандығының бастауы осы сопылықта (суфизмде) жатқандығы. Яғни қазақ халқы – мұсылман халық, осы аксиоманы нақтылай түссек, қазақтардың мұсылмандығы – суфистік ағымдағы ислам діні. Қазақтың бас пірі деп есептелінетін Қожа Ахмет Ясауидің де, одан анағұрлым кейін өмір сүрген қазақтың үлкен пірлерінің бірі болған Бекет Атаның ұстанған жолы – осы сопылық исламның жолы» [82, 147 б.].

Қазақ топонимиясында сопылық ілімнің аясындағы әулиелер культінің көріністері әулие адамдардың есімімен аталған жерлер арқылы айғақталады. С.Қондыбайдың көрсетуінше: «...әулиелер мен киелі орындар – қазақ жерінің нақты нүктесі, координаты, есімі болып табылады. Ол – бір жағынан, жер-су аты, екінші жағынан, әр аймақтың бейнелік портретін толықтыратын, байыта түсетін материал. Олар кез келген жертараптың (ландшафтың) рухани-эстетикалық байлығы болып

табылады. Әулиелер – мейлі, оған халықтың белгілі бір бөлігі сенбей-ақ қойсын, мейлі оны ескіліктің қалдығы деп есептей берсін, бәрібір олар – ғасырлар бойы қазақ халқының рухани «экспертизасынан» өткен дүниелері. Бұл эстетикалық байлық. Тіпті болмағанда, олардың атаулары – қазақ жерінің нақты нүктелерінің аттары ғой, оның өзі де маңызды мәселе бола алады» [82, 148 б.].

Қожалардың шежіресі «Насаб-нама» нұсқалары мен түркі тарихын зерттеген ғалым З.Жандарбек Оңтүстік Қазақстандағы кейбір әулиелі жерлерді орта ғасырлық сопы қайраткерлердің есімдерімен байланыстырады: «Насаб-нама» нұсқаларында аты аталған әрі аты аңызға айналған әулиенің бірі – Исхақ-баб. Ол халық арасында Баб Ата деп аталады. Кесенесі қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе Кеңшарының аумағында. Халық арасында Баб Ата мен Исхақ-бабтың бір кісі екендігі жөнінде «Насаб-намада» баяндалған сюжет желісіне ұқсас аңыз әңгімелер тараған» [83, 66 б.].

Ясауи тариқатының пірлері (әулиелері) өз есімдерін Қазығұрт аймағының топонимиясында (микротопонимиясында) азды-көпті болса да қалдырды. Әдетте, ондай агитопонимдер (агиомикротопонимдер) сопы қайраткерлерінің жерленген орындарымен байланысты болып келеді. Сопы-пірлердің жерленген орындары киелі болып саналған және де сол сопылардың өмірі мен жасаған кереметтері аңыз-әпсана түрінде халық арасында кеңінен таралған.

Мәселен, Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті болып саналатын Ақбура әулие Қазығұрт баурайынан Түркістандағы намазға қас қағым сәтте жетіп, сол намазға қатысып тұрады екен. Ақбура әулие Қазығұрттың етегіндегі бұлақтың басында жерленген, күні бүгінге дейін осы жер қасиетті болып саналады. «Ақбура әулие» деп аталатын киелі орынға баратын зияратшылардың қатары азаймайды.

Қазығұрт өңіріндегі сопылар культімен байланысты тағы бір микротопоним Қазығұрт тауының оңтүстігіндегі Тұрбат ауылында жерленген Ысмайыл атамен байланысты.

«Қазығұрт» энциклопедиясында Ысмайыл ата жөнінде мынадай деректер келтірілген: «Ол кісі де үлкен ғұлама болған. Өзінің Ахмет Ясауиге туыстығы бар. Үлкен ұлы Ысқақ Ата да қасиетті жан болса керек, Тұрбатта ол кісінің де мавзолейі бар.

Ал кіші ұлы Хусаин кезінде Балх қаласындағы ел басқарушылардың оң қолы болған, ал әдебиет тарихында тұңғыш рет түркі тілінде шығарма жазып, түркі әдебиетінің ана тілінде жасалған нұсқасының қабырғасын қалаушылардың бірі Әлішер Науаи бұл кісіні Лутфи, Саккикилермен қатар атап, аса жоғары бағалаған. Әдеби лақабы – Атоий, ал сол кездегі лауазымын түгел келтірсек – Мавлона Шейх Хусаин Атоий» [19, 408 б.].

Оңтүстік Қазақстан өңірінде орныққан ислам дінінің уағыздаушылары мен сопылық ордендердің пірлерін жергілікті халық танымы бойынша «әулие» деп түсінген. Сондай пірлердің бірі Ысмайыл Ата және оның «шырақшылары» мен «халифалары» қаңлы руының «Омыртқа» мен «Мандуд» тармақтарына Ясауи тариқатын таратқан, яғни Қазығұрт өңіріндегі халықтың рухани, діни-философиялық өміріне үлкен ықпал еткен. Осы жайттарды Ә.Диваев жазып алған «Қазірет Ысмайыл Ата туралы аңыздан» байқауымызға болады: «Ибрагим Атаның ұлы Қазірет Ысмайыл Ата «қазақтармен» бірге «Қос мола» деген үлкен таудың батыс жағында, қазіргі Ташкент уезінің Ақжар болысында өмір сүрді.

«Ибрагим Ата» деп аталатын әулиелердің бейіттерін көп кездестіруге болғанымен, біз бұл жерде «Тұрбат» деп аталып жүрген Ибрагим Ата туралы айтамыз, өйткені ол Тұрбат деген жерде тұрған.

Қазірет Ибрагим Ата маңайдағы қазақтарға «пір» болғасын жоғар діни кемелденуге жеткен. Оның шырақшылары мен халифалары «Қаңлы» руы, «Омыртқа» және «Мандуд» бөлімдерінің қазақтары болған.

Біздің пікірімізше, Ибрагим Атаның екі ұлы болған: оның біреуін Жәбірейіл Ата, ал екіншісін Ысмайыл Ата деп атаған. Бұл – бұдан төрт жүз жылдан астам бұрын болған» [84, 227 б.].

Тұрбатты халықтың қасиетті орын санайтын бір себебі – Ысмайыл Ата бейітінің осында жатқаны. Ә.Диваевтің пікірінше, Тұрбат арабша «мазар, мавзолей» деген сөз.

Елі мен жерін қастерлеген халықтың әулиесі де, киелі жерлері де көп. Салыстырмалы түрде Оңтүстік Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда Қазығұрт аймағы киелі, қасиетті жерлерге, тарихи ескерткіштерге бай. Олардың көпшілігіне халық зиярат етіп, жәрдем тілейді.

Әулиелік, көріпкелдік қасиет дарыған кісілердің есімдерімен байланысты топонимдер мен микротопонимдер: *Ақ ата, Қызыл ата, Кісен ата, Жүрек ата, Жанкел әулие, Нау ата, Салиха ана, Мейрам ана, Көктен ата, Жалаулы ата, Қыз әулие, Шоқы ата, Көзді ата, Қазығұрт ата* т.б. болып келеді. Бұл келтірілген атаулардың бәрінің де түрлі нұсқада айтылатын аңыздары бар.

Мәселен, *Жалаулы ата, Көз әулие* – Қақпақ ауылының әкімшілігіне қарасты әулиелі жер аттары. Адамдар осы күнге дейін мал сойып, құран оқытады. *Жалаулы ата* – Ысмайыл атаның кенже ұлы болған екен.

Оның қызы бұлақтан кір жуып келе жатқанда, басқыншылар алдынан шығады. Сонда қыз: «Е, Алла, мені жауларға қор қылғанша, осы жерде тас қыл!» – деп тілеген екен. Содан тас болып қалған дейді аңыз.

Жанкел әулие – Жанкел ақынның бейіті, ел әулие деп қастерлейтін орын. Екі жарым ғасырдан бері Жанкел жатқан жер «Жанкел әулие» деп аталады.

Қазақ елі тек қасиетті әулие адамдарды ғана қастерлемеген, елден шыққан, ел намысын қорғаған қас батырларын да құрметтей білген.

Қазығұрт топонимиясында *Жетібай жұрты* деп аталатын жер, қоныс аты бар. Орта Азияның тұңғыш генералы, Кеңес Одағының Батыры Сабыр Рақымовтың бесінші атасы – Жетібай батыр ел қамын ойлаған, Қоқан ханының езгісіне есе бермеген адам болған. Сол кісінің қоныс тепкен жері «Жетібай жұрты» деп аталады. Ол Көкібел әкімшілігі аумағында. Жергілікті ақын Амангелді Құралов:

Қырқа-қырат көсіліп жатыр далам,
Тауын-тасын қорғаған батыр бабам.
Қалай еге болады екен өлкеге?
Бабам батыр болмаса лапылдаған –

деп, ата жұртын жырға қосқан.

Қаржан – Алтынтөбе ауыл әкімшілігіндегі өзен атауы. «*Қаржан*» атауының шығуы туралы ел былай баяндайды.

Ертеде Жаныс руынан Қаражан, Сарыжан атты ағайынды батырлар және олардың Қаржан атты қарындасы өмір сүрген. Олар Қазығұрт тауының оңтүстігінде «Аңғалсай» деген жерде отырған.

Ел байлығын тонау мақсатында қалмақтар екі батырдың елде жоқ кезін пайдаланып, шабуыл жасап, байлығын тонап, адамдарын айдап әкетеді.

Елге оралған екі батыр жау соңынан қуып жетіп, қалың қолмен соғысады, жау қолынан мерт болады. Қарындасы қашып шығып, ағаларын іздейді. Білгеннен соң ол да қалың жауға қарсы соғысып, қаза табады.

Бой тасалап аман қалған ел олардың денелерін тауып алып, арулап жерлейді. Аға-інісі жерленген тау «Қосмола» аталыпты. Қызды жерлеген жерден бұлақ шығып, «Қаржан бұлағы», «Қаржан өзені» аталыпты.

Этнос немесе халық дүниетанымы аймақтық топонимдерде (микротопонимдерде) де өз таңбасын, көрінісін қалдырған.

Этнос танымы (этникалық таным) топонимдерге қатысты аңыздарда, әпсәнарларда нақтырақ айғақталады, яғни топонимикалық аңыздардан қазақ халқының және белгілі бір аймақты ежелден қоныстанған тұрғындардың дүниеге деген көзқарастарын, наным-сенімдерін, діни-философиялық түсініктерін танып білуімізге болады.

Этнос танымын айғақтайтын топонимдер мен аңыздар белгілі бір стратиграфиялық танымдық қабаттарды құрайды. Қазығұрт аймағындағы топонимдердің стратиграфиялық танымдық қабаттарының бастауы арғы (прото-) қазақ мифологиясынан орын алады, демек, бұл өте көне (ежелгі) қабатта қазақтардың арғы бабаларының мифтік нанымдары, сенімдерінің қарабайырланған жұрнақтары сақталған. Осы қабатты деректейтін топонимдер және олармен (топонимдермен) аталған географиялық табиғи

нысандар күні бүгінге дейін киелі, қасиетті саналады, алайда оларға қатысты ежелгі наным-сенімдердің сарқыншақтары ғана байқалады.

Арғықазақ мифологиялық танымдық топонимиялық қабаттан кейін пайда болған этнотанымдық топонимдік қабат исламның діни-философиялық көзқарастарымен байланысты болып келеді. Қазығұрт аймақтық топонимияда аталмыш этнотанымдық қабат (немесе топ) сопылар культіне қатысты қалыптасқан, яғни Қазығұрт өңіріндегі бірқатар киелі орындар мен жерлер осы аймақта өмір сүрген, діни уағыздаушылық әрекеттері мен еңбектерімен «көзге түскен», өңірдің тарихында ізін қалдырған әулиелі адамдар – сопы қайраткерлерінің есімдерімен байланысты.

Қазақ халқының аксиологиялық рухани құндылықтарының бірі – ел батырларын қастерлеу; елін, жерін қорғаған елі, жері үшін жанын қиған батырлар есімдерін жер-су аттарында мәңгі етіп қазақ халқы «топонимиялық жадында» сақтай білген.

Халықтық топонимияда, соның бір бөлігі аймақтық жер-су атауларының жүйесінде осы және де басқа этнотанымдық топонимиялық қабаттар жүйелі түрде ғасырлар бойы сақталып, өз көріністерін берген. Қазақ тарихының соңғы дәуірлерінде этнотанымдық құндылықтар жүйесі қирай бастады –оның өзіндік тарихи-экономикалық, саяси себептері болды. Олардың бірегейлерін атап өтсек, қазақ жеріне капиталистік формация орныға бастады, бұрынғы халықтық топонимиялық жүйе бұзылды, көне танымдық топонимдер орнына орыс (отаршылдық) топонимдер орнықты, кеңес заманында саясиленген географиялық атаулар қаптап кетті т.б. Осы үрдістер Қазығұрт өңірінің тарихы мен топонимиясында да орын алған бұл мәселе, әрине, арнайы сөз етуді және зерттеуді қажет етеді.

Қазығұрт өлкесі топонимдеріне қатысты аңыз-эпсаналар

Жалпыұлттық және де аймақтық топонимдеріне (микротопонимдеріне) қатысты аңыздар мен эпсаналар үлкен этнотанымдық рөл атқарады. Ғасырлар бойы қалыптасқан жер-су аттарына байланысты аңыздық және эпсаналық әңгімелер ел өмірінің өткен кезеңдерінен, ескі күннің естегі тарихынан мағлұмат береді, халық дүниетанымынан, әлденеше ұрпақ өкілдерінің бастан кешкендерінен, өмір тәжірибесінен хабардар етеді.

Кеңес (совет) фольклортанушыларының анықтауынша, аңыз – «ерте замандарда өткен тарихи оқиғалар мен тарихи қайраткерлер жайында баяндалатын, белгілі жер, су, тау, тас, мекендердің қалай пайда болғанын түсіндіретін, қара сөз бен ауызекі тараған сюжетті эпикалық шығарма.

Онда шын фактілер мен оқиғалар, сонымен қатар ойдан шығарылған желілер де аралас жүреді. Аңыздардың басқа шығармалардан бірден-бір айырмашылығы ел сенетін шындыққа құрылуында. Аңыз әңгімелер табиғаты жағынан хикая, эпсана, баян сөзге (сказ) жақынырақ» [85,393 б.].

Орыс фольклорындағы материалдардың негізінде зерттеуші А.П.Андреев оларды тарихи және топонимикалық аңыздар деген екі топқа бөліп қарастыруды ұсынады [86].

Оңтүстік Қазақстанда таралған мифтерді, аңыз, эпсаналарды ел ішінен Ә.Диваев, Н.Гродеков, В.Радлов, Г.Потанин секілді фольклоршылар кеңес дәуірінен бұрын да жинаған. Осы орыс т.б. ұлт өкілдерінің фольклоршы ғалымдарының жинастырған мұндай мұра архивтерде, ғылыми орталықтардың қолжазба қорында сақталды. Сондай-ақ халықтың арасында айтылып келген аңыздар ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. бас кезінде-ақ газет-журналдарда, жинақтарда жарияланып келді.

Кеңестік дәуір тұсында Оңтүстік Қазақстанның аңыздары жөнінде баспасөз беттерінде сөз етілгенімен, аңыздар арнайы жинастырылмады.

Тек 1980 жылдардан кейін Оңтүстік Қазақстан аңыздарына қатысты бірсыпыра еңбектер жарияланды. Мәселен, соның бірі – С.Бақбергеновтің «Қазығұрттың басында кеме қалған» (1984) атты еңбегі. Осы кітапта Оңтүстік өлкесіндегі Қазығұрт тауы, Қ.А. Ясауи ғимараты, Хантағы, Қатынқамал және Қанжуған хикаясы, Ақбикеш, Ащысай секілді бірнеше аңыз-эпсаналардың мәтіндері келтірілді [87, 31-54 бб.].

Оңтүстік аңыздардың кейбір нұсқалары «Абылай хан» (1993), «Домалақ ана» (1991), «Қазығұрт баурайындағы аңыздар» (1993), «Қазығымның киесі Қазығұртым» (1995), «Қазыналы қара шаңырақ» (1996), «Ясауи тағлымы» (1996), «Теберік дүние» (1997) т.б. кітаптарда келтірілді.

Оңтүстік Қазақстан аңыздарын қазақ фольклортанушы ғалымдары ертегілік емес халық прозасының аңыздық саласын тақырыптық, идеялық мазмұнына қарай «тарихи» және «топонимикалық» аңыздар деп бөлгеніне сай аталмыш топтарға бөлуімізге болады. Әрине, Оңтүстік Қазақстанның топонимикалық аңыздардың ішінен Қазығұрт өңірінің жер-су аттарына қатысты аңыздар мен

эпсаналар біздің зерттеу нысанымыз болып келетіні айтпасақ та түсінікті.

Қазығұрт өңірінің жер, су, тау-тас, мекен, әулие орындары аттарына байланысты айтылатын аңыздар мен эпсаналардың үлкен этнотанымдық (дүниетанымдық) мәні бар, сол өлкенің тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрыптарынан мағлұматтар береді. Осыған қарағанда, топонимдер мен топонимиялық аңыздар белгілі бір өңірдің (аймақтық) топономиялық

ғалам бейнесін құруда, қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Зерттеушілер топонимиялық аңыздардың тарихилығына басты назар аударады, себебі топонимиялық аңыздар тек жер атауының себептерін түсіндіріп қана қоймайды, олар жартылай тарихилық мәнге ие, яғни белгілі бір тарихи оқиғаны баяндайды [88, 179 б.].

Орыс ғалымы В.К. Соколова топонимикалық аңыздарды тарихи аңыздардың үлкен бір саласы ретінде қарастырады: «... К историческим преданиям заставляет их относить не только то, что многие из них исторически закреплены. Топонимические предания в отличие от рассказов окладах историчны по существу. Они могут быть и не связаны с большой, так сказать, историей, с событиями и лицами крупного масштаба, но они всегда говорят об истории села, города, о первых поселенцах, о случившемся в данном месте. Но, чтобы выделить разные типы топонимических преданий, дать их классификацию и определить их место среди жанров устной несказочной прозы, нельзя основываться только на преданиях, связанных с крупными историческими событиями и лицами. Для этого необходимо исследовать все разновидности топонимических преданий, их отношение к действительности и связи с другими устнопоэтическими прозаическими жанрами» [89, 273 б.].

Қазығұрт өңіріндегі тарихи-мекендік аңыздарға Сақ, Қаңлы, Оғыз-қыпшақ, Қазақ хандығы кезіндегі Қалмақ-ойрат, Жоңғар, Қоқан хандықтары т.б. тарихи кезеңдер тікелей әсерін тигізген. Осы дәуірлерге қатысты топонимикалық аңыздар ежелден, көне замандардан бері ғасырлар бойы ел аузында айтылып келген. Осы аңыздық әңгімелердің көбі ұмытылып кеткен, қайсыбірінің тек сарқыншақтары қалған, кейбіреулерінің жұрнақтары тек топонимикалық атау ретінде ғана есте сақталған.

Көне топонимдердің, яғни мекен аттарының шығу төркініне, бастапқы (түпкі) ұғымына байланысты аңыздар мен эпсаналардың жоғалуы, ұмыт болуы немесе қарабайырланғаны түрлі себептерге байланысты. Оның басты себептерінің бірі – белгілі бір танымға немесе дүниетанымдық кешеніне байланысты туындаған аңыздың сол танымдық (дүниетанымдық) іргетасы мүжіліп, өзгеріп немесе мүлдем жойылып кетуі салдарынан аңыз да «мүжіліп», өзгеріп немесе тіпті ұмыт болып жойылып кетуі әбден мүмкін.

Топонимикалық аңыздардың жойылуы немесе редукциялануы (қарабайырлануы, жұрнағы ғана қалуы) сол өлкеде орын алған саяси-идеологиялық, діни ахуалдың өзгеруіне де байланысты болып келеді. Мәселен, Оңтүстікте ислам діні орнығуына байланысты бұрынғы тәңіршілдік, анимизм, пантейістік наным-сенімдеріне қатысты көптеген аңыздар мен эпсаналар жойылып, ұмыт болып кетті. Немесе бұрынғы

аңыздардың сюжеттік қаңқасы қалып, мазмұны мен кейіпкерлердің келбеті жаңа (мәселен, мұсылмандық) діни-идеологиялық сипаттағы белгілермен толықтай түсті. Ресей отаршылық және одан кейінгі кеңестік тоталитарлық дәуірде көптеген көне жер-су аттары ауыстырылды, тарихи жадтан шығарылды, міне, сонда көптеген топонимикалық аңыздар мен эпсаналар да жойылды: ұрпақтар танымындағы сабақтастық күрт үзілді. Ал ерте замандардан ұмытылмай жеткен көне мекендік аңыздар мен эпсаналардың бәрінің бойында ежелгі наным-сенімдердің белгісі сол бастапқы күйінде сақталып қалды деп айту қиын.

Дегенмен, Қазығұрт өңірінде сақталып қалған топонимикалық аңыздардың, аңыздық әңгімелердің өн бойында түрлі тарихи, мифологиялық, дүниетанымдық т.б. сипатты ақпараттарды байқауымызға болады. Демек, топонимикалық аңыздарды тек тарихи сипатты деуіміз біржақты пікір болар, себебі көптеген топонимикалық аңыздар мен эпсаналарда мифологиялық наным-сенімдерге, тұрмыс-тіршілікке, шаруашылыққа, әдет-ғұрыптарға да қатысты мәліметтер, ақпараттар бар.

Осындай тұжырым-ойды Карпат өңірінің мекендік аңыз-эпсаналарына орай жүргізген зерттеуінде украиндық ғалым В.В. Сокил де айтады: «...топонимические легенды и предания являются одновременно историческими, но как показывают карпатские материалы, они заключают в себе также мифологические, бытовые, другие сюжетобразующие мотивы. Часть традиционны репертуару, однако они наполнены самобытным национальным содержанием (местные события, географические реалии предметы быта и т.п.)» [90, 9 б.].

Қазығұрт өңірі топонимиясына қатысты топонимикалық аңыздар мен эпсаналарды шартты түрде *тарихи-топонимикалық*, *жалпы топонимикалық*, *мифологиялық* (діни-элеуметтік) аңыздар мен эпсаналар деп бөлуімізге болады. *Тарихи-топонимикалық аңыздар* белгілі бір немесе жалпы тарихи оқиғаларға, тұлғаларға қатысты мекендік әңгімелер. *Жалпы топонимикалық аңыздарда* пәлендей тарихи оқиғаларға (немесе дәуірге, кезеңге) қатысы жоқ, бірақ жергілікті халықтың түсінігіне сай келетін шындыққа жақын оқиғаларға құрылған әңгімелер баяндалады. *Мифологиялық* (діни-элеуметтік) *топонимикалық аңыздар* мен эпсаналарда ертедегі мифтік ұғымдар мен түсініктер, діни көзқарастар орын алады. Осы аталған топонимикалық аңыздар мен эпсаналардың үш түрінің әрқайсысында немесе керісінше ешқайсысында да топонимнің шығу төркіні, осылай аталуының себебі айтылуы да, айтылмауы да мүмкін.

Белгілі фольклортанушы, академик С.Қасқабасов топонимикалық аңыздарды былайша жіктейді: «Қазақтың топонимикалық аңыздары екі түрлі болып келеді. Бірі – тарихи оқиғалармен, дәлірек айтсақ, қалмақтар

мен қоқандықтарға қарсы соғыстармен байланысты оқиғаларды баяндайтын әңгімелер. Ал екінші түріне жер, су, мекен аттарының нақты бір тарихи фактіге қатысы жоқ, бірақ жалпы шындыққа саятын оқиға арқылы баяндалатын шығармалар» [91, 145 б.].

Қазығұрт өңірі топонимдеріне байланысты топонимикалық аңыздар мен әпсаналардың айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі – аңыз-әпсаналарда сөз етілген тау-тастың, су-бұлақтың, таудың т.б. табиғи нысанның киелілігі. Топонимикалық аңыздың немесе әпсананың көбісі географиялық нысанның немесе сол нысанға қатысы бар кейіпкерлердің қасиеттілігі, кереметтілігі, әулиелігі жөнінде баяндайды.

Туған жердің тау-тасын, өзен-бұлағын, кейде тіпті жалғыз өскен ағашын да қастерлеу, әулие тұту – қазақ халқының дүниетанымдық аксиологиялық тұрғыдағы ерекшелігі. Тәңір – Алла жаратқан ұлы табиғаттың ерекше қасиеттерін ұғыну, адам мен оны қоршаған ортаны тұтастықта, диалектикалық үйлесімде (гармонияда) қарау – қазақ халқының даналығын, үлкен көрегендігін айғақтайды.

Қасиеттілік, әулиелік, кереметтілік ұғымдарымен кешенді түрде көптеген мифологиялық, діни, әлеуметтік түсініктер мен жүйелер байланысты. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы, рухани мәдениетінің іздері тек археологиялық артефакттарда зергерлік, қолөнер бұйымдарында ғана өз ізін қалдырмаған, сонымен бірге тереңнен тамыр тартқан дүниетанымының, тарихының ұлы сарыны аңыз-әпсаналар арқылы да жетті.

Қазығұрт өңірінің түп қазығы, ең киелі, қасиетті орны – Қазығұрт тауы жөнінде топонимикалық аңыз-әпсаналар ғасырлар қойнауынан күні бүгінге жетті деп айтуымызға болады. Қазығұрт өңірінің аңыздарын жинастырып, әдеби өңдеген жергілікті журналист Қазыбек Тәжиев өзінің «Қазығұрт баурайындағы аңыздар» атты кітабында былай деп жазады: «Бүгінгі таңда тарихшылар мен археолог ғалымдар ел аузында айтылып жүрген аңыздар мен мифтік көзқарастарға қатты көңіл бөліп, есте жоқ ескі халық аңыздары тарихи материалды реттеуді жеңілдетуге, оның жеке қабаттарының жүйелілігін анықтауға қызмет етеді дегендей қорытынды айтып, жемісті еңбек ете бастады. Сондай аңыздардың бірі – Қаражамбас Қазығұртқа байланысты туған әңгімелер.

Қазығұрт тауы – қазақ жеріндегі қасиеті мол, кереметі көп, аса киелі жерлердің бірі. Ел аузындағы әңгімелер желісіне қарағанда, өткен замандарда жер бетін топан су басқанда тіршілік иелерін тиеген Нұх пайғамбардың кемесі осы Қазығұртқа тоқтап, сол таудың биігінде қалыпты. Жер бетіндегі тіршілік осы таудан басталып, осы таудан тараған екен деп халқымыз Қазығұртты қастерлейді, қасиет тұтады. Сондықтан да Қазығұрт баурайы аңыз бен әңгімеге өте бай келеді» [92, 1 б.].

Қазығұрт тауына байланысты аңыздар мен әпсаналарды жинап, бастырған, алғашқылардың бірі әйгілі фольклортанушы Ә.Диваев еді [93, 401 б.]. Қазығұрт тауы жайындағы аңыздар қазақтың ғұлама ғалымы Ә.Марғұланның «Ежелгі жыр аңыздар» кітабында [94, 157 б.], фольклортанушы Р.Бердібаевтың «Кәусар бұлақ» зерттеуінде [95, 217 б.], жазушы С.Бақбергеновтің «Қазығұрттың басында кеме қалған» кітабында [87, 40 б.], Қазығұрттың төл перзенті жазушы Қ.Тұрсынқұловтың «Қазығұрт: аңыз бен ақиқат» атты кітабында [96, 336 б.], мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған Ш.Муртазаевтың «Қазығұрт – киелі бесік» [97] мақаласында, Ә.Балқыбектің «Қазығұрт, топан су және Жебірейіл, «Інжілі» атты мақаласында [98] т.б. газет мақалаларында жарық көрді.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерде топан су кезінде Қазығұрт тауына тоқтаған Нұхтың кемесі жөнінде, кеме үстінде аман қалған төрт түліктің осы Қазығұрттан тарағаны жайында баяндалады. Әлемдік мифологиясында «топан су және киелі тау басында тоқтаған кеме» мәселесін тарататын басқа да әпсаналар нұсқалары бар екенін ескерсек, Қазығұрт тауына және Нұхтың кемесі жайындағы қазақ нұсқасының өзіндік ерекшеліктерін атап көрсеткеніміз жөн болар.

Топан су және Нұхтың (Нойдың) кемесі жайындағы аңыздың христиан және мұсылман нұсқалары бар. Тіпті аталған әлемдік монотеистік діндердегі (ислам және христиан) аңыздық үлгілерден де басқа осы діндерден де бұрынғы замандарда тараған Гильгамеш және Ригведа нұсқалары бар екендігі мәлім. Түбінде бұл сюжет дүниежүзінің көптеген халықтарына тараған.

Библия (Інжіл) әпсаналарында Нұхтың есімі Ной деп аталады – мұнда жер бетін топан су жайлағанда Нойдың кемесінде оның жақтастары мен пайғамбардың үш баласы аман қалады, ал кеме тоқтаған тау ретінде бірінде Синай, бірінде Арарат таулары аталады [99, 152 б.].

Құранда да Нұх пайғамбар туралы, топан су мен тауда тоқтаған кемесі жайында айтылады. Академик М.Б. Пиотровскийдің «Коранические сказания» атты зерттеуінде қасиетті Құран мәліметтеріне сүйенген мынадай деректер келтірілген: «Посланник Аллаха, Нух уговаривал людей поклоняться только Аллаху, ему одному верить и страшиться будущего суда. Призывы эти вызывали только насмешки, а потом – вражду» [100, 95 б.].

Алланың елшісі Нұх жаратушыға жалбарынып, Аллаға сенбейтіндерді, оған табынбағандарды жазалауды өтінеді: «Аллах внял просьбе Нуха и обещал отомстить. Он успокаивал пророка, чтобы тот не отчаивался – он не виноват в неудаче: «Никогда не уверуют из твоего народа больше тех, которые уверовали. Не огорчайте тем, что они

делают» (11:36/38). Аллах приказал ему строить ковчег. Нух строил, а «знать его народа», проходя мимо, издевалась. Он отвечал: «... и мы будем издеваться над вами» (11:38/40). К врагам Нуха примкнула и его жена, не поверившая мужу (66:10).

Вот наступило время сбыться обещанию о наказании. «Закипела печь» (11:40/42, 23:27), нагревшая воду, которая хлынула с небес и из недр земли. Аллах приказал Нуху ввести в ковчег по паре всех живых существ, собственную семью и тех немногих, кто поверил ему. Один из сыновей Нуха не захотел плыть с ними, говоря, что спасется от воды на вершине горы. Он не внял мольбам отца и утонул вместе со всеми людьми. Огромные, как горы, волны понесли корабль.

Потом по приказу Аллаха земля поглотила воду, небо прекратило дожди. Вода спала, и ковчег опустился на вершину горы аль – Джуда. Нух взмолился тогда Аллаху, прося вернуть ему погибшего сына, ведь Аллах обещал пощадить его семью. Аллах отказался: неверующий сын – «не из твоей семьи» (11:46/48) [100, 46-47 бб.].

Құрандағы «топан су және Нұх пайғамбар» сюжеті исламды қабылдаған түрлі халықтар арасында тараған көрінеді. Топан су туралы эпсана Әбілғазының «Түрік шежіресі» атты еңбегінде де келтірілген. Мұнда «Нұх екі жүз елу жасқа келгенде Құдай тағала оны пайғамбар дәрежесіне жеткізеді; елді дінге кіргізу жолында жеті жүз елу жыл күшін сарып еткенде небәрі еркегі, әйелін қосқанда сексен-ақ адамның мұсылмандыққа мойын ұсынуы; осыған ренжіген Нұхтың тілегіне орай Алла тағаланың жер бетіне топан су жіберуі; Нұх пайғамбар кемесі Шам жұртындағы Жудда тауына тоқтауы сияқты жайлар сөз болады [101, 14-15 бб.].

Қазақ арасында Қазығұрт тауына байланысты эпсаналар сақталып, кеңінен тараған деп айтуымызға болады. Шын мәнінде Қазығұрт тауына қатысты ел ішінде төрт эпсана бар көрінеді. Біріншісі – топан су мен Нұхтың кемесі жөніндегі (Қазығұрттың шыңына тоқтағаны жайындағы) аңыз, екіншісі – Қазығұрттың басынан тіршілік алған төрт түлік жөніндегі эпсана; үшіншісі – Қазығұртта өмір сүрген әулие Қазығұрт ата жайындағы аңыз, төртіншісі –

Қазығұрт тауымен соғысқан таулар («таулар соғысы») жөніндегі аңыз.

Міне, осы төрт эпсананың үшеуін біріктіріп Қ.Тәжиев өзінің «Қазығұрт баурайындағы аңыздар» жинағында «Қазығұрт ата мен Қазығұрт тауы туралы аңыз» деп аталатын бөлімінде баяндайды. Осы аңыздарды Қ.Тәжиевтің өңдеген нұсқасында түгелімен келтіріп отырмыз: Алатаудың батыс баурайында аласа тауда Қазығұрт атты әулие өмір сүріпті. Ол ақылды да, әділ болып өмірінің соңына дейін Құдайға қызмет

етіпті. Сондықтан да сол шағын тауды мекен еткен халықтарға ол ақылшы және қамқоршы болыпты, талай рет елін апаттан аман алып қалған екен.

Күндердің күнінде Қазығұрт әулие қартайып, шашын ақ шалған сәтте Алатау баурайындағы халықтарға үлкен апат келеді. Олар бір-бірін тонап, ел ішінде ұрлық пен зорлық көбейеді. Әлдісі әлсізін, көбі азын тонау әдетке айналып, халықтар арасында алауыздық етек алады. Ел ішінде өзара ерегестің етек алғаны соншалық, жасы кәрісін, кәрісі Құдайын тындамай адамдар арасындағы ынтымақтан береке кетеді. Осы кезде жаратушы – Құдай оларға жыландар мен шаяндарды жіберіпті. Аспаннан у аралас жаңбыр жауып, егістіктері уланады. Өзара тіл табыса алмай Құдайдың қаһарына ұшыраған. Ол адамдарды жыландар мен шаяндар шағып, ажал құшағына алды. Егістіктері улы жаңбыр суынан бүлініп, ел жаппай қырғынға ұшырайды. Ел арасын қорқыныш пен үрей жайлап, зор азапқа дұшар болады. Көбі өліп, қалған аз адам Алатаудың батыс баурайына қарай көшіп, Қазығұрт әулиеге келеді. Мұнда келген халық бұл арада жыландар мен шаяндардың жоқ екенін көріп, таңқалады. Қазығұрт әулиеге:

– Бізді мына азаптан құтқарып, ажалдан алып қалу тек сенің қолыңнан келеді. Сенің арың Құдай алдында таза, біз сияқты күнәһар пендеңе араша түсіп, ажал мен азаптан құтқар. Қателігімізді мойындап, алдыңа бас ұрып келіп отырмыз, – деп жылап, еңіреп, аяғына жығылып, бас иеді. Сонда Қазығұрт әулие:

– Сендер Құдай алдында күнәға батып, кешірілмес қылмыс жасадыңдар. Сол үшін Алла сендерді жазалап отыр. Егер сендер ақымақтық істеріңді тастап, бір-біріңді зорлаудан, тонаудан аулақ болсаңдар, араша түсейін, – дейді.

Ажалдан қорқып, азаптан үрейленген әлгілер:

– Тастаймыз! Енді қайталамауға уәде етеміз, егер осыдан құтқарсаң, бәрін де орындаймыз, – деп шуласып, ант береді. Сонда Қазығұрт әулие күнәһарлар күнәсін кешіру үшін Құдайға мінәжат етіп, дұға оқиды. Құдай Қазығұрттың дұғасын қабыл алып, әлгілердің күнәсін кешіреді. Жыландар мен шаяндарды жіберуін тоқтатады. Ал Қазығұрт әулие болса, сол сәттен бастап өз есімін Алатаудың батыс бөлігіндегі тауға беріп, сәуегейлік, әулиелік кәсібін тастапты. Содан бері тау Қазығұрт атанып, Қазығұрт атаның тарту еткен әулиелік сыйынан «Қазығұрт – киелі, әулиелі тау» атаныпты.

Алыстан қарағанда Қазығұрт тауы шөгіп жатқан, қос өркешті түйені көз алдына елестетеді. Бұл туралы кәрікұлақ қариялардың аузында ежелден бері келе жатқан мынадай аңыз бар.

Дүниені топан су б асқанда, жер бетіндегі барлық таулар су астындақалып, кеме тоқтайтын жер қалмапты. Әлемді ұзақ шарлап, өмір

үшін күрескен кемедегі тіршілік иелері күн көруден күдерін үзе бастағанда Нұх пайғамбар Аллаға жалынып, көмек сұрайды. Сонда Алланың әмірімен кеме Қазығұрт тауына қарай бет түзепті. Аллаға адал қызмет етіп, бар ғұмырын Құдай жолына арнаған қасиетті Қазығұрт – Ата әулие бұл жерде өмір сүріп, өз атын тауға тарту еткендіктен, өзге таулар сияқты мансап қумағандықтан, әлем жаратушысының оған мейірімі түсіпті, сондықтан басқа таулар сияқты биік болмаса да су астына шөкпеген тау Қазығұрт екен. Жерорта теңізінің о жақ, бұ жағынан шыққан Нұх пайғамбардың кемесі суда жеті ай, жеті тәулік, жеті сағат шамасында жүзіп, осы Қазығұрт тауына тоқтайды.

Су астында қалса да, «Пайғамбардың кемесі маған тоқтайды» деп үміт еткен өзге таулар қызғаныш пен көре алмаушылықтан қатты ашуланып қаһарланады. Қазығұртқа қастандық жасап, жойып жіберу үшін жер бетіндегі су тартыла бастағанда ұрысқа шығады. Өзіне төніп келе жатқан қауіпті сезінген Қазығұрт тауы Бағаналы тауына:

– Бағаналы, сен анау Ордабасы басшылық ететін ағайындарыңа хабар бер, маған қарсы үлкен таулар соғыс ашып, құртып жібермек үшін ұрысқа келе жатыр, ағайындарым көмекке келіп, қол ұшын берсін.

Ордабасы ұлыма айт,
Қызылсеңгір қызыма айт,
Әлімтау мен Қойлыққа айт,
Алақсырақ Аңқиға айт,
Бағаналы, Маңсарға айт,

Қайтарыңда Қыңыраққа айт, – деп Сырдарияның ар жағынан қарауытып көрінген тауларды көмекке шақыру үшін айқай салып, жұмсайды.

Қара ниетпен келе жатқан таулар Қазығұрттың бұл шақыруын естіп, ойланып қалады. Қазығұрттың жалғыз емес екенін, сөзін сөйлеп, қол ұшын беретін ағайыны көп екенін естіген соң:

– Егер бұл шақырған таулар мен төбелер көмекке келетін болса, онда олардың күші артып, бізді жеңіп кетуі мүмкін. Кеменің Қазығұртқа тоқтауы жайдан-жай емес екен. Алланың әмірі екен, онымен соғысып, береке таппаспыз. Алланың қаһарына ұшырап, ағаттығымыз үшін абыройдан айырылармыз, – деп райынан қайтыпты. Сонда да болса бойларындағы ашу мен ызаның буы тарқамай, ол таулар текке кетпестен «Біз мұнда үлкен қиындықпен келдік, сондықтан қол қусырып, құры қайтпас үшін Қазығұртқа әрқайсымыз бір реттен соққы берейік» – деп бір-бірден ғана соққы бергеннен Қазығұрт тауының басы мүжіледі. Ортасында шұңқырлау ойма пайда болып, қос өркешті түйенің арқасына ұқсап қалыпты. «Қазығұрт шөгіп жатқан қос өркешті түйе сияқты» – деген сөз содан қалған екен [92, 29-31 бб.].

Қазығұрт тауына байланысты төртінші әпсана қазақтың тіршілігіндегі қадірлі төрт түлік малдың өріс алған мекені дегенге саяды. Нұх кемесінде топан судан аман қалған төрт түлік пірлері осы қасиетті, киелі Қазығұрттан тарайды:

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол киелі болмаса неге қалған?
Ішінде екі қозы болған екен,
Шопан ата деген сөз содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Жетім бота үстінде жатып қалып,
Ойсыл қара әулие содан қалған.

Басқа бір нұсқада:

(Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол киелі болмаса неге қалған?
Ішінде екі бота болған екен,
Ойсылқара деген сөз содан қалған).

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған ?
Бір қатпа тай үстінде жатып қалған,
Қамбар ата әулие содан қалған.

Келесі бір нұсқада:
(Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол киелі болмаса неге қалған?
Ішінде екі құлын қалған екен,
Қылқұйрық – Қамбар ата содан қалған)

Қазығұрттың басынан тараған төрт түліктің бір пірі Шопан атаға қатысты мына бір нұсқалары да бар:

(Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған ?
Жұрын тоқты үстінде жатып қалған,
Шопан ата әулие содан қалған).

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?

Жалғыз тана үстінде жатып қалып,
Зеңгі баба әулие содан қалған.

Келесі нұсқада:
(Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол киелі болмаса неге қалған.
Ішінде екі бұзау ұйықтап қалып,
Зеңгі баба деген сөз содан қалған).

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Қосқұлақ лақ үстінде жатып қалған,
Сексек ата әулие содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Ала күшік үстіне ыршып түсіп,
Құмай тазы пір болып содан қалған.

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ұлық әулие болмаса неге қалған?
Шегір деген балапан шөпке қонып,
Шегір баян әулие содан қалған.

Жоғарыда келтірілген аңызға қатысты Қазығұрт топонимиясында кейбір топонимдер (микротопонимдер) кездеседі. Мәселен, аңызда сан рет қайталанатын «Қазығұрттың басында кеме қалған» сөз тіркесіндегі «кеме қалған» Қазығұрттың тауындағы киелі жер аты. Жергілікті тұрғындардың түсінігінше, топан су қаптағанда Нұх пайғамбардың кемесі қайырылған жер. Тау басында кеме орнындай жазық жер бар. Бұл – таудың батыс сілеміндегі мүйісі. Осы жерде үңгір бар. Осындағы биік жартастың біріне соңғы кезде Қазығұртты қасиет тұтатын азаматтар «Осында Нұх пайғамбардың кемесі қайырылған» деген ескерткіш – белгі орнатқан. Осы мүйістің солтүстік жағындағы ауыл қазір «Кеме қалған» деп аталады.

Қазығұрттың 1720 метрлік ұшар биігіндегі *Кеме қалған* деп аталатын киелі жерді жергілікті тұрғындар *Нұх пайғамбардың кемесінің ізі* деп те есімдейді. Шағын немесе ұсақ табиғи нысандардың екі не үш нұсқада аталуы микротопонимияның заңдылықтарының бірі екені мәлім. Осы жерде сондай-ақ Нұх пайғамбардың жанындағы адамдарымен *мекендеген үңгірі*, оның *намаз оқыған жері*, үңгірдегі *бес саусағының ізі*, *су ішкен бұлағы* микротопонимдерімен аталатын нысандар бар. Сондай-ақ бұдан

басқа *Нұх пайғамбардың тамақ пісірген ошағы, дастарқаны, жайнамазы* атты тастар осы жерде орналасқан.

Кезінде, көне замандарда осы микротопонимдерге қатысты діни мифологиялық аңыз-эпсаналар болған деп жорамалдауымызға болады. Белгілі және себепті жағдайларға байланысты көптеген топонимикалық аңыз-эпсаналардың жойылып немесе ұмыт болып кететінін ескерсек, Қазығұрт өңіріндегі біраз аңыз-эпсаналардың құрдымға кетіп, тарихи жадтан ғайып болып кетуі онша таңқаларлық жай емес.

Қазығұрт тауына байланысты жоғарыда көрсетілген төрт аңыз-эпсана осы өңірді ғасырлар бойы мекен еткен халықтың дүниетанымынан көрініс береді. Осыған орай айта кететініміз, жергілікті ел дүниетанымының іргетасы ілкі (ежелгі) замандарда қаланғанымен, оның (дүниетанымның) негізгі мазмұны мен сипаттары талай дәуірлер бойы күрт өзгере қойған жоқ. Арғы- және көне түркілердің сенімі бойынша, Қазығұрт тауы – Әлем тауының («Мировая гора») тұрпаты болып саналған болса, әрине, Құран және Інжіл мифологиясындағы Нұх кемесі осы әлемдік тауға, яғни Қазығұртқа тоқтауы әбден заңды. Басқа сөзбен айтқанда, исламнан бұрынғы Қазығұрт мифологиясы болған, ал «Топан су және Нұх кемесі тоқтаған тау» мәселесіне қатысты исламнан бұрынғы аңыздың («Әлем тауы» аңызы), «Топан су және Нұх кемесі» құрандық аңызымен ұштасқанын көреміз. Осы жорамалымызға орай дарынды зерттеуші С.Қондыбайдың төмендегі сөздерін келтіруімізге болады: «Қазығұрттың мифтену себебі анықталмаған, неліктен Нұх аңызы осы қарапайым, шағын тауға көшіріліп әкелінген деген сауалға да жауап берілген жоқ. Нұх пайғамбардың жергілікті Йашқар немесе Жылаған ата деген параллель есімінің болуына қарай және де Қазығұрт, Йашқар сөздерінің лингвистикалық талдауы мен «Суфистік оңтүстік қазақы кешенінің» ежелгі мұсылмандыққа дейінгі астарына қарап «топан судың жергілікті, ислам аңызынан өзгеше ежелгі нұсқасы осы Қазығұрт жеріне қатысты болған» деген пікір айтылады [79, 36б.].

Белгілі ағылшын ғалымы Дж. Фрезер «Фольклор в Ветхом завете» деген кітабында топан су туралы эпсананың түбірі Библия – Тәураттан тараған деген пікірге келіспейтіндігін айтады: «... Жер шарының түрлі түкпірлеріне тараған эпсаналарды бір ғана «тәңірлік» версиядан шығару мүмкін емес. Кейінгі кездерде топан су турасындағы библиялық эпсана ешқандай да түпнұсқа еместігі дәлелденіп отыр. Тәурат эпсанасы өзінен әлдеқашан бұрын шыққан Вавилон аңызынан көшірме екеніне бұл күнде мамандар шүбә келтірмейді» [99, 52 б.].

Қазақ фольклортанушы ғалым Р.Бердібайдың «Аңыздан тәуратқа» деген еңбегінде ағылшын ғалымы Дж.Фрезердің монографиясындағы дүниежүзілік топан суға байланысты пікірлеріне шолу жасаған.

Р.Бердібайдың пікірінше, дүниені түгел қаптаған топан су болған емес, эпсаналардағы кейбір оқиғалар діни кітаптардан тарағанымен, негізінен жер-жердегі эпсаналардың көбі әрбір өңірдің өз туындысы дегенге саяды дейді [95, 28 б.].

Қазығұрт тауына байланысты қазақ елі аузындағы аңыз-эпсаналарды монотеистік діндерден (ислам, христиан) бұрынғы прототиптік нұсқалардан тарауы да мүмкін, ал енді мұсылмандық (кұрандық) нұсқасының қазақ нұсқалары болғанымен, бұл аңыз-эпсаналарды сол өлкені мекендеген халықтың төл туындысы деуге әбден лайық. Дегенмен, Қазығұрт тауына қатысты аңыздар мен эпсаналардың мына бір ерекшеліктері бірден көзге түседі: халық арасында кең тарағаны; ғасырлар бойы сақталғаны (фольклорлық жанр үлгісінде); діни нұсқаларынан бөтен төрт түлік пірлері туралы нұсқалары болуы; аңыздарға байланысты топонимдердің (микротопонимдердің) Қазығұрт тауында табылуы (орналасуы, локальдануы); осы аңыздарға байланысты сенім-нанымдарының жалпы және жергілікті халықта жоғалмағандығы (киелі тауға, қасиетті орындарға зиярат ету, мал сою, ырым-жоралғыларды жасау т.б.).

Жоғарыда сөз етілген Қазығұрт тауына байланысты аңыздар мен эпсаналар *діни-мифологиялық топонимикалық аңыз-эпсаналарға* жататын болса, Қазығұрт аймағындағы бірқатар аңыз-эпсаналар *тарихи – топонимикалық және жалпы топонимикалық аңыздар* болып келеді.

Тарихи-топонимикалық аңыздар негізінде қалмақ, жоңғар басқыншылығымен байланысты болып келеді. Осы аңыздар сюжетінде белгілі бір жерде қалмақтармен немесе басқа жаулармен соғысқан батырлар жөнінде баяндалады – жер атауы сол батырлар есімімен немесе ерліктерімен байланысты туындайды. Қазығұрт өңіріндегі сондай тарихи-топонимикалық аңыздардың бірі – «Қосмола» аңызы.

Қосмола – шың, Қаржан қыраттарының ең биік шоқысы. Батыс Тянь-Шань тауларының Талас Алатауы деп аталатын бөлігінің Қаржан қыраттары деген ресми географиялық атауымен аталатын тұсы түгелімен Қазығұрт өңіріне қарайды. Осы таудың ең биік шыңы – *Қосмола*. Ол алыстан қарағанда тау басындағы бір-біріне жапсарлас орналасқан қос моланы елестетеді.

Шың атауының шығуына байланысты бірнеше аңыздар бар. Соның бірі жазушы Қ.Тұрсынқұловтың «Анды-Қарақыз» повестінде баяндалған. Бұл нұсқа бойынша, сонау көне заманда қазақ пен қырғыз жауларымен бірге алысып, бірге шабысқан екен. Осындай бір аласапыранда қазақ-қырғыз тобынан екі-ақ батыр тірі қалыпты. Сонда қазақ батыры етектегі еліне жау қолы жетпесін деп, Тәңірден өзін тасқа айналдырып, жауға бөгет болуды жалбарынып сұрапты.

Осыны есіткен қырғыз батыры қолын досының иығына салып, «мені де тасқа айналдыр» деген екен. Осылайша екі батыр тасқа айналып, жау жолын бөгеген екен. Жаулар да тасқа айналған. Алыстан қарағанда қос мола секілді көрініп тұрған шың осы иықтасқан екі батырдың бейнесі дейді.

Ал қазіргі Алтынтөбе ауылы тұрғындарының баяндауы жоғарыда келтірілген аңыздан өзгешелеу болып келеді.

Көнеден келе жатқан аңыздарға қарағанда, қазақтың Қаражан, Сарыжан деген батырлары, олардың қарындастары осы жерлерді мекендесе керек. Үй алдындағы үлкен төбеге батырлар өз елінде болғанда ту ілініп тұрады екен. Олардың туы төбеде желбіреп тұрғанда ешқандай жау батып келе алмайды.

Күндердің күнінде батырлардың жолаушылап кеткенін пайдаланып, жау елді шабады, малын айдап, әйел, бала-шағаларын тұтқындап әкетуге айналғанда батырлар келіп қалады. Жау бәрін тастай қашады, батырлар қуа жөнеледі. Бірақ жаудың күші басым болып, жау қолынан мерт болады.

Халқы екі батырды екі таудың басына жерлейді. Қос батырдың құрметіне тау аты «Қосмола» атанған.

«Қосмола» аңызының бірінші нұсқасы Қ.Тәжиевтің әдеби өңдеуінде былай берілген: «...Ел шетіне жау тиді» деген хабарды есіткенде, бүкіл Қазығұрт аймағындағы білегінің қаруы бар деген жігіттер атқа түгел қонған. Олар төбесі көрінбесе де дақпыры жер жарып келе жатқан жауды елдің жайлауына жеткізбей, жолын қырықпақ болды. Айқайлап ұран салғанда, атқа қонбайтын қазақ жоғы белгілі. Келе жатқан жаудың кім екенінде, қанша екенінде жұмысы болып жатқан ешкім жоқ, әйтеуір, жабыла атқа қонып жатыр. Атқа қонған жігіттердің аяғына оралғы боп, етектерінен тартып жатқан ешкім жоқ. Қайта ауылда қалып бара жатқан қарт ана мен көздері жәудіреген келіншектер аттанғандарға ақ тілеу тілеп, қаруларын асындырып жүр. Осылайша, тып-тыныш жатқан қалың ел әп-сәтте азан-қазан болды да кетті.

Еміс-еміс жеткен хабарға қарағанда, құмырсқадай қаптап келе жатқан жау алдымен қырғыз елін шауыпты. Қатар жатқан қазақ ауылдарының ер азаматтары қонсыларына қол ұшын беру мақсатымен атқа қонған. Бірақ саны басым жаудың қолын бөгеуге олардың қауқары келмеді. Енді міне, жау қолы ел ішіне тереңдеп келеді, алдында кездескен ауылдарды түгел жайпай бермек. Бұл аймақтағы қазақтың қалың қолының көтерілгені сол себепті.

Ежелден қаңлылардың атамекені атанған Өгем, Шыршық, Келес өзендерінің бойымен Қаржан, Шымған тау қыраттарының жапсарларына қоныстанған ел жаудың жолын бөгеп, қатты қайсарлық көрсетуде. Дегенмен, қару ұстаған қазақтардың саны күннен-күнге сиреп барады.

Қазақтарға білек түйістіре шайқасып жүрген қырғыздардың да қатары селдіреп қалған. Ана баста-ақ екі елдің ақсақалдары мен атқа қонған азаматтары ауылдағы бала-шаға мен қатын-қалаш жау атының тұяғының астында қалмасын деп, қалың елді тау бөктерінен ылдиға қарай көшірген. Кейін қарай жылысқан қырғыз ауылдары болса, Өгем өзенінің сағасын бойлап барып, Шымғанның етек жағына келіп орналасқан. Жаумен алысып жатқандардың негізгі үміті, арқа сүйер тірегі Сырдың бойын жайлаған қалың қазақ жұрты болатын. Бірақ жері қандай кең болса, көшіп-қонуы да сонша мол қазақ ауылдары бұл кезде тау бауыры мен өзен бойындағы шүйгін жерлерді қуалап, бүкіл далада ыдырай көшіп жүрген еді. Сондықтан көмек дер кезінде келіп жете алмады. Алғашқыда ауыл-ауыл болып, жинақы көшкен ел енді тоз-тоз болуға айналды. Қаржан тауының асу берер маңындағы бір жазықтықта қазақ пен қырғыздың азайып қалған қолы әлі де жауға қарсылық көрсетіп жатқан. Олар жауды жеңеміз деген үміттің бұл күндері сағымға айналғанын жақсы сезді, бірақ көшкен ел етекке жетіп, одан ары Сыр бойын жағалап, біраз ұзап кеткенше осы асуды бермеуді мақсат тұтты. Өздері опат болса да елдің аман қалуын, бала-шағаның кең даладан барып баспана табуын ойлады. Сондықтан жара-жарақатына қарамай қашан көкіректен жаны шыққанша қаруын жұмсап, жаумен алыса берді. Бірақ бұл батырлар да қанша қайсар болғанымен, ет пен сүйектен жаралған адам емес пе, күннен-күнге саны азайып, өлі денелері төбе-төбе боп үйіліп, асуды бөгеп қала берді. Солай және бір таң бозарып атқанда, асуда екі-ақ адам қалған еді. Оның бірі – қазақ, бірі – қырғыз. Арайлап атып келе жатқан таңға қарап тұрып, қазақ батыры үн қатты:

– Арайлап атқан таң, саған жалынамын! Жаратқан тәңірім, саған жалбарынамын. Тек, мен дұшпанның қылышы басымды кесер деп өкінбеймін, өлімнен қорықпаймын. Менің өкінішім, менің қайғым – батысқа қарай көшіп бара жатқан елім. Солар ұзап кете алмады. Қандыбалақ жаудың қылышы солардың мойнына түседі ме деп қорқамын, соған өкінемін. Сондықтан және жалбарынамын: – Денемді жау таптап өткенше, мені тасқа айналдыр. Бөгет жаса, мына қанішерлер жолына менің денеммен.

Бұл сөздерді есіткен қырғыз батыры орнынан қарғып тұрып, қазақтың қасына келді. Қолын соның иығына салып тұрып:

– Мен де осыны тіледім тәңірден! – деді.

– Дененді ширақ ұста онда! – деді қазақ.

Қол ұстасқан қос батырдың денелері құрысып, бірте-бірте тасқа айналып бара жатты. Олар қанша қиналса да тіс жарып, үн шығарған жоқ. Сол тік күйі тасқа айналды. Содан соң асуда қирап жатқан қазақ пен қырғыздардың өлі денелері түгел тасқа айнала бастады. Ал жау

сарбаздарының денелері сол күйінде іріп-шіріп қала берді. Осылай әпсәтте бүкіл асу тас мүсінге айналды да кетті. Қазақ пен қырғыз батырдың денесі осы тау қыраттарындағы ең биік шоқыға айналды. Алыстан қарағанда олар таудың ең биік жеріне қатар жерленген қос батырдың моласы сияқты болып көрініп тұрады. Неше күннен бергі шайқастың куәсі болып жатқан мына асудың көз алдарында адам түгілі аң өте алмайтын жартасты биік қамалға айналғанын көргенде жау қолы үрейі ұшып, кейін қарай қашты...

Содан бері тасқа айналған екі батыр жатқан жер «Қосмола» шоқысы атаныпты» [92, 69-71 бб.].

Қосмола тауына (шоқысына) байланысты Қ.Тәжиев көркемдік түрінде өңдеген нұсқасын әдейі толығымен беріп отырмыз. Егер Қазығұрт өңірінің ауызша тарихында (халықтық топонимикалық аңызды біз өңірдің ауызша [хатқа түспеген, жазылмаған] тарихын баяндайтын бір құрал [мәтін, нұсқа] деп есептейміз) өз орны бар, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрінде мирас етіліп ауысып тұрған аңыз деп есептейтін болсақ, Қ.Тәжиевтің аңыздық нұсқасы өңделген, яғни көркемделінген (әдебиленген), яғни бұрын халық арасында ауызекі түрінде тараған аңыздық мәтіннің бір варианты деп санауымызға болады.

Халықтық тарихи-топонимикалық аңызда көркемдеуіштік тәсілдер жоқтың қасы, топонимикалық аңыздың өлке тарихын баяндауда басқа мақсаттары мен міндеттері бар. Осы аңыздардағы әңгімелер жалпы өткен ғасырлардағы ел тағдырын, жер тағдырын сөз етеді. Топонимикалық атаудың шығу төркінін өлке, ел тарихымен байланыстырады – басты мақсат осында. Топонимикалық аңыздың көркемдік сипаты мүлдем есепке алынбайды деп айтуымызға болады. Ал өңделген (әдебиленген) аңыздың, Қ.Тәжиевтің нұсқасынан көріп отырғанымыздай, көркемдік сапасына едәуір көңіл бөлінген. Дегенмен топонимикалық аңыздың халықтық және авторлық нұсқалары үлкен этнотанымдық, өлке танымдық мәнге ие, сонымен бірге тыңдарманды отансүйгіштікке баулиды.

Қ.Тәжиевтің аңыздар жинағында «Қақпақ туралы аңыз» әдебиленген топонимикалық аңыз нұсқаларының бірі болып келеді. Әдеби өңдеуге ұшыраған топонимикалық аңыздардың прототиптік бастапқы халықтық (әдеби өңдеуден өтпеген) нұсқасы болатыны анық. Міне, сондай халықтық нұсқаларының бірі ретінде «Қақпағым – құт мекенім» атты Қақпақ ауылының тарихы қысқаша ықшамдалған кітапшада берілген «Қақпақ» атауы жөніндегі аңыздарды мысал ретінде келтіруге болады. Бір ескеретін жай, бұл кітапшадағы аңыздар халықтық топонимикалық аңыздың сипаттарын сақтай отырған сонымен бірге тарихи-дерекнамалық сипаттары айтарлықтай мол аңыздық әңгімелер деп айтуымызға болады. Қақпақ атау хақындағы аңыздарда нақты тарихи деректер (әсіресе ауыл

адамдары жайында) ұшырасады, уақыт өте осы нақты тарихи дерекнамалар ұмытылуы мүмкін, сондықтан көптеген халықтық топонимикалық аңыздарда тек аңыздық астары сақталып, тарихи деректер жалпылама түрінде беріледі.

Жергілікті топонимикалық аңыздардың тарихи деректік мәліметтері сақталған үлгілерінің нұсқалары төмендегідей («Қақпағым – құт мекенім» жинақтан алынған): «Қақпақ» атауы туралы дүниеден озған және көзі тірі қариялар арасында айтылатын екі түрлі нұсқа бар.

Бірінші: Қақпақтағы «Базарбай бұлақ» деген жердің тұсында «Қақпақ тас» деген тас бар. Ол жерге қамауда 10 мыңға дейін қара мал ұстауға болады. Осы Қақпақ тасқа байланысты еліміз Қақпақ аталып кеткен екен дейді көнекөз қариялардың бірқатары кейінірек сол жердің маңында бір нар құлап өлген екен, сондықтан ол жер Нарқұлаған деп аталып кеткен де, жалпы ауылдың атауы Қақпақ болып қала берген.

Екінші нұсқа: Бұдан 287 жыл бұрын 1723 жылы көктемде жоңғар қалмақтары бұрыннан жауласып жүрген қазақ еліне қапылыста соғыс ашып, тарихта «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сулама» деген атпен белгілі болған қырғынға ұшыратты. Қорлық-зомбылық көрген қазақ елі ес жиып, күш біріктіре бастады. Жоңғар қалмақтарының қолы Қақпақ ауылына жақындағанда, елдің үлкен-кішісі бірігіп, жауға тойтарыс беру жолдарын ойластырады. Жас-кәрі демей, барлық тас домалатуға шамасы келетін адамдарды Заңғар тауының басына топтап тас үйгізіп қарсылық көрсетуге әзірленеді. Жақсы қаруланған 60-70 қарулы азаматтар қалмақтарға шабуыл жасап кейіннен олардан қорқып қашқан болып, Заңғар тауының ішіне кіруге әуестендіреді. Ол жердің өзі қақпаға ұқсас, қақпаққа ұқсас тарлау қуыс болатын. Жан-жағындағы таулардан биіктігі 600-700 метрдей. Қалмақтардың негізгі әскері қуысқа кіріп болды-ау деген шамада, төбеде үюлі тұрған тастарды бірден домалатып жіберіп, жаудың көп адамын қырғынға ұшыратады. Сол себепті бұл ара Қақпақ аталып кеткен деп көнекөз қарияларымыз – Мыңжасардың Тұрғынбайы, Ыбырайымның Нәдірбегі, Әлімсақтың Ережебі, Жамаудың Бижаны сияқты ақсақалдар айтып отырады екен.

Қақпақ ауылын ертеректе сырттан келгендер «Молда Қақпақ» деп айтатын болған. Осылай деп аталуының себептері жөнінде екі түрлі пікірлер, аңызға ұқсас әңгімелер айтылады.

Біріншісі: Қақпақта ерте замандардан бері оқыған сауаты мол азаматтар, молда, имам болған, Меккеге барып Қажы атанған, мешіттер салдырып, олардың жанында балаларды оқытқан көзі ашық білімдар адамдар көп еді. Оған мысал ретінде Қақпақтың негізгі мекендеушілері қаңлылардың арасынан Мекке-Мәдинаға қажылыққа барып келген ел арасында «Арық әжі», «Семіз әжі» деп аталып кеткен Жетібайұлы

Нұрымбет, Кенжебайұлы Нұрымбет, Малдыбекұлы Тәжі, екі рет қажылыққа барып «Қажы ата» атанған Қияқбайұлы Сералы қажы деген бабаларымызды айта аламыз.

«Семіз әжі» деп аталған Нұрымбет бабамыз, шынында да, семіз кісі болған. Ал «Арық әжі» деген Нұрымбет бабамыз арық кісі болған. Ол кісі 1902 жылдары шамасында қажылыққа барып келгеннен соң туылған баласының атын Әжібай деп қойған. Байжігітұлы Балқыбек молданың, Жұманұлы Оспан кәлпенің, Темірбайұлы Әшет молданың атақ-даңқтары елден-елге жайылған. Олар жылан, қаракұрт, шаян шаққан адамдарды оқып айықтырып отырған. Асан бабамыздан тараған ұрпақтардың барлығы дерлік «кәлпе» атағын алған. Айнакұл кәлпе, Орай кәлпе, Анарбай кәлпелер сол кісінің ұрпақтары. Дертке шалдығып, денсаулығы болмай қалғанда Орай кәлпе мен Анарбай кәлпеден шипа тапқан адамдардың көзі тірі ұрпақтары Қазығұрт, Сарыағаш, Бостандық аудандарында осы кезде де баршылық. Қақпақтағы орталық мешітте имам болған Өскенбайұлы Дәуітәлі молда өзі мешіт салдырып, имам болған. Тұрлыбек молда өзі мешіт салдырып әрі молдалық етті, ол кісіден соң сол мешітте Дәулетбекұлы Иембай үлкен молда болды. Шойбекұлы Сейітбек, Әйтбек, Оспан, Тазабек және Тұрлыбекұлы Сармырза да атағы шыққан ірі молдалар еді. Мұсылманша өте сауатты көп адамдардың сауатын ашқан Тасекеұлы Ештай молданы, Жамалбекұлы Бижан бабаны ерекше атауға болады. Бұл кісілердің аттарымен «Ештайтөбе», «Ештайқыстауы», «Бижан сарайы», тағы басқа жерлер осы күнге дейін аталып келеді. Кейінгі кезде Қызылтаң ауылындағы мешіт «Тұрғынбай мешіті» деп аталды. Осы Ботақараұлы Тұрғынбай молда мұсылманша сауатты, қарапайым, жайдары, көңілді жүретін кәрие еді. Ауылдың мешітінде имам болып, өмірінің соңына дейін істеді. Қақпақтағы бағыстар ішінен Медет молда Тассайда және Араншыда мешіт имамы болып істеген. Ертеректе осы Қақпақтың жоғары жағының өзінде жеті мешіт болған екен. Қодарбай салдырған орталық мешіт, Төрткүл төбедегі мешіт, Майлыбай мешіті, Тұрлыбек молда мешіті, Орай кәлпе мешіті, Базарбай бұлақтағы мешіт. Соңғы мешітке Бұрхан қожа деген кісі имам болып әрі балаларды оқытқан. Әлдей, Ермекбай, Сатынбай, Айтқұл, Әлтей, Жұман, Оспан, Сейтқұл т.б. осы мешітте тәп-тәуір білім алып, елдің әжетіне жарайтын дәрежеге жетті. Байбағыс- Қожай, Бұжай, Әбіт ұрпақтары Қотанбұлақтағы «Үш қызылда» мешіт салдырды. Сонда Ташкентте оқып келген Әбділлә балалардың сауатын ашты (1910-1912 жж. шамасы). Қақпақ ауылында жоғарыдағыдай мешіттердің көп болуы, қажылыққа барғандардың, молдалар мен имамдардың, жалпы ескіше сауатты адамдардың көп болуы, елдің балаларын оқытуы – мұсылманшылыққа, адамгершілікке, ынтымақ-бірлікке тәрбиелеуге әсер етпей қалған жоқ. Тәрбиелі елде бұзақылық,

ұрлық-қарлық өте аз болатын еді. Сондықтан да елімізді «Молда Қақпақ» атап кеткен [102, 4-6 бб.].

Аңыздың екінші нұсқасы бойынша, «Молда Қақпақ» атануын 1910-1912 жж. шамасында атақты Мәулен би Қақпаққа Сыр бойындағы өңкей би-болыстарды, датқаларды шақырып, екі-үш күн қонақ еткен екен. Екі жақтың да өнерлі азаматтары қатысқан отырыста, ән айтылып, күй тартылып, ақындар айтысы болған. «Қақпақ адамдары сол отырыста шешендігімен, білімдарлығымен, молдалығымен, өнерімен қонақтарды әбден риза еткен. Сыйлы қонақтар кетерлерінде: «Пәлі, нағыз молда Қақпақ екенсіңдер-ау» –деп қатты таңданса керек. Осыған байланысты да ауылымыз «Молда Қақпақ» аталып кеткен көрінеді», – деген аңыздың екінші нұсқасы «Қақпағым – құт мекенім» атты кітапшада келтірілген.

Қазығұрт феномені: Қазығұрт – прецеденттік топоним

Қазақтың ұлттық мәдени кеңістігінде белгілі бір рухани құндылықтар *прецеденттік феномендер* арқылы да беріледі. Прецеденттік феномендерге: *прецеденттік есімдер, прецеденттік жағдаяттар, прецеденттік мәтіндер, прецеденттік айтылымдар* жатады [103, 17 б.].

Прецеденттік жалқы есімдерді Д.Б. Гудков, В.В. Красных, Е.Л.Березович, Г.Б. Мадиева, Қ.Қ. Рысберген т.б. ғалымдар зерттеген. А.В.Красных прецеденттік феномендерге мыналарды жатқызады:

1) ұлттық-лингвомәдени қауым өкілдерінің барлығына жақсы таныс, яғни тұлғадан жоғары тұратын сипаттағы феномендік ұғымдарды (түсініктерді);

2) когнитивтік (танымдық және эмоционалдық тұрғыдан) өзекті болып табылатын құрылымдарды (бірліктерді);

3) қандай да бір ұлттық лингвомәдени қауым өкілінің тілінде үнемі қайталанып, жаңғырып отыратын қаратпа үндеу сөздерді [104, 170 б.].

Зерттеуші Қ.Қ.Рысбергеннің мәлімдеуінше: «Ұлтымыздың сандаған ғасырлар бойы қалыптасқан этномәдени, тілдік кеңістігінде ерекше орын алатын прецеденттік ономастикалық атаулар. Мысалы, топонимдер: *Жерұйық, Қазығұрт, Жетісу, Сарыарқа, Көкше, Отырар, Түркістан* т.б. антропонимдер (эпостық, мифологиялық, фольклорлық, т.б.): *Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Қыз Жібек – Төлеген, Қожанасыр, Асан қайғы*, әдеби (Мырқымбай) т.б. Осы қатардағы қазақ ономастикасының өзге топтарына қатысты әрі қарай жалғастыра беруге болады» [105, 49 б.].

«Қазақ ономастикасында прецеденттік есімдер: топонимдермен қатар анротопонимдер және өзге онимдік топтағы атаулар әлі күнге арнайы зерттеу нысаны бола қойған жоқ», – дей келе Қ.Қ. Рысберген өзінің диссертациялық еңбегінде *Түркістан, Ақ Еділ, Қаратау, Ұлытау* сынды

казак топонимдерін прецеденттік географиялық есімдерге жатқызып, оларды *прецеденттік мәтін, прецеденттік жағдаяттар, прецеденттік айтылымдар* аясында қарастырады: «Мысалы, тек **Түркістан** атауын алсақ, ол топонимдік концепт ретінде де ұлттық прецеденттік ономастиканың өзегінен орын алады.

Түркістанда түмен бап, – деп басталатын танымал прецеденттік мәтін құрамында, сондай-ақ, Мағжан Жұмабаевтың төмендегі поэтикалық жолдарында:

*Түрік кіндігі – Түркістан
Түркістан –
Ертеде Түркістанды Тұран дескен
Тұранда Ер Түрігім туып-өскен;
Түркістан – екі дүние есігі зой,
Түркістан – Ер Түріктің бесігі зой,
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңір берген несібесі зой!
Меккеміз біздің – Түркістан [105, 58 б.].*

Қаратау прецеденттік топонимді Қ.Қ.Рысберген *прецеденттік жағдаят* аясында (тұрғысынан) қарастырып талдайды: «Прецеденттік жағдаятқа ақиқат өмірде бір кезде шынымен орын алған ұлттық лингвомәдени қауымдастық түсінігінде инвариант түрінде қалыптасқан «идеалды» жағдай арқау болады. Олардың прецеденттілік мәртебеге ие болуы үшін түрлі дискурстарда, мәтіндерде т.б. жиі қайталанып тұруы шарт. Мысалы, **Қазақтың мұңы – Қаратау...** Қазақ халқының басынан өткен 1723 ж. зұлмат ұлттық когнитивтік базада берік орныққандығы белгілі. Сондай-ақ ол тарихи оқиға зар мен шерге толы:

*Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді...*

прецеденттік мәтіні арқылы өзектеледі. Жеке авторлық мәтінде мұндай прецеденттік жағдай интертекстуалдық сипатқа ие болып, ассоциация арқылы өзге ұқсас жағдаятқа қатысты қолданылады, мысалы:

*Еске түсті «шұбырынды ақ табан»,
Отыз екінші жылдар ел-жұрт қақсаған» [105, 59 б.].*

Міне, Қ.Рысберген **Түркістан** мен **Қаратау** прецеденттік топонимдерді прецеденттік мәтін мен прецеденттік жағдаятқа қатысты талдағандай, *Қазығұрт* прецеденттік атауын да талдауға болады.

Көріп отырғанымыздай, прецеденттік топоним прецеденттік жағдаятпен байланысты, яғни прецеденттік географиялық атаудың лингвокогнитивтік (концепттік) мазмұны прецеденттік жағдаятқа қатысты. Прецеденттік жағдаят, әдетте, бүкіл этномәдени қауымға таныс, белгілі тарихи оқиға немесе этнотарихи (этноәлеуметтік) жағдай, ахуал.

Прецеденттік жағдаятқа қатысты ұғымдар, түсініктер, танымдар (коннотациялар) сол прецеденттік топониммен аталған нысанмен (топообъектпен) байланысады, яғни прецеденттік топонимнің когнитивтік құрылымына енеді. Прецеденттік жағдаятсыз прецеденттік топоним де жоқ, пайда бола алмайды. Қ.Рысбергеннің мысалынан көріп отырғанымыздай, *Түркістан* прецеденттік топониміне арқау болған прецеденттік жағдаят Түркістанның түркі елінің қасиетті, киелі орыны – қаласы болуы. Түркістанның киелі болуына кешенді діни-элеуметтік, тарихи жағдайлар себеп болды. Прецеденттік жағдаят ол себептерді түсіндірмейді, тек факт – прецеденттік ахуалды көрсетеді.

Прецеденттік жағдаят (ахуал) үнемі түрлі дискурстарда, мәтіндерде, прецеденттік айтылымдарда қайталанып тұрады. Түркістанға (прецеденттік топонимге) қатысты дискурстық қайталамаларды Қ.Қ. Рысберген «Түркістанда түмен бап» дейтін прецеденттік мәтін арқылы және М.Жұмабаевтың Түркістанға арналған поэтикалық жолдары арқылы береді.

Прецеденттік жағдаяттың ерекшелігі, жалпы сипаты «Русское культурное пространство: Лингвокультурологический словарь» деген еңбекте мынандай анықтамада аталған: «*Прецедентная ситуация – некая «эталонная», «идеальная» ситуация, связанная с набором определенных коннотаций, дифференциальные признаки которой входят в когнитивную базу; означающим прецедентной ситуации могут быть прецедентное высказывание или прецедентное имя»* [103, 52 б.].

Қазығұрт феноменін анықтау және сипаттау үшін осы прецеденттік феноменге қатысты прецеденттік жағдаяттарды (ахуалды), прецеденттік мәтіндерді, бар болса прецеденттік айтылымдарды (тұрақты сөз тіркестері) түгендеп, сұрыптап алуымыз керек. Прецеденттік феноменнің басты ерекшелігі мен сипаты мынадай болып келеді: «Прецеденттік феномен – ұлттық-лингвомәдени кешен тұтынушылардың барлығына етене таныс, олар оның бар екендігінен хабардар және оны қабылдаудың жалпылама, ұлттық детерминденген, ықшамдалған инварианты болып табылады» [104, 170 б.]. В.Красных прецеденттік феноменнің басты айырымдық сипаты ретінде оның: 1) мәдениет эталонының рөлін орындауы; 2) сығымдалған метафора ретінде қызмет етуі; 3) қандай да бір феномен, жағдаяттың символы болу қабілетін атайды [104, 170 б.].

Қазығұрт феноменінің қазақ лингвомәдени қауымына етене таныс ықшамдалған инварианты – «Қазығұрт – киелі, қасиетті тау». Қазығұрт феноменін қазақ рухани мәдениетінің эталондарының бірі деп қабылдауымызға да болады. Қазығұртты киеліліктің, қасиеттіліктің (әулиеліктің) бір метафорасы ретінде де түсінуімізге болады. Басқа сөзбен айтқанда, Қазығұрт қазақ үшін киеліліктің бірегей бір символы.

Қазығұрт тауы феномендік сипатқа, яғни қасиетті, киелі деген сипатқа қай дәуірлерде ие болды деген сауалға біржақты жауап беруге болмайды. Қазақ халқының қазіргі (бүгінгі таңдағы) этно (дүние) танымдық түсініктері бойынша, Қазығұрт тауының киелілігі тау басында Нұхтың кемесі тоқтағандығымен байланыстырылады:

Қазығұрттың басында кеме қалған,

Ол әулие болмаса неге қалған...

Әрине, топан су Нұх кемесімен байланыстырылған осындай түсініктер мен ұғымдар талай ғасыр бұрын қалыптасқаны белгілі. Бірақ осы мұсылмандық астары бар аңыздық түсініктерден де бұрын Қазығұрт тауының феномендік (киелілік) сипаты болған деп жорамалдауымызға болады. Солай топшылауымызға бірнеше дәлел бар.

Әлем халықтарының бәрінде деп айтуымызға болады, өте, көне ежелгі замандардан бері келе жатқан «ғаламдық тау» мифологиясы бар. «Ғаламдық тау» мифологиясы монотеистік діндерден (христиан, ислам) әлдеқайда бұрын қалыптасқан.

Ежелгі мифологиялық «ғаламдық тау» ұғымының аясы кең, яғни «...осы ұғым нақты бір түсінікпен шектеліп қалмайды.

«Ғаламдық тау» ұғымы мынадай түрлерге бөлінеді:

– Ғаламдық тау – бүкіл ғаламның телімесі, іле-тәріздемесі (ассоциация-сы).

– Ғаламдық тау – ғаламды қоршап жатқан тау жотасы.

– Ғаламдық тау – ғалам кіндігінде орналасқан тау.

– Ғаламдық тау – ғалам өзегі (өсі)» [81, 495 б.].

С.Қондыбайдың жорамалдауынша: «Бүкіл ғалам – тау (шеңбер), оның ортасында, кіндігінде, қойнауында протокосмос (тіршілік тумағы), космос тумағы, яғни «нүкте» бар» келтірімді, бастапқы архетипті, мәселен, зороастризм абыздары мен дей-түркі абыздары екі түрлі бағытта дамытты.

Зороастризм абыздары бұл архетипті (қоршаған тау ортасындағы аңғар немесе үңгір) кеңейтіп, бүкіл ғаламды қоршап жатқан «ғалами (космостық) таулар» деген ұғымға айналдырса, дей түркі абыздары, керісінше, оны кішірейтіп, «баба жер құрсағы немесе аңғарына» айналдырды. Сөйтіп бір архетип базасында, бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі түсінік қалыптасты» [81, 496 б.].

Осы келтірімдерге карағанда, дейтүркілік (пра – прототүркі) замандарында Қазығұрт тауы «ғаламдық тау» ретіндегі «баба жер құрсағы» түсінігін берген деп топшылауымызға болады. Тау ортасындағы, яғни шыңындағы үңгір (және де таудағы басқа үңгірлер) «тіршілік тумағы» ретінде қастерленген. Бұл үңгірлер Қазығұртта күні бүгінге дейін бар. Ілкі замандардағы тау үңгірі культінің сарқыншақтары кейінгі замандарда да байқалады. Мәселен, тегі бір түркі халықтарына ортақ,

Қорқыт бабаның замандасы Салор Қазанға арнап шығарған сарын жырында:

Қазығұрт тауындағы үңгір тасты
Салор Қазан барып көркейтті.

Онда ата-бабасына садақа таратты... – деген жолдар бар.

Қазығұрттың басындағы киелі үңгірге қарасты белгілі бір ырым-жоралғылар, ритуалдар болған болуы мүмкін. «Қорқыт Ата кітабынан» келтірілген жоғарыдағы мәліметтер сол ойымызды деректеп растайды. «Ұлы баба жер құрсағы» мифтік танымға Қазығұрт тауының етегінде *Ата тас*, *Ана тас* және бастарын қосып тұрған *Жастық тас* атты киелі культтік орындар (тастар) орналасқан. *Ата тас* пен *Ана тас* ортасындағы *Тесіктастан* өту – Адамның пайда болуы, яғни дүниеге келуін суреттейтін ежелгі мифтік ритуал еместігіне кім кепіл!

«Ғаламдық тау», «ғаламдық таудың киелі шыңы», таудағы үңгір «баба құрсағы» арқылы адам баласы Аспанмен және Тәңірмен байланыса алады, яғни жасампаздық акт (адамның жаратылуы, өсуі, өркендеуі) осы Ғаламдық өзектің (өсінің) тұрпаттары нақтыланған табиғи нысандары арқылы өткеріледі. Осындай мифтік танымдар мен түсініктердің негізінде, арқауында таудың

«киелілігі», «қасиеттілігі» пайда болады.

«Киелі тау» мифтік архетиптің көріністері сақ, үйсін замандарында да орын алған. Олай болса, сақ, үйсін дәуірлерінде де Қазығұрт «Киелі тау» түсінігінде белгілі болған.

Археолог ғалымдардың пайымдауынша: «Сакские и усуньские святилища являлись, в представлении их устроителей, вместе с культовыми предметами и прежде всего со светильниками, поддерживающими огонь, своеобразными каналами космической связи людей с верховными божествами, обитавшими на вершинах гор, соединявшихся с верхним миром. И правы исследователи, которые подчеркивают, что сама окружающая природа и ландшафт Семиречья с белоснежными вершинами «золотых гор мира», реалии жизни, детерминирующие кочевание из степи к подножию гор и их вершинам, от зимовые к летовкам, способствовали сложению мифологических традиций, представлявших Вселенную в виде грандиозной горы или камня» [106, 168 б.].

«Қасиетті тау», «Қасиетті тау шыңы», «Әулие тау», «Ғаламдық тау», сынды түсініктер дей-түркілік, сақ-үйсін және одан кейінгі көктүрік (көне түркі); ортағасырлық, Қазақ хандықтары тұсындағы, тіпті кешегі мен бүгінгі заман-тарихи кезеңдерінде де жоғалған жоқ. Мыңжылдықтар мен ғасырлар бойы сақталған осы мифтік түсініктердің астарында ежелгі ортақ архетиптер, ғаламды танудағы бастапқы мифологиялық ғалам моделі

жатыр.

Осы тұрғыдан алғанда, *Қазығұрттың* және көктүркілік *Өтүкен* атты қасиетті таудың арасында типологиялық ұқсастықтар мен параллельдерді табуға болады. Осындай сәйкестіктер дей-түркілік, көне-түркілік, ортағасырлық және қазақ замандарында жалғасын тапқан, сабақтаса ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отырған бүкіл түрік (қазақ) қауымдастықтарына орта архетиптік мифтік ұғымдардың өміршеңдігімен түсіндіріледі.

Өтүкен – тау аты, түркілердің қасиетті атамекені, отаны, *Өтүкен: Ыдуқ-Қанғ* (Ыдуқ – «қасиетті, киелі», қанғ – «кеңістік») – «Қасиетті кеңістік» (тау) маңынасын білдіреді.

Өтүкен феномені мифтік-танымдық тұрғыдан реконструкциялаған. С.Қондыбай осы киелі тауға қатысты мынадай мифтік келтірімдерді ұсынады: «Өтүкен – бастапқы отты тумак (протокосмос).

Өтүкен – ғаламның бастапқы күйі.

Өтүкен – адамзат кеңістігі (ғалам моделі): орта дүние және жер ортасы, кіндігі, координаттар тоғысы.

Өтүкен – жер ана, Ұлы Құдай ана, құрсақ.

Өтүкен – өлілер дүниесі, о дүние, төменгі дүние. Мифтік – эпос мен шежіреде:

Өтүкен – ата-баба елі.

Өтүкен – арғы ата-бабалар ұрпағы. Батырлар ұрпағы.

Өтүкен – аңыздық, квазитарихи ел, жер атауы» [107, 513 б.].

Жоғарыда көрсетілген Өтүкен мифологиясына қатысты ұғымдар мен түсініктердің басым көпшілігін Қазығұрт мифологиясына да телуге болады. Бірақ Қазығұртқа қатысты осындай мифтік келтірімдердің біразы мыңжылдықтар мен ұзақ ғасырлар өтінде не ұмыт болған немесе солардың тек сарқыншақтары мен жұрнақтары ғана қалған.

Аңыздық сарын бойынша, Өтүкеннен көне түркілер (көктүркілер) өрбіп шыққан: Өтүкен – түркілердің қасиетті атамекені, отаны, басқа сөзбен айтсақ, «Жер анасы» «баба құрсағы». Осы мифтік келтірім (түсінік, ұғым) аңыздық нұсқада былай тарқатылады: «Жаугершілік заманда, бір қанды шайқастан соң аяқ-қолы шабылған бір бала батпақта қалады. Оны бір қаншық қасқыр тауып алып, асырап өсіріпті. Бірақ артынан жаулар жігітті тауып алып өлтіреді, ал сол жігіттен жүкті болған қаншық қасқыр жаудан аман-есен құтылып, Алтай тауына (Гаочан-Турфанның терістігіне) қашып барып үңгірге тығылады. Сол үңгірде қасқыр он баланы дүниеге келтіреді, он бала өсіп-өніп, ұрпақ көбейтеді, он баланың ішінен «Ашина» дегені сол жаңа қауымның көсемі болады. Ал оның ұрпағы – Асянь-шад халықты үңгірден шығарып, олар «Көктүрік» деген атпен Алтайға таралыпты» [107, 512 б.].

Осы аңыздың мифологиялық астарын С.Қондыбай былай түсіндіреді:

«Бұл үңгір тарихи-географиялық нысан емес, ежелгі мифтегі «атамекен», «космос» пен «протокосмос», яғни алдыңғы әңгімелерде айтылғандардың нақты түріктік мысалдарының бірі.

Үңгір – «Өтүкен» ежелгі түркітер мифологиясындағы протокосмос (ғаламның бастапқы, жөргектегі күйі), космос (әлдебір жұрттың, адамзаттың жаудан, хаостан қорғалған «өз» кеңістігі), эпостық «атажұрт», мифтік «о дүниедегі ел» дегенді білдіретін көпқабатты ұғымның белгілі бір тарихи оқиға мен белгілі бір тарихи әулеттің қажеттілігіне орай жанартылған мифтік кеңістік моделі» [107, 512 б.].

Ал Қазығұртпен байланысатын «бастапқы протокосмос», «атажұрт», «Жер ана», «баба құрсағы» мифтік келтірімдерде елдің (этностың) пайда болуы-тууы аңыздық сарында тарқатылмайды, жоғарыдағы мифтік ұғымдар «бірінші (алғашқы) адаммен байланысады. Өтүкен түркітердің «баба құрсағы», «протокосмосы» – атамекені болса, Қазығұрт – алғашқы адамның (пайғамбардың) «баба құрсағы», «протокосмосы», яғни белгілі бір ел емес, бүкіл адамзат алғашқы адамның (пайғамбардың) ұрпағы ретінде осы киелі таудан тарайды.

Қазығұрттың феномені, яғни киелілігі, қасиеттілігі алғашқы адаммен (*Ману*) және алғашқы адамның басқа бір тұрпаты – пайғамбармен (*Нұх*) байланысты болып келеді. Осы мифтік таным «топан су» сюжетіне қатысты баяндалады.

С.Қондыбай мен А.Балқыбектің болжауынша, Қазығұрт пен топан су мифінің бастапқы нұсқасы үндіарийлік «алғашқы адам» Манумен байланысты. А.Балқыбектің пікірінше, Қазығұрт өте көне замандарда «Манкур» деп аталған (Бирунидің XI ғ. жазбаларында бұл топоним кездеседі), ал сол атауға жақын Қазығұртта *Мансары* және *Мансары әулие* деген топонимдер сақталған. Сонда Манкур «Ман тауы» дегенге саяды дейді А.Балқыбек [98].

Ману – үндіарийлік мифтеріндегі алғашқы адамның (первочеловек) есімі. Манудың топан суға қатысты мифінде мынадай оқиға баян етіледі: «Бір күні Ману ғұрыптық мақсатта қолын жуып отырғанда қолына кішкентай балық ілінеді. Балық Манудан өзін бағып-қағуын өтініп, сол үшін болар шақта болатын топан судан құтқаруға уәде етеді. Кішкене балық өсе келе алып балыққа айналғанда Ману оны теңізге жіберіп, балықтың ақылымен кеме жасайды. Біраздан кейін топан басталады да, Ману өзінің кемесінің арқанын әлгі балықтың «мүйізіне» байлайды, әлгі балық оның кемесін су бетіне қалқып тұрған солтүстік тауға сүйреп әкеледі. Енді біраз уақыттан соң су қайтып, өзімен бірге барлық тірі пенде атаулыны да ала кетеді. Ману жер бетінде жалғыз өзі қалады. Ол суға май мен ірімшік тастап, тәңірлерге құрбандық береді, сол садақасынан Ила (*Ида*) есімді қыз шығады. Ила Манудың әйелі болып, екеуінен туған ұрпақ

топан судан кейінгі адамзатты қалыптастырады. Сондықтан да бүгінгі адамзат атаулы «Манудың ұрпағы» деп аталады, бұл санскрит тілінде «Мануджа» немесе «Манушья» (сөзбе-сөз: «Манудан туған») деп жазылады» [108, 106 б.].

Ал енді үндірандық (арийлік) Мануды дейтүркілік Қазығұртпен байланыстыруға бола ма? – деген сауалға С.Қондыбай болжалға негізделген мынадай жауап береді: «Үндірандықтардың Қазақстан жеріне келе бастауы мен олардың Орта Азия арқылы Үндістанға өту уақыты ретінде дәл дерек жоқ болғандықтан, б.з.д. XVI-XX ғасырлар аралығы ұсынылады. «Ману» есімінің бүкіл үндіевропалық мифте кездеспегеніне қарағанда, оның образының қалыптасу ортасын кеңейтіріңкіреп алғанда, үндірандық орта, тар шеңберде алғанда – арийлік (үндіарийлік) орта деп алуға болады. Яғни Ману мен топан су туралы, Манудың бірінші адамдығы туралы миф үндірандықтар қазақ жеріне келгесін, біздің ойымызша, жергілікті дейтүркілік ортаның ықпалымен пайда болған сияқты. Яғни Ману бейнесінің жасы – б.з.д. 2 мың жылдық. Міне, осыған байланысты қазақ жеріндегі «топан су» оқиғасымен байланыстырылған киелі координат – Қазығұрт тауына арнайы тоқталып өтудің қажеттілігі туындайды. Өйткені Қазығұрт тауы үндіарийлердің Еділден Үндістанға дейінгі ықтимал маршрутының бойында жатыр және үнділік Ману «топан су» – сюжетінің қалыптасуы да үндіарийлердің Қазақстанда тұрған шағына тұспа-тұс келеді. Сондай-ақ осы тұста үнділік Ману мен түркілік Манас (пен Ману) есімдерінің ұштасуы әбден мүмкін» [108, 260-261 бб.].

С.Қондыбайдың гипотезасы бойынша, інжілдік, христиандық, мұсылмандық және шумерлік топан су аңыздарының түпнұсқасы біреу-ақ, ол – гиперборейлік топан су аңызы. Гиперборейлік топан су аңызының бір версиясы дейтүркітер фольклоры арқылы б.з.д. 5-3 мыңжылдықтарда Қазығұрт жеріне жеткен, ал б.з.д. 2 мың жылдықта Қазығұрт өңіріне ене бастаған үндіарийліктер (үндірандықтар) ортасында дейтүркілік топан су аңызы өңдеуден өткен, нәтижесінде Манулық нұсқа қалыптасқан. Бұл – С.Қондыбайдың болжамы.

Қалай болғанда да, мұсылмандық «Нұх және топан су» аңызының Қазығұрт тауына қатысы кездейсоқ емес – жоқ жерде ештеңе бірден пайда бола қоймайды. Қазығұрт тауы топан судың гиперборейлік түпнұсқасында да, сол негізгі аңыздық версияның дейтүркілік версиясында да, соңғысынан өңделген үндірандық Ману нұсқасында да, мұсылмандық дәуірдегі «Нұх, топан су және Қазығұрт» аңызы версиясында да киелі, қасиетті тау болып саналған. Бұл феноменнің пайда болуы, қалыптасуы және орнығуы 6-7 мыңжылдықтарды қамтиды деп болжалды түрде айтуымызға болады. Қазығұрт феноменінің 6-7 мыңжылдықтай тарихы,

әрине, адам таңқаларлықтай орасан ұзақ мерзімді қамтып отыр. Феноменнің тұрақтылығын қамтамасыз ететін талай дәуірлер өтсе де, рухани негізін, рухани ортаны жоғалттырмайтын сансыз ұрпақтар сабақтастығы орын алған. Ұрпақтар сабақтастығына арқау мен негіз болатын тек биологиялық (генетикалық) түрде көрінетін табиғи заңдылық емес, сонымен бірге ұрпақтардың рухани жалғастығын қамтамасыз етіп, мәңгі өлмейтін халық рухы. Сол Қазығұрт тауын, өңірін мекендеген халықтың рухы Қазығұрттың киелілігін, қасиеттілігін мыңжылдықтар бойы сақтай білді, бізге мирас етіп тапсырды.

Қазығұрт сынды рухани феномендер ұлттық мәдени кеңістігіндегі *когнитивтік база* құрылымына (кешеніне) міндетті түрде енеді және де сол ұлттық санадағы рухани феномендер жиынтығының белгілі бір репрезентенті ретінде танылады. Орыс ғалымы В.Красных *когнитивтік база, ұжымдық когнитивтік кеңістік, жеке когнитивтік кеңістік* деп аталатын ғылыми терминологиялық ұғымдарға төмендегідей анықтама береді:

Когнитивтік база – қандай да бір ұлттық-лингвомәдени қауымдастық өкілі мен мәдени менталитет иелерінің барлығына бірдей тән, санасында нақты бір ретпен құрылымдалған, міндетті түрде болатын білімдер мен ұлттық деп терминденген және ықшамдалған түсініктер жиынтығы; **ұжымдық когнитивтік кеңістік** – қандай да бір қауымдастыққа кіретін тұлғалардың барлығына қажетті және тән болатын белгілі бір ретпен құрылымдалған білім – түсініктер жиынтығы;

Жеке когнитивтік кеңістік – кез келген тілдік тұлғаға, сол тілде сөйлей алатын адамға тән бір тәртіппен реттелген білімдер мен түсініктер жиынтығы [104, 61 б.].

Қазығұрт өңірінде бірнеше мыңжылдықтар бойы ретімен ауысып келген түрлі лингвомәдени қауымдастықтарындағы когнитивтік база, ұжымдық когнитивтік кеңістік және жеке когнитивтік кеңістіктерінде тұрақты түрде Қазығұрт рухани феномені жалғасын тауып, күні бүгінге дейін сақталған.

Қазіргі заманда Қазығұрт феномені жоғарыда аталған когнитивтік кеңістік түрлерінде прецеденттік топоним – *Қазығұрт* атауы және прецеденттік мәтіндер арқылы өз көріністерін беруде. Прецеденттік феноменнің орнықты және тұрақты түрде қызмет етуі үшін, прецеденттік топоним мен прецеденттік мәтіндер үнемі қайталанып жаңғырып тұруы қажет.

Осындай процестерді Қазығұрт феноменіне қатысты байқауымызға болады және бұл үрдістер когнитивтік кеңістіктің аталған үш деңгейінде де өтуде (орын алған).

Прециденттік топоним – *Қазығұрт* атауы көптеген кітаптарда және мерзімді баспасөзде жарияланған мақалаларда сан рет қайталаынады. Мысал ретінде солардың біразын келтірейік: С.Бакбергенев, «Қазығұрттың басында кеме қалған», Қ.Тұрсынқұлов, «Қазығұрт: аңыз бен ақиқат», Б.Тасболатқызы, «Киелі тау Қазығұрт», Ә.Байдаулетов, «Басында Қазығұрттың», Т.Өмірзақ, «Қазығұрт – адамзаттың киелі бесігі», Қ.Тәжиев, «Қазығұрт баурайындағы аңыздар», С.Жұмабек, «Қазығұрт перзенті», Қ.Тәжиев, «Қазығұрттың жеті ақыны», А.Ақаев, «Қазақ – Қазығұрт», «Қазығұрт» энциклопедиясы т.б.

Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар: Ш.Мұртазаев, «Қазығұрт – киелі бесік», Ә.Балқыбек, «Қазығұрт, топан су және жебірейі «Інжілі», Н.Мыңбаев, «Қазығұрт басында кеме қалған», С.Жексенбаев, «Қазақ және Қазығұрт», С.Мәмбеталиев, «Киелі Қазығұрттың Қалаубегін әлемге мәшһүр Мұхтар Шаханов мойындады», Ж.Бабалықұлы, «Наурыз Қазығұртта тойланса» т.б.

Қазығұрт феноменін дәріптейтін, мазмұндық сипатта баяндайтын осы жоғарғыда аталған кітаптар мен мақалаларда ұлттық рухани құндылықтар сөз етіледі. Киелілікті ұлықтайтын, туған жердің тау-тасына, топырағына дейін сүйе білетін, атамекенін, баба елін, Отанын қастерлей білетін халықтың ізгі ойлары мен жүрек тебіренісі прециденттік мәтіндерден айқын көрініс тапқан.

Мәселен, Қазығұрттың төл перзенті, жергілікті ақын Әбдіхалық Байдаулетовтің «Басында Қазығұрттың» өлең кітабында Қазығұртқа арналған мынадай жолдар бар:

«Айналайын, Қазығұрт, мекен жерім,
Құшағынан мен қашан кетем дедім,
Әулие тау атағың ел аузында,
Анама ұқсап қолымнан жетеледің.
Аруақты тау, туған жер қолдамаса,
Мақсатқа, жақсылыққа жетер ме едім?
Айналдым, Қазығұртым тұрысыңнан,
Алатаудың айбаты сияқтанған.
Саянда түрлі аңдар мекен етіп,
Олардың да ұрпағы тұяқтанған.
Барлығы көз алдында болғанменен,
Тарихың күннен-күнге жарықтанған
Әулие тау атайды, кеме қалған,
Әулие тау болмаса неге қалған?
Қырық қыздың ар жағында мүсіні тұр,
Басын шайқап таңқалар көрген адам,
Су, жайлау, жеміс, ағаш жетіп жатыр,

Сауыққандай мәуесін жеген адам.
Тесік тастан қысылып жай өткенмен,
Әулие тас қысар деп белең алғам.
Ең биік деген жерде бұлағың бар,
Барған адам, аң, құстар көрек алған.
Ауру, аруақ күткендер түнейді екен,
Дегендей кереметтен көмек алған.
Көз алдыңда көрініп тұрғаннан соң,
Не десе де лақапқа сенер адам.
Ар-намысты, өрлікті иілмейтін,
Айналайын, Қазығұрт, сенен алғам» [109, 62-63 бб.].

Қазығұрттық ақын және халық емшісі Бибіфатима Тасболатқызы атамекені, киелі тау Қазығұртқа мына өлең жолдарын арнайды:

Қазығұрт елім,
Киелі жерім,
Қасиетті ұлы мекенім.
Барыңды қиып,
Нұрыңды құйып,
Сездірдің ненің не екенін.
Бір сені сүйіп,
Басымды иіп,
Қадірлеп сыйлап өтемін.
Өзіңдей асыл,
Баулары жасыл,
Өлкеге тағзым етемін.

«Киелі тау Қазығұрт» атты келесі өлеңінде:

Қазығұрттың етегінде дүниеге келгенмін
Ән мен жырдан жаратылған әсем гүлін тергенмін.
Киелі таудың суын ішіп, бауырына бас қойып,
Ұлы таудың шыңына иіліп сәлем бергенмін.

Киелі тау мәңгі сізге иіп өтем басымды,
Өткізген өз басыңыздан неше жылды, ғасырды.
Өзіңізден жәрдем сұрап, жақсы тілек тілесем,
Күнен-күнге жайлап менің сезім зердем ашылды [110,6-7 бб.].

Қазығұрт топонимінің «Қазығұрт – киелі тау» ықшамдалған прецеденттік мәтінін бүкіл қазақ лингвомәдени қауымына танымал прецеденттік мәтін дейтін болсақ (инвариант), Ә.Байдаулетов пен Б.Тасболатқызының Қазығұрт феноменіне қатысты өлең жолдарын сол

инварианттың авторлық варианттары деп қарастыруымызға болады. Қазіргі қазақ лингвомәдени қауымның әр өкілінің жеке когнитивтік кеңістігінде, ал дәлірек айтсақ, жеке ономастиконында (топонимиконында) Қазығұрт рухани феномені және соған қатысты «Қазығұрт» прецеденттік топонимі орын алған. Әрине, прецеденттік феноменнің тілдік репрезентенттері болып келетін ықшамдалған прецеденттік мәтіндер де (мысалы, «Қазығұрт – киелі тау», «Қазығұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған...» т.б.) ұлттық тілдік тұлғасының когнитивтік кеңістігінде және жеке ономастиконында да орны бар десек қателеспейміз. Басқаша айтқанда, ұлттық тілдік тұлғаның аялық білімінде (фоновые знания) *Қазығұрт* сынды прецеденттік феномендер, мәтіндер, есімдер, айтылымдар өз көріністерін береді.

Халқымыз ежелден Қазығұртты киелі тау деп санаған. Дүниежүзіне даңқы шыққан ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби «Сенгір алмаған Қазығұрт, сені кім алады?» деп жазған екен. Сол Қазығұрттың әрбір тасы киелі саналады. Ал діни – мистикалық наным-сенімде ұлттың рухани күші болғандығы белгілі» [111].

Қазығұрт рухани феноменінің мәдени-философиялық, тарихи-танымдық, дүниетанымдық, діни және аксиологиялық әулеттері өте жоғары, сол себептен ұлттық санада, қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихында ойып алар өз орны бар. Қазақ этносының ұлт болып сақталып қалуындағы алғышарттардың бірі осындай бірегей феномендерінің, прецеденттік топонимдерінің халықтың тарихи-мезгілдік континуумда үздіксіз, сансыз ұрпақтар өрісінде тіршілік етуінде, өміршеңдігінде, сабақтастығын үзбеуінде.

2 бөлім бойынша тұжырым

Аймақтық топонимия менталды-танымдық тұрғыдан дүниетанымның белгілі бір түрлеріне негізделген және соларды тілдік-когнитивтік түрде көрсететін *этнотанымдық топонимиялық қабаттардан* құралады. Қазығұрт өңірі топонимиясында *мифтік (мифологиялық) этнотанымдық, тарихи топонимиялық* стратиграфиялық лингвоменталды қабаттар бар.

Арғықазақ (пратүркілік) мифо-танымдық қабатта «тас», «ағаш», «үңгір» мифологиясына қатысты наным-сенімдер орын алған. Арғықазақ мифологиялық танымдық топонимиялық қабаттан кейін қалыптасқан *ислам дінімен байланысты этнотанымдық топонимиялық қабатта* сопылар, діни қайраткерлер, мұсылман әулиелері және олардың есімдеріне қатысты этнотанымдық мәліметтер жинақталған.

Тарихи топонимиялық стратиграфиялық лингвоменталды қабат

Қазығұрт өңірінен шыққан батырлар есімдері мен ерліктеріне байланысты қалыптасқан.

Қазығұрт өңірінің жер, су, тау-тас, мекен, әулие орындары аттарына байланысты айтылатын аңыздар мен әпсаналардың үлкен этнотанымдық мәні бар, себебі аталған өлкенің тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, наным-сенімдерінен мағлұматтар береді. Сонымен бірге аймақтық топонимдеріне қатысты баяндалатын аңыз-әпсаналар сол шектеулі аймақтың топонимиялық ғалам бейнесін құруда, қалыптастыруда және сипаттауда үлкен рөл атқарады.

Қазығұрт аймақтық топонимиясындағы этнодүниетанымдық сипаты бар географиялық атаулардың бір бөлігі ислам дінімен (мұсылмандық мифологиямен) байланысты болып келеді. Осындай типтегі мифологиялық топонимдер мен микротопонимдердің пайда болуы, әрине, Оңтүстік өңірінде ислам дінінің орнығуымен байланысты деп айта аламыз.

Қазығұрт өңірі топонимиясына қатысты топонимикалық аңыздар мен әпсаналарды шартты түрде *тарихи-топонимикалық*, *жалпы топонимикалық*, *мифологиялық (діни-әлеуметтік)* аңыздар мен әпсаналар деп бөлуімізге болады. *Тарихи-топонимикалық аңыздар* белгілі бір немесе жалпы тарихи оқиғаларға, тұлғаларға қатысты мекендік әңгімелер. *Жалпы топонимикалық аңыздарда* пәлендей тарихи оқиғаларға (немесе дәуірге, кезеңге) қатысы жоқ, бірақ жергілікті халықтың түсінігіне сай келетін шындыққа жақын оқиғаларға құрылған әңгімелер баяндалады. *Мифологиялық (діни-әлеуметтік) топонимикалық аңыздар мен әпсаналарда* ежелдегі мифтік ұғымдар мен түсініктер, ертедегі діни көзқарастар орын алған.

Этнос танымын айғақтайтын топонимдер мен аңыздар белгілі бір стратиграфиялық танымдық қабаттарды құрайды. Қазығұрт аймағындағы топонимдердің стратиграфиялық танымдық қабаттарының бастауы арғы (прото-) қазақ мифологиясынан орын алады, демек, бұл өте көне (ежелгі) қабатта қазақтардың арғы бабаларының мифтік нанымдары, сенімдерінің қарабайырланған жұрнақтары сақталған. Осы қабатты деректейтін топонимдер және олармен (топонимдермен) аталған географиялық табиғи нысандар күні бүгінге дейін киелі, қасиетті саналады, алайда оларға қатысты ежелгі наным-сенімдердің сарқыншақтары ғана байқалады.

Қазақ халқының аксиологиялық рухани құндылықтарының бірі – ел батырларын қастерлеу; елін, жерін қорғаған елі, жері үшін жанын қиған батырлар есімдерін жер-су аттарында мәңгі етіп қазақ халқы «топонимиялық жадында» сақтай білген.

Қазығұрт өңірінің жер, су, тау-тас, мекен, әулие орындары аттарына байланысты айтылатын аңыздар мен әпсаналардың үлкен этнотанымдық

(дүниетанымдық) мәні бар, сол өлкенің тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрыптарынан мағлұматтар береді. Осыған қарағанда, топонимдер мен топонимиялық аңыздар белгілі бір өңірдің (аймақтық) топономиялық ғалам бейнесін құруда, қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Қазақтың ұлттық мәдени кеңістігінде белгілі бір рухани құндылықтар *прецеденттік феномендер* арқылы да беріледі. Прецеденттік феномендерге: *прецеденттік есімдер, прецеденттік жағдаяттар, прецеденттік мәтіндер, прецеденттік айтылымдар* жатады.

Қазығұрт феноменінің қазақ лингвомәдени қауымына етене таныс ықшамдалған инварианты – «Қазығұрт – киелі, қасиетті, әулие тау». Қазығұрт феномені – қазақ рухани мәдениетіндегі эталондарының бірі, киеліліктің (әулиеліктің) метафорасы және символы. Қазығұрт өңірінде бірнеше мыңжылдықтар бойы ретімен ауысып келген түрлі лингвомәдени қауымдастықтарындағы когнитивтік база, ұжымдық когнитивтік кеңістік және жеке когнитивтік кеңістіктерінде тұрақты түрде Қазығұрт рухани феномені және прецеденттік топонимі жалғасын тауып, күні бүгінге дейін сақталған. Прецеденттік феноменнің орнықты және тұрақты түрде қызмет етуі үшін, прецеденттік топоним мен прецеденттік мәтіндер үнемі қайталанып жаңғырып тұруы қажет.

Қазығұрт рухани феноменінің мәдени-философиялық, тарихи-танымдық, дүниетанымдық, діни, идеологиялық және аксиологиялық әулеттері өте жоғары, сол себептен ұлттық санада, қазақ халқының рухани мәдениеті мен тарихында қайталанбас өз орны бар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Белгілі бір өңірдің (өлкенің, аймақтың) топонимдер кешенін аймақтық (регионалды) топонимиялық жүйе ретінде қарастыруымыз қажет, себебі сол жүйені құрайтын географиялық атаулар өзара және тақырыптық топтар ретінде бір-бірімен диалектикалық жүйелі байланыста қалыптасқан. Аймақтық топонимияның жүйелік құрылымына негіз және алғышарттар болатын факторларға: физика-географиялық және этномәдени факторлар жатқызылады.

